Если в 2003 г. благодаря государственной поддержке выходило лишь 11 национальных газет, 44 телестудии вещали на 12 национальных языках и 18 радиостанций на 7 национальных языках (Курганская, 2003: 36), то в 2012 г. газеты и журналы выпускались на 15 языках, радиопередачи на 8, телепередачи на 11, государство поддерживает деятельность 23 республиканских и региональных этнических газет, радио- и телепрограмм (Этносы Казахстана, 2013: 37, 45). Причем, многие этносы сохраняют высокий уровень национальных ориентаций в культуре и языковой сфере, понимая тесную связь культурной и этнической идентичностей. По данным этносоциологического опроса, проводившегося в 2002 г. с охватом более 1000 респондентов в разных регионах Казахстана, только 6,8% респондентов считали не обязательными книги, газеты и журнала на родном языке, 9,2% – радио- и телепередачи (Курганская, 2003: 36, 38).

Что касается газет, то на республиканском уровне издаются 12 газет: русские «Былина», «Казачий курьер», «Огни Алатау», корейская «Коре ильбо», курдская «Жийна курд», немецкая «Deutsche allgemeine zeitung», узбекские «Адабиётвасанъат», «Сайрам садоси» и «Жанубий козоғистон», уйгурские «Уйғуравази» и «Жаркент өңірі», турецкая «Ahiska» (<https://assembly.kz/ru/media-centr/smi-etnokulturnykh-obedineniy/>). В регионах также выходят в свет национальные газеты, например, «Айдын жол» Каракалпакского ЭКЦ в г. Мангыстау, Украинский ЭКЦ «Ватра» является учредителем газеты «Українські новини» («Украинские новости»), которая издавалась с 1994 г. в Алматы, а с 2000 г. Астане (ныне г. Нур-Султан) (Ватра, 2014: <https://e-history.kz/ru/news/show/6187/>), без государственной поддержки выпускается в столице газета на татарском языке «Яшьлек», в Алматы газета для китайских мигрантов «Хуацяо Казахстана» и др. (Этносы Казахстана, 2013: 229, 287).

В деле пропаганды культуры этносов Казахстана и сохранения их историко-культурного наследия созданы этнографические музеи под открытым небом. В 2010 г. в Восточно-Казахстанской области (г. Усть-Каменогорск) этнодеревня с усадьбами 11 этносов области, в которых воссоздан этнографический быт, интерьер и утварь XIX столетия. Другой формой является инициатива общины удмуртов по открытию курсов по обучению прикладному искусству: вышивке, ковровому ткачеству, деревообработке, в том числе плетению и тиснению по бересте (Этносы Казахстана, 2013: 143, 315).

Заключение. Таким образом, в суверенном Казахстане проводилась целенаправленная государственная политика по формированию единого казахстанского народа, единой казахстанской идентичности. Национальная политика Республики Казахстан, направленная на укрепление межконфессионального и межэтнического согласия как основы национальной безопасности, помимо названной интегрирующей задачи строительства казахстанской нации на основе общегражданской идентичности, стремится сохранить языковой и культурный плюрализм при интенсивной межэтнической коммуникации. Поиск компромиссов и соблюдение баланса интересов различных этносов ставились во главу угла при выработке научных концептуальных основ национальной политики в молодом независимом государстве.

Государственная политика развития казахского языка, миграционные и демографические процессы привели к утверждению общей тенденции в области системы образования на постепенное увеличение числа учащихся с казахским языком обучения. Представители крупных этносов Казахстана также имеют возможность получать среднее образование на родных языках, но лишены этой возможности в отношении среднего специального и преимущественно высшего образования. Необходимо обратить внимание на то, что нарастает процесс сокращения национальных школ, вызывающий недовольство среди многих этносов.

Что касается этноязыковых процессов, то здесь наблюдалось формирование биязычного социально-коммуникативного пространства с преобладанием казахского и русского языков. Планомерная реализация государственной языковой политики, активное внедрение его в делопроизводство и государственную службу, имела результатом повышения показателей владения казахским языком, ставшим функционально востребованным среди всех этносов Казахстана. Однако наличие противоречий в языковой сфере, национально-языковой неудовлетворенности со стороны некоренных этносов остается главным конфликтогенным фактором в республике.

Государственная забота о развитии казахского языка, практически вытесненного в бытность Советского Союза из многих сфер общественного пользования, привела к ограничению прав этнических меньшинств на доступ к СМИ, вещающими на их родных языках. В области СМИ с русским языком начал конкурировать казахский язык, имеющий весомый политический ресурс. Малая часть этнических меньшинств имела свои национальные газеты и передачи на радио и телевидении, именно поэтому большую роль в сохранении их культурной идентичности играли Ассамблея народа Казахстана и региональные и национальные культурные центры.

Анализ развития языков и культур представителей основных этносов Казахстана позволяет выработать некоторые рекомендации по этнополитике в данной сфере:

- необходимо внедрить инновационные методики преподавания казахского языка, повысить качество учебно-методического обеспечения, квалификацию кадрового состава, выработать систему мотивации к его овладению со стороны всех этносов.

- необходимо повсеместно внедрить государственную поддержку деятельности воскресных национальных школ;

- открыть школы-лицеи с углубленным изучением национальных языков;

- расширить государственное финансирование газет и телеканалов на языках этносов Казахстана;

- учредить проведение в качестве государственного праздника Дня этнической культуры, когда каждый год отмечался бы какой-либо значимый этнический традиционный праздник (к примеру, татар и башкир – сабантуй, корейцев – день благодарения «Чусок» и пр.), не привязывая его к определенной дате, поскольку у разных народов эти праздники носят сезонный характер;

- отреставрировать памятники истории и культуры, связанные с культурой этносов Казахстана;

- наладить межгосударственное сотрудничество по сохранению языков и культур этнических диаспор в Казахстане.

**Исследование выполнено в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (ИРН OR11465477 «Разработка краткой истории Казахстана для иностранной аудитории»).*

Information about the authors:

A.T. Abdulina – Candidate of Historical Sciences, acting Deputy Director for Public Relations, Head of the Department of Ethnology and Anthropology, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty. E-mail: abd_aksunkar@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8556-3432>.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ И ИСТОЧНИКОВ:

Абдуалиев Н. В Таразе закрывается единственная узбекская школа. – 2018. – 25 января. – URL: <https://ec-sport.kz/?p=9585> (дата обращения: 30.06.2022).

Асылбеков М.Х. Демографическое развитие Республики Казахстан в условиях суверенитета / М.Х. Асылбеков, В.В. Козина, МОН РК, НАН РК, Ин-т истории и этнологии им. Ч. Валиханова. – Алматы: Оркениет, 2001. – 112 с.

Ватра родной очаг украинской культуры. – 2014. – 1 мая. – URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/6187/> (дата обращения: 30.06.2022).

Государственным языком сегодня владеет почти 70% населения страны. 2007. 17 февраля. – URL: ru.government.kz/site/news/2007/02/71 – ukimet.kz (дата обращения: 30.06.2022).

Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года: аналитический отчет. Т. 1. Статист.сб./ Под ред. А.А. Смаилова. – Астана, 2011. – 65 с.

Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности. – Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2011. – 422 с.

Казахстан и казахстанцы: Мониторинг общественного мнения 1 квартала 2002 года (январь-март) / Под общ.ред. Б. Бектурганова: Ассоциация социологов и политологов. – Алматы, 2002. – 69 с.

Казахстанский путь - 2050: коллективная монография в 2-х т. / Под ред. Ж.Д. Кусмангалиевой. Т. 2. Становление и развитие государства в зеркале казахстанской социологии в 2001–2015 гг. – Астана, Институт Евразийской интеграции, 2016. – 302 с.

Калымов А. Разговорные клубы казахского языка открылись в Алматинской области // Казахстанская правда. – 2021. – 4 ноября.

Карабаев Ш.К. Социокультурные основы устойчивого развития гражданского общества в Казахстане. – Алматы: Экономика, 2014. – 544 с.

Конкаль М. Сохранение родного языка в контексте проблемы малочисленных и исчезающих тюркских языков Казахстана // *Turkic Studies Journal*. Т. 4. – 2022. № 1. – С. 47–57.

Коновалов А.П. Развитие национальной ситуации и этносоциальных общественных объединений в Восточном регионе Казахстана (системные социологические исследования) / Общественное объединение «Русский соц.-культ.центр, Центр соц.мониторинга и прогнозирования СГУ им. Шакарима. – Семей, 2007. – 75 с.

Курганская В.Д. Мониторинг прав этнических меньшинств в Казахстане: Научно-исследовательский отчет / В.Д. Курганская, В.Ю. Дунаев, К.К. Айтхожин; Центр гуманитарных исследований. – Алматы: ЦГИ, 2003. – 100 с.

Малинин Г.В. Казахское общество и социальное прогнозирование: социологическое измерение / Г.В. Малинин, В.Ю. Дунаев, С.Е. Нурмуратов; МОН РК, Ин-т философии и политологии. – Алматы, 2001. – 186 с.

Министерство связи и информации РК опубликовало аналитическую справку о состоянии отрасли СМИ за 2011 год // Сайт неправительственной организации «Интерьюс Казахстан». – URL: <http://www.internews.kz/newssitem/20-01-2012/17371> (дата обращения: 30.06.2022).

Национальный доклад о системе образования Казахстана (по итогам 2020 года). – Нур-Султан: Министерство образования и науки Республики Казахстан, АО «Информационно-аналитический центр», 2021. – 310 с.

Национальный состав, вероисповедание и владение языками в Республике Казахстан. Итоги национальной переписи населения 2009 года в Республике Казахстан.: Статист.сб. / Под ред. А. Смаилова. – Астана, 2010. – 297 с.

Нурбай Р. Развитие и достижения отечественных СМИ. – URL: https://www.inform.kz/kz/razvitie-i-dostizheniya-otechestvennyh-smi_a3948648/amp (дата обращения: 30.06.2022).

Нурғалиева Ж.К. Конструирование этнической и гражданской идентичности в национализирующем государстве на примере Республики Казахстан: Автореф. дис....канд.соц.н. (22.00.04). – Санкт-Петербург: Гос.ун-т, 2012. – 28 с.

Страновой базовый отчет Казахстана ОЭСР: обзор политики по улучшению эффективности использования ресурсов в школах (обзор образовательных ресурсов) / АО «Информационно-аналитический центр МОН РК. – Астана, 2014. – 266 с.

Численность населения Республики Казахстан по отдельным этносам на начало 2021 года. Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан. 2021. – URL: <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT414397> (дата обращения: 30.06.2022).

Шокаманов, Ю.К. Тенденции человеческого развития в Казахстане. – Алматы: Агенство РК по статистике, 2001. – 348 с.

Этносы Алматы. История происхождения этносов Алматы. Иллюстрированная фотокнига. – Алматы: ЖШС «Тау Кайнар», 2015. – 254 с.

- Этносы Атырау. Иллюстрированная фотокнига. – Алматы: ЖШС «Тау Кайнар», 2015. – 256 с.
- Этносы Казахстана. Посвящена формированию и развитию народа Казахстана: Фотоальбом. – Алматы: ЖШС «Тау Кайнар», 2013. – 319 с.

REFERENCES:

- Abdualiev N. V Taraze zakryvaetsya edinstvennaya uzbekskaya shkola [The only Uzbek school closes in Taraz]. – 2018. – 25 yanvarya. – URL: <https://ec-sport.kz/?p=9585> (data obrashcheniya: 30.06.2022) [in Russian].
- Asylbekov M.KH. Demograficheskoe razvitie Respubliki Kazakhstan v usloviyakh suvereniteta [Demographic development of the Republic of Kazakhstan in the conditions of sovereignty] / M.KH. Asylbekov, V.V. Kozina, MON RK, NAN RK, In-t istorii i ehtnologii im. CH. Valikhanova. – Almaty: Orkeniet, 2001. – 112 p. [in Russian].
- Vatra rodnoj ochag ukrainskoj kul'tury [Vatra native center of Ukrainian culture] . – 2014. – 1 maya. – URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/6187/> (data obrashcheniya: 30.06.2022) [in Russian].
- Gosudarstvennym yazykom segodnya vladeet pochtii 70% naseleniya strany [Almost 70% of the country's population speaks the state language today]. 2007. 17 fevralya. – URL: ru.government.kz/site/news/2007/02/71-ukimet.kz (data obrashcheniya: 30.06.2022) [in Russian].
- Itogi Nacional'noj perepisi naseleniya Respubliki Kazakhstan 2009 goda: analiticheskij otchet [Results of the National Population Census of the Republic of Kazakhstan in 2009: analytical report]. T. 1. Statist.sb./ Pod red. A.A. Smailova. – Astana, 2011. – 65 p. [in Russian].
- Kazakhstan v global'nom mire: vyzovy i sokhranenie identichnosti [Kazakhstan in the global world: challenges and preservation of identity]. – Almaty: Institut filosofii i politologii KN MON RK, 2011. – 422 p. [in Russian].
- Kazakhstan i kazakhstancy: Monitoring obshchestvennogo mneniya 1 kvartala 2002 goda (yanvar'-mart) [Kazakhstan and Kazakhstans: Monitoring of public opinion in the 1st quarter of 2002 (January-March)] / Pod obshch.red. B. Bekturganova: Associaciya sociologov i politologov. – Almaty, 2002. – 69 p. [in Russian].
- Kazakhstanskij put' - 2050 [Kazakhstan way - 2050]: kollektivnaya monografiya v 2-kh t. / Pod red. ZH.D. Kusmangalievoy. T. 2. Stanovlenie i razvitie gosudarstva v zerkale kazakhstanskoj sociologii v 2001–2015 gg. – Astana, Institut Evrazijskoj integracii, 2016. – 302 p. [in Russian].
- Kalymov A. Razgovornye kluby kazakhskogo yazyka otkrylis' v Almatinskoj oblasti [Conversational clubs of the Kazakh language opened in the Almaty region] // Kazakhstanskaya pravda. – 2021. – 4 noyabrya [in Russian].
- Karabaev SH.K. Sociokul'turnye osnovy ustojchivogo razvitiya grazhdanskogo obshchestva v Kazakhstane [Sociocultural foundations for the sustainable development of civil society in Kazakhstan]. – Almaty: Ehkonomika, 2014. – 544 p. [in Russian].
- Konkal' M. Sokhranenie rodnogo yazyka v kontekste problemy malochislennykh i ischezayushchikh tyurkskikh yazykov Kazakhstan [Preservation of the native language in the context of the problem of small and disappearing Turkic languages of Kazakhstan] // Turkic Studies Journal. T. 4. – 2022. № 1. – P. 47–57. [in Russian].
- Konovalov A.P. Razvitie nacional'noj situacii i ehtnosocial'nykh obshchestvennykh ob"edinenij v Vostochnom regione Kazakhstan (sistemnye sociologicheskie issledovaniya) [Development of the national situation and ethnosocial public associations in the Eastern region of Kazakhstan (systemic sociological research)] / Obshchestvennoe ob"edinenie «Russkij soc.-kul't.cent, Centr soc.monitoringa i prognozirovaniya SGU im. Shakarima. – Semej, 2007. – 75 p. [in Russian].
- Kurganskaya V.D. Monitoring prav ehtnicheskikh men'shinstv v Kazakhstane: Nauchno-issledovatel'skij otchet [Monitoring the Rights of Ethnic Minorities in Kazakhstan: Research Report] / V.D. Kurganskaya, V.YU. Dunaev, K.K. Ajtkhozhin; Centr gumanitarnykh issledovaniy. – Almaty: CGI, 2003. – 100 p. [in Russian].

Malinin G.V. Kazakhstanskoe obshchestvo i social'noe prognozirovaniye: sociologicheskoe izmerenie [Kazakh Society and Social Forecasting: Sociological Dimension] / G.V. Malinin, V.YU. Dunaev, S.E. Nurmuratov; MON RK, In-t filosofii i politologii. – Almaty, 2001. – 186 p. [in Russian].

Ministerstvo svyazi i informacii RK opublikovalo analiticheskuyu spravku o sostoyanii otrasli SMI za 2011 god [The Ministry of Communications and Information of the Republic of Kazakhstan published an analytical report on the state of the media industry for 2011] // Sajt nepravitel'stvennoj organizacii «Intern'yus KazakhstaN». – URL: <http://www.internews.kz/newsitem/20-01-2012/17371> (data obrashcheniya: 30.06.2022) [in Russian].

Nacional'nyj doklad o sisteme obrazovaniya Kazakhstana (po itogam 2020 goda) [National report on the education system of Kazakhstan (based on the results of 2020)]. – Nur-Sultan: Ministerstvo obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan, AO «Informacionno-analiticheskij centR», 2021. – 310 p. [in Russian].

Nacional'nyj sostav, veroispovedanie i vladenie yazykami v Respublike Kazakhstan. Itogi nacional'noj perepisi naseleniya 2009 goda v Respublike Kazakhstan Statist.sb. [National composition, religion and language skills in the Republic of Kazakhstan. Results of the 2009 national population census in the Republic of Kazakhstan] / Pod red. A. Smailova. – Astana, 2010. – 297 p. [in Russian].

Nurbaj R. Razvitie i dostizheniya otechestvennykh SMI [Development and achievements of domestic media]. – URL: https://www.inform.kz/kz/razvitie-i-dostizheniya-otechestvennykh-smi_a3948648/amp (data obrashcheniya: 30.06.2022) [in Russian].

Nurgalieva ZH.K. Konstruirovaniye ehtnicheskoy i grazhdanskoj identichnosti v nacionaliziruyushchem gosudarstve na primere Respubliki Kazakhstan [Construction of ethnic and civil identity in the nationalizing state on the example of the Republic of Kazakhstan]: Atoref. dis....kand.soc.n. (22.00.04). – Sankt-Peterburg: Gos.un-t, 2012. – 28 p. [in Russian].

Stranovoj bazovyj otchet Kazakhstana OEHSR: obzor politiki po uluchsheniyu ehffektivnosti ispol'zovaniya resursov v shkolakh (obzor obrazovatel'nykh resursov) [OECD Kazakhstan Country Background Report: Policy Review to Improve Resource Efficiency in Schools (Educational Resources Review)] / AO «Informacionno-analiticheskij centr MON RK. – Astana, 2014. – 266 p. [in Russian].

Chislennost' naseleniya Respubliki Kazakhstan po otdel'nym ehtnosam na nachalo 2021 goda. Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj ehkonomiki Respubliki Kazakhstan. 2021 [The population of the Republic of Kazakhstan by individual ethnic groups at the beginning of 2021. Statistics Committee of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan]. – URL: <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT414397> (data obrashcheniya: 30.06.2022) [in Russian].

Shokamanov, YU.K. Tendencii chelovecheskogo razvitiya v Kazakhstane [Human Development Trends in Kazakhstan]. – Almaty: Agenstvo RK po statistike, 2001. – 348 p. [in Russian].

Ehtnosy Almaty. Istoriya proiskhozhdeniya ehtnosov Almaty [Ethnoses of Almaty. The history of the origin of ethnic groups]. Illyustrirovanaaya fotokniga. – Almaty: ZHSHS «Tau KajnaR», 2015. – 254 p. [in Russian].

Ehtnosy Atyrau. Illyustrirovanaaya fotokniga [Ethnoses of Atyrau. Illustrated photobook]. – Almaty: ZHSHS «Tau KajnaR», 2015. – 256 p. [in Russian].

Ehtnosy Kazakhstana. Posvyashchena formirovaniyu i razvitiyu naroda Kazakhstana: Fotoal'bom [Ethnoses of Kazakhstan. Dedicated to the formation and development of the people of Kazakhstan: Photo album]. – Almaty: ZHSHS «Tau KajnaR», 2013. – 319 p. [in Russian].

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_18-31

FTAMP 05.31

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX Ғ. 20-30 ЖЖ.)

А.С. Әділбаева¹ , Т.У. Жақыпова^{2*} 

¹Alikhan Bokeikhan Universiti. Қазақстан, Семей;

²Семей медициналық университеті. Қазақстан, Семей.

*Автор-корреспондент

E-mail: aigulmalika@mail.ru (Әділбаева), tdzhakipova@mail.ru (Жақыпова)

Андатпа. Мақаладағы зерттеу жұмысы 1920-30 жылдары аралығындағы Шығыс Қазақстандағы этнодемографиялық үдерістерді зерттеуге арналған. Зерттеу барысында этнодемографиялық өзгерістердің аспектілері, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы саяси жағдайлар және оның этнодемографияға әсері мен өзгерістері, депортацияланған этностардың саяси тұрмыс жағдайы, өлкедегі этномәдени дамудың барысы мен бағыттары және Қазақстан мәдениетіндегі этностардың орны саралана қарастырылады.

XX ғасырдың 20-30 жылдар саяси оқиғалар мен науқандарға толы. Азаматтық соғыс кезінде олардың жағдайына наразылықтарға қарамастан, салықты елемеу және әскердің есебінен армияда болатын барлық азық-түлікті тәркілеу қосылды. Мақалада демографиялық процестерді зерттеу ерекшеліктері, популяция құрылымы, орналасуы мен маңызы қарастырылады. 1930 жылдардағы саяси өзгерістер Шығыс Қазақстан облысы халқының әлеуметтік-демографиялық дамуына елеулі әсер етті. Жергілікті халық саны азайды, бірақ халық санының өсуі басқа ұлттардың есебінен болды. Кең көлемді мұрағаттық материалдарға сүйене отырып, 1930 жылы Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарына қоныс аударған халықтардың тарихы зерттелген. Зерттеуде 30-шы жылдардағы ашаршылықтың аймақ тұрғындарының демографиялық жағдайына әсері мұрағат құжаттары мен мерзімді басылымдарды, ғылыми зерттеулерді қолдану арқылы. сондай-ақ, демография ғылыми-теориялық мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: Шығыс Қазақстан, саясат, ұйым, ұлт, шекара, халық, аймақ, этнос, жер аудару, көші-қон.

МРТНИ 05.31

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ВОСТОЧНОМ–КАЗАХСТАНЕ В 20-30-е ГОДЫ XX ВЕКА

А.С. Адильбаева¹, Т.У. Джакипова^{2*}

¹Медицинский университет Семей. Казахстан, Семей;

²Alikhan Bokeikhan University. Казахстан, Семей.

*Корреспондирующий автор

E-mail: aigulmalika@mail.ru (Адильбаева), tdzhakipova@mail.ru (Джакипова)

Аннотация. Данная статья посвящена изучению этнодемографических процессов в Восточном Казахстане в 20-30-е годы XX века. В работе анализируются аспекты роста и упадка этнодемографических изменений в исследованиях XX века, политическая ситуация в Казахстане через 20-30 лет и ее влияние и изменения в этнодемографии, состояние политической жизни депортированных этносов, ход и направления этнокультурного развития в регионе и роль этносов в культуре Казахстан.

20-30-е годы XX века полны политических событий и кампаний. Во время Гражданской войны ситуация усугублялась пренебрежением к налогам и конфискацией военными всего продовольствия, доступного для армии, несмотря на протесты. В статье рассматриваются особенности изучения демографических процессов, структуры населения, размещения и значения. Политические изменения 1930-х годов оказали значительное влияние на социально-демографическое развитие населения Восточно-Казахстанской области. Местное население уменьшилось, но рост населения произошел за счет других национальностей. В статье на основе обширных архивных материалов автор знакомит с историей народов, переселившихся в Семипалатинскую и Восточно-Казахстанскую области в 1930 году. Исследования демографического положения населения региона во время голода 1930-х годов были написаны с использованием архивных документов и периодических изданий, научных исследований. Также была проанализирована система понятий демографической науки, рассмотрены ее история и современное состояние, ее связь с социологией, социальной политикой.

Ключевые слова: Восточный Казахстан, политика, организация, нация, граница, население, регион, этнос, депортация, миграция.

IRSTI 05.31

MAIN DEPARTMENTS OF ETHNODEMOGRAPHIC PROCESSES IN EASTERN KAZAKHSTAN REGION FOR 1920-1930s

A.S. Adilbaeva¹, T.U. Dzhakipova^{2*}

¹Alikhan Bokeikhan University, Kazakhstan, Semey;

²Semey Medical University, Kazakhstan, Semey.

*Corresponding-author

E-mail: aigulmalika@mail.ru (Adilbaeva), tdzhakipova@mail.ru, (Dzhakipova)

Abstract. The article is dealing with the study of ethnodemographic processes in East Kazakhstan in the 1920-1930s. The paper analyzes aspects of the growth and decline of ethno-demographic changes in the studies of the twentieth century, the political situation in Kazakhstan in 1920-1930s and its influence and changes in ethno-demography, the state of the political life of the deported ethnic groups, the course and directions of ethno-cultural development in the region and the role of ethnic groups in the culture of Kazakhstan.

The 1920s and 1930s were full of political events and campaigns. During the Civil War, the situation was aggravated by the neglect of taxes and the confiscation by the military of all food available to the army, despite protests. The article discusses the features of the study of demographic processes, population structure, location and significance. The political changes of the 1930s had a significant impact on the socio-demographic development of the population of the East Kazakhstan region. The local population has decreased, but the population growth has occurred at the expense of other nationalities. In the article, based on extensive archival materials, the author introduces the history of the peoples who moved to the Semipalatinsk and East Kazakhstan regions in 1930. Studies of the demographic situation of the population of the region during the famine of the 1930s were written using archival documents and periodicals, scientific research. The system of concepts of demographic science was also analyzed, its history and current state, its connection with sociology and social policy were considered.

Key words: East Kazakhstan, politics, organization, nation, border, population, region, ethnic group, deportation, migration.

Кіріспе. Отандық тарихта теориялық-әдістемелік тұрғыда XX ғасырдың бірінші жартысындағы Шығыс Қазақстанның этнодемографиялық процестеріне қазіргі кезеңде қызығушылық туындауда. Бұл тақырып отандық және шетелдік тарихшылар тарапынан кешенді түрде зерттелуде, бірақ біз жана әдістемелік тұрғыда, жаңаша көзқараспен зерттеуді қолға алдық. Осыған байланысты зерттеу жұмысының мынадай маңызы мен жаңалықтарын атап көрсетеміз:

- XX ғ. басындағы Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві қолданылып және қазіргі ғылыми зерттеулермен жан-жақты салыстырылып анализ жасалмақ, сонымен қатар 1920-1930 ж.ж. әлеуметтік-экономикалық және саяси даму ерекшеліктері нақтыланады және әлеуметтік-этникалық құрамның өзгеру барысы анықталады;

- ұжымдастыру мен индустрияландыру науқандарының аймақтың этнодемографиялық дамуына жаңа әсері талданды, оның тарихи маңызы ашылды, сараланды және бағаланды;

- Шығыс Қазақстан халқының демографиялық жағдайын мұрағаттық құжаттар мен мерзімді басылымдармен құжаттары мен ғылыми зерттеулерді салыстыра отырып ашаршылық кезіндегі демографиялық мәселелер талданды;

- мұрағаттық мәліметтер негізінде Шығыс Қазақстан облысында этникалық топтардың депортациялаудың Шығыс Қазақстан халқының дамуына әсері зерттелген.

Кеңестік жүйе тұсында Қазақстан орын алған түрлі саяси жағдайларға байланысты қоныстандырылған, депортацияланған этностардың есебінен көп ұлтты мемлекеттің біріне айналу үдерісі жүрді. Жалпы қазақ жеріне өзге ұлттардың қоныстандыру барысы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған болатын. Патша үкіметінің саясатымен қоныстандыру үдерісі қолға алынып, 1906-1914 жылдар аралығында 714 мың қоныстанушылар орналастырылған.

Кеңестік жүйенің алғашқы күнінен-ақ өзге ұлттарды қазақ жеріне қоныстандыру үдерісі үлкен қарқынмен жүргізілді. Бұл елдегі демографиялық өсімге тікелей әсер етті. Жалпы Қазақстанға өзге этностардың көшіп келуі саяси жағдайларға байланысты туындады. Индустрияландыру, ұжымдастыру, тәркілеу, колхоздастыру және тағы басқа ішкі саяси науқандар мен халықаралық сыртқы жағдайларға байланысты өзге этностарды орналастыру ұлттық құрамға өзгешеліктер әкелді.

Әсіресе, саяси науқандар, ірі өндіріс орындарын салу тұсында көптеп келгендігін, осының нәтижесінде 1921-1922, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кезеңіндегі адам сандары толыққандығын келтірген болатын. Кеңестік кезеңдегі I және II бесжылдық жоспарларды жүзеге асыру барысында Қазақстан жеріне шет аймақтардан мигранттардың келгені сөзсіз. Олардың басымы Қазақстан жерлерінде; соның ішінде Шығыс Қазақстанда тұрақтап қалды. Қазақстанда кәсіпорындардың салынуы, жұмысшылардың қатарының көбеюі, қала түріндегі поселкелердің қатарын көбейтті. Халық санының жылдан жылға көбеюі поселкелердің ұсақ қалаларға айналуына алып келді. Негізінен өнеркәсіп орындарына Ресей жерінен түрлі ұлт өкілдері жұмысқа тартылған.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдістемелік негізін анықтау кезінде әлеуметтік құбылыстар мен үрдістерді зерттеу үшін бірнеше әдістер қолданылды. Тарих ғылымындағы мәселені зерттеу мұрағаттық құжаттармен қатар, мерзімді басылым материалдары, ғылыми зерттеулер материалдарын салыстыру, саралау арқылы нақты фактілер мен дәлелдерді салыстыруға бағытталды. Сонымен қатар, зерттеуде талдау және жалпылау, тарихи-салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық, теориялық білім, модельдеу және типизациялау сияқты жалпы ғылыми, философиялық, әлеуметтанулық, тарихи зерттеу әдістері қолданылды. Негізінде тақырыптың теориялық негіздері мен зерттеу әдістемесі қарастырылады. Баспасөз материалдары мен мұрағат құжаттары мен зерттеу материалдарын салыстырмалы зерттеу әдісі тарихи оқиғаларды немесе саяси жағдайларды көрсету кезінде кеңінен қолданылды.

Қазақстандағы этнодемография мәселесін ашуда кеңестік жүйе тұсындағы зерттеулерді қарастыру маңызды. Жалпы көші-қон мәселесі А.Н. Алексеенко (Алексеенко А.Н. Население Казахстана. 1920-1990 гг. Алматы: Ғылым, 1993. 126 с.), М.Х. Асылбеков пен А.Б. Галиев (Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 192 с.), Ф.Н. Базанова (Базанова Ф.Н. Формирование национального состава населения Казахстана в годы гражданской войны и восстановления народного хозяйства // Вестник АН КазССР. 1979. №1.) және т.б. еңбектерінде Қазақстандағы этнодемографиялық процестерді анықтайтын кейбір статистикалық және архивтік көлемді материалдар енгізілген.

Қазақстандағы осы кезең аралығында этнодемографиялық процестер, халықтың жастық, жыныстық, ұлттық және әлеуметтік құрамындағы өзгерістер тұрғысы демографиялық мәселелерді қарастырған ғалымдар М.Х. Асылбеков пен А.И. Құдайбергенованың еңбектерінде орын тапты. Авторлар көрсетілген

жылдар аралығында шеттен республикаға өзге этностардың келу барысын, оның Қазақстан демографиясына тигізген әсері мен өзгерістерін, соның әсерінен этнодемографиялық даму үрдістерін талдауға алады. 1920-1930 жылдардағы Қазақстан халқының сан-салалы өзгерістеріне әсер еткен саяси оқиғаларға, жағдайларға тоқталады.

Зерттеу нәтижелері. XX ғ. 20-30 ж.ж. Кеңестік саясат нәтижесінде жүргізілген саяси оқиғаларға, науқандарға толы. Азамат соғысы тұсында салықты салғыртпен алмастырып, осыдан туындаған қарсылықтарға қарамастан армияның есебіне шаруаның қолындағы бар азығын тартып алу, олардың жағдайын әбден қиындатқан болатын. Халық арасында ірілі-ұсақты толқулар белең алып, үкіметтің саясатына қарсылық танытқандардың қатарында тек қазақ шаруалары ғана емес, өзге этнос өкілдері де болды. Олар салғыртты өнімдей беруге наразылық танытты. 1921 жылы салғыртқа қарсылық Қостанай, Семей және Ақмола өңірлерінде бой көтерді .

1920 ж. 26 тамызда В.И. Ленин мен М.И. Калининнің қол қойған «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» декрет бойынша Семей облысына Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы уездері кірді (Образование КазАССР, 1957: 251-252). Декретте көрсетілгендей, Омбы уезінің нақты Қазақ және Сібір бөлігіндегі шекарасын айқындау Қазақ революциялық және Сібір революциялық комитетінің келісімімен шешілетін болды және осы екі облыстарда түпкілікті басшылық орнағанша уақытша Сібір ревкомында қалатын болды. Бірақ Ақмола мен Семей облыстары 1921 жылдың бірінші жартысына дейін Сібір ревкомына қараған еді. Аталған екі облыстарды Қазақ өлкесіне қайтару жайы бірнеше рет қарастырылды (Смағұлова, 2019: 52).

1920 жылы жүргізілген Бүкілресейлік санақ материалдарына сүйенсек, Қазақ АКСР-да 38 өзге ұлт өкілдері өмір сүрді. Солардың арасындағы сан жағынан неміс ұлт өкілдерінің басым болғандығы көрінеді. Қазақстанға келген 62 760 неміс ұлты 8 аймаққа орналастырылған. Солардың арасында Ақмола облысына 22 348 адам (35,6%), Семей облысына 7 837 адам (12,5%), Қостанай облысына 16 471 адам (26,2%), Орынбор губерниясында 12 988 (20,7%), Ақтөбе облысына 2 233 (3,6%), Орал облысына 820 (1,3%), Торғайға 9,0 (0,0), Бөкей ордасына 54,0 (0,1%) орналасқан екен (Бургарт, Алексеенко, 2020: 17).

Кеңес өкіметі орнаған кезден бастап, яғни 1917 жылдан 1926 жылға дейінгі аралықта көші-қон процесінде саябырлау кезеңі басталды. Үкімет Қазақстанға өз бетінше келушілердің легін тоқтатты. Сөйтіп, кеңестік билік өз бетімен келуге тосқауыл қойды. Дегенмен бір уақыттарда түрлі себептермен Шығыс Түркістанға босып кеткен босқын қазақтардың өзі 1920 жылдары қазақ жеріне қайта орала бастаған. Шығыс Қазақстанның бір Зайсан уезінің өзіне 1,5 мың отбасы қайтып оралған (Базанова Ф.Н., 1979: 59).

1920 жылдың 28 тамызындағы Бүкілресейлік санақ санына сүйенсек, Семей губерниясында 1 125040 адам , оның 598 077-і еркек, 526 963-і әйел болған. Оның ішінде ауылды жерде 1 028521 адам мекендесе, қалалы жерде 96519 адам қалада тұрды (Труды ЦСУ, 1921: 15-17).

Кеңестер Одағы халық шаруашылығын қалпына келтіруде ең бірінші кезекте ауылшаруашылығын қалпына келтірудің маңыздылығын түсінді. Азық-түлікпен қамтамасыз ете отырып, өнеркәсіп орындарын дамытуға, көтеруге болатындығын кезекті съездерінде нақты көтеріп, оның негізгі бағыттарын анықтаған болатын. «Әскери коммунизм» жылдарында қабылданған салғыртты енді салықпен алмастыру мәселесі 1921 жылдың 15 наурызында өткен РК(б)П-нің X съезінде шешіліп, жаңа экономикалық саясатқа көшудің негіздері нақтыланған болатын.

Жаңа экономикалық саясатқа көшу барысында Қазақстанның жалпы жер көлемі 1 941 109 шаршы шақырымға дейін созылып, оның қарамағына 7 губерния мен 2 ірі уезд қарады. Республикада ауылшаруашылығы басым болып, халық негізінен мал мен егіншілікпен айналысты. 1923 ж. жасалған экономикалық шолу бойынша 1920 ж. республикада халықтың 20%-і егіншілікпен, 19%-і жартылай егіншілікпен, 61%-ы малшаруашылығымен айналысқан (Смағұлова, 2011: 432).

Азамат соғысынан кейінгі кезеңде салғыртты салықпен алмастыру процесі жүзеге асырылды. Себебі ел арасында шаруалардың наразылықтары туындап, үкімет тарапынан азық-түлікті күштеп алу, қарсылық танытқан кездерде әдіс-шаралар қолдану орын алды. Қазақ жеріне

келіп қоныстанған өзге ұлттар арасында да үкіметтің бұл саясатына қарсы шыққандар табылды. Әсіресе, қазақ жеріне келіп, әбден орнығып, шаруашылықтарда еңбек еткен орыс, украин, белорус шаруалары салғырттай өнімдерін беруге қарсылық көрсеткен. Бұларға ақгвардия қатарында болғандардың әсері тиген. Мәселен, Орынбор губерниясының Қостанай уезінде орыс шаруалары көтеріліп, кейін бұл толқу Қарауыл, Святогорск, Петропавловск поселкелерінде жалғасын тапқан. Көтерілісшілер қолдарына бар қару-жарақтарын алып, аша, айырлармен қаруланып бес болысты басып алған. Бұл көтерілісті А. Сапожников басқарған, бірақ шаруалардың 170-і қолға түсіп, жазаланған (ҚР ПА, 141: 2-4).

1921 жылы Семей губерниясынан 271 887 адамның Алтай губерниясына қосылып кеткендігін келтіреді. Жалпы 1917-1920 жж. оның көрсетуінше, Семей губерниясында 1917 ж. қала халқы 100 пайыз болса, ал 1920 ж. 134,4 пайызға өскен. Ауыл тұрғындары 1917 ж. 100 пайыз болып, ал 1920 ж. керісінше 76,2 пайызға төмендеген. Сөйтіп, Семей губерниясындағы халық саны - 20,1%-ке азайған (Алексеенко, 1993: 5-6).

Зерттеліп отырған Шығыс Қазақстан аумағында қала халқының өсуі байқалады. Негізінен Қазан төңкерісінен кейін Семей губерниясында Семей қаласынан басқа Өскемен, Павлодар, Зайсан, Қарқаралы сияқты уездік орталықтар мен уездік емес Көкпекті қаласы болған. 1920 жылы бәрін қосқанда 15792 адамы бар қала түріндегі Риддер, Зырян сияқты поселкелер бой көтерді (Алексеенко, 1993: 6).

Дегенмен 1921-1922 жылдардағы ашаршылық республикаға үлкен қайғы-қасірет әкелді. Қазақ Орталық статистикалық Басқармасы ҚКСР далалық өлкесіндегі ашаршылықтың болуының себебін 1918-1919 жылдардағы Азамат соғысынан кейінгі шаруашылықтың күйреуі, бандитшілдіктің шығуынан деп тұжырымдады (Смағұлова, 2019: 63).

Ғылыми айналымдағы зерттеулерге сүйене отырып, Қазақстан территориясында болған 1920-1930 жж. ашаршылық жөнінде түрлі пікірлер бар. Мысалы, Н.И. Мардаровский аштықтың шығуына өлкеде болған қуаншылық әсер етті десе, ал сол кездерде Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы болған, аштықты ауыздықтауда үндеу жариялап, өзі басшылық еткен С. Меңдешев 1918-1920 жылдары болған Азамат соғысы, қуаншылық, жұт себепші болды деп тұжырымдаған (Мардаровский, 1922:10-11). Ғалымдар Г.Ф. Дахшлейгер мен К. Нүрпейіс те ашаршылық қасіретін ашып көрсетуге тырысты. Г.Ф. Дахшлейгер ашаршылықтан жүздеген мың адамдар ашыққандығын, әсіресе оған көшпелі аудандар іліккендігін, жем-шөптің жоқтығынан малдардың қырылғандығын айта келе, аштықпен күресуде өте ауыр жағдайда жүргізілгендігін келтіреді (Дахшлейгер, 2015: 152-153). Ал К. Нүрпейіс: «Аштық пен жалаңаштық, эпидемия, емдеу мекемелерінің жетіспеушілігі аурулардың өлім-жітімге ұшырауын көбейтті», - деп жазады.

Ауыр жағдай туындаған кезде Семей мен Ақмола губерниясынан әжептәуір астық жиналды. Алайда бұлардың бәрі партия және кеңес ұйымдарының қатаң бақылауында болып, ашыққан қазақ губернияларына емес, ашығып жатқан Ресейге көмек ретінде жіберілді. Батыс губерниялардағы аштыққа шыдамаған шаруа-қоныстанушылар өздерінің келген жерлері Украинаға, аштықтан аман деген өлкелерге, Түркістанға қарай босып кете бастады.

Өз еріктерімен көшіп-қонуды тоқтатпақ болған үкіметтің тыйымына ешкім де құлақ аспады. Ақмола мен Семей губерниялары аштық өңіріне енгізілмегендіктен тамақ іздегендердің басымы осы өлкеге қарай ағылды. Аштықты жылдардың алдында яғни 1920 ж. Семей губерниясында 101 331 қала тұрғыны болса, аштықтан кейін 121 851 адамға, пайызбен көрсетсек, 20,3%-ке өскен. Керісінше бұл жылдар аралығында ауыл тұрғындарында сәл азаю үдерісі жүрді. Мәселен, 1920 жылы ауыл халқы 946473 адам болса, ал 1923 жылы 937056-ға түсіп кеткен, яғни 1,0-ға азайды.

Қазақстанның ішкі өңірінен босып келуінің нәтижесінде, губерния халқы 1,1 пайызға көбейді. Нақты санмен көрсетсек, 1920 жылы 1 047804 болған губерния халқы, 1923 жылы 1058907-ге жетті.

1920-1924 жылдардағы Қазақстан халқының динамикасына тоқталсақ, ішкі миграцияның есебінен Семей губерниясының халқы 21 мың (3,7%) адамға көбейген. Бұл 1920 жылы губернияда 565972 адамның 1924 жылы 605802 адамға өскендігін білдіреді (Алексеенко, 1993: 10-11).

Бұл жерде біз, ашаршылық жылдары Семей губерниясы аштық нәубетіне ілікпеді деп айта алмаймыз. Зерттеулерге сүйенсек, ашаршылық жылдары Семей мен Ақмола губерниялары Батыс өңіріне қарағанда қатты аштық тырнағына іліккен жоқ. Сол кездерде Семей губерниясына Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері қараған болатын.

Семей мен Ақтөбе губерниялары да ашаршылықтың алғашқы күнінен бастап, басқа губерниялардан босып келгендерге көмек қолын созды. Төтенше комиссияның 1921 ж. 6 тамызындағы отырысында Семей мен Ақмолада аштарға көмек қолын созу, губерниядағы барлық ұйымдарды көмек жұмыстарына жұмылдыру, аштар үшін жылу жинау мен оны ашыққандарға үлестіру міндеттері жүктелді (Смағұлова, 2019: 213).

Ашыққандар осы екі губернияға қарай шұбырды. Босқындардың Семей губерниясына келуі 1921 жылдың шілдесінде басталды, 1922 жылдың 1 қаңтарына дейін губернияға 14198 босқын келген. Бұларды көбі санитарлық поездармен жетсе, көпшілігі жаяу-жалпы шұбырған. Күннің қатты суығынан, киімдердің жұқалығынан, азықтың жоқтығынан босқындардың көбі жолда қырылды. Ашыққандардың басымы көп жағдайларда қалалы мекендерге қарай шұбырды. Тамақтанатын асханалар, базарлар, дүкендердің жанында топ-топ болып, қайыр тілегендерден аяқ алып жүру мүмкін емес еді.

Архив деректеріне сүйенсек, Семей қаласы бұл босқындарды қабылдауға дайын емес еді. Дегенмен аш шұбырғандарға бір уақыт ыстық тамақ берілді. Бастапқы кездерде 500 босқын адам тамақтандырылса, уақыт өте келе оның қатары азая түсті, оның өзіндік себебі бар еді. Губерния тұрғындарынан жиналған азық-түлік Орынборға жіберілген болатын (ҚР ОМА, 320: 55).

Семей губерниясынан ет, астық және басқа тауарлар Повольже, Башқұртстанға жіберілген. Мәселен, 1922 ж. қаңтарында Семейден 225 вагон азық-түлік Саратов, Самара, Қазан, Мәскеу қалаларына жіберілген. Мәскеуге 170 вагон жөнелтілді (ҚР ОМА, 224: 101-103).

Бұл босқындардың арасында Украина, Ресейден келгендер көп болған. Оларды орналастыру мәселесі қолға алынды. Губерния шекарасы маңына босып келгендер сол араға орналастырыла бастады.

Немістер 1921-1922 жылдары аштыққа ұшырай қоймаған Ақмола мен Семей өңіріне қоныстандырылған. Аштықтың алдындағы және аштықтан кейінгі жылдардағы қала халқының санының босқындардың есебінен көбейіп, көпшілігі сол жерлерде тұрақтап қалған. Оны 1897, 1920, 1923, 1926 жылдардағы халық санағынан бірден байқауға болады.

Кесте №1. Халық санақтары бойынша Шығыс Қазақстанның қала халқының саны.

Қалалар	1897 ж.	1920 ж.	1923 ж.	1926 ж.
Семей	26,2	44,6	54,4	57,0
Өскемен	8,7	17,2	19,1	14,0
Зайсан	4,4	4,3	5,1	8,2
Қарқаралы	4,5	3,9	4,3	5,5
Павлодар	7,7	14,3	19,1	18,0

Бұған Риддер, Зырян қалаларыдағы халықтардың саны енгізілмеген. Басқа өңірлерге қарағанда Шығыс Қазақстандағы қалалардың санының тез өскенін байқауға болады. Мәселен, 1920-1923 жылы халық санының өсуі 15%-ке жеткен (Асылбеков, Галиев, 1991: 57-59).

1923 жылғы санаққа сүйенсек, Қазақ АКСР-гі жалпы саны 3 801 521 ғана адам болған, олардың ішінде 446 323-і өзге ұлт өкілдері еді (Харламович, 1924: 65-66).

1923 жылы Семей өңірінде 15 822 татарлар, 68 573 орыстар, 7849 немістер, 916 поляктар, 475 еврей, 779 венгр және 8714 басқа да аз ұлт өкілдері өмір сүрген (ҚР ПА, 139: 52).

1926 жылғы желтоқсандағы Бүкілодақтық санақ нәтижесіне сүйенсек, Қазақстандағы халықтың жалпы саны 6. 229,9 адам болып, оның ішінде 3.627,6-сы жергілікті қазақтарды құраған (58,2%). Орыстардың саны 1.274,0-ге жетіп, 20,5%-ті құраса, ал өлкедегі украиндықтар 860,2-ге жетіп, халықтың 13,8 процентін, немістердің саны 58,700-ге жетіп, 0,9%-ы құраған. Сонымен қатар бұлардан да басқа аз ұлттар 408,5%-ға жетіп, 6,6% болған (Санақ мәліметі, 1928: 15-46).

1897 ж. мен 1926 ж. екі халық санағына сүйенсек, Қазақстанға өзге ұлт өкілдерінің келуінің өскенін байқауға болады. Қазақтар 234,8 мың адамға (107%), орыстар 820,7 мың адамға (281%),

өзге ұлттар 993,1 мың адамаға (430%) көбейген екен. Бұдан республика халқының 2048,6 мың адамға көбейіп, 149%-ті құрағандығын көреміз, яғни өсім 1,5 есеге толыққан. Ал қазақтардың үлес салмағы 23,3-ке кемісе, ал орыстардыкі керісінше 9,6-ға, өзге ұлттар 13,7-ге артқан (Асылбеков, Галиев, 1991: 43). Бұлай болуының басты себебі, Ресейде болған Азамат соғысы және 1921-1922 ж.ж. ашаршылық әсерінен өзгеріске ұшырады.

1920-1927 ж.ж. қазақ халқының өсу үдерісі 34,2%-ға, ал орыс және өзге ұлттар 14,3% -ға ғана өскен, 25,0%-ға ғана өскен (ШҚО ҚЗТҚО, 152: 210).

Семей губерниясына қарасты ұлттардың санын төмендегі кестеден көруге болады. Губерния бойынша қазақтар 58,1% болса, өзге ұлттар 41,9%-ы құрады. Алты уездердегі ұлттардың пайыздық мөлшерін төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте №2.

Уездер	Павлодар		Қарқаралы		Семей		Өскемен		Бұқтырма		Зайсан		Губ. бойынша	
	қазақ	өзге	қазақ	өзге	қазақ	өзге	қазақ	өзге	қазақ	өзге	қазақ	өзге	қазақ	өзге
1926	57,9	42,1	98,4	1,6	51,6	48,4	29,3	70,7	45,2	54,8	81,2	18,8	58,1	41,9
%%														

Кестеден байқағанымыздай, уездердегі қазақтардың пайыздық мөлшері біркелкі емес. Өзге ұлттардың ұлттық құрамына тоқталсақ, орыстар Өскемен уезінде 35,6%-ын, Семей уезінде 26,4%-ы, ал Бұқтарма уезінде 21,8%-ы құраған. Павлодар уезіне украиндықтар 48,6% болып, уезд халқының 25%-ін құраған екен.

Павлодар уезінде 36,6% белорустар, 58,1% немістер мекендесе, ал Семей уезінде 25%-тей белоурстар, 38,8% татарлар және 32,2% немістер орныққан. Бұл мәліметтер Семей губерниясының 1925-1926 жылға арналған жылнамасынан алынды.

Семей губерниясына орыстардың келуі патша үкіметінің қоныстандыру саясатына жүргізіле бастаған кезде, яғни 1891 жылдан басталып, 1917 жылға дейін жалғасты. Алғашқы келгендер орыстар Өскемен уезіне, кейінгілері басқа уездерге шашыраңқы орналастырыла бастады. Алғашқы бес жылдың ішінде жыл сайын 2,5% өзге ұлттарды, 1,28% қазақтарды орналастыруға болатын еді. Есеп бойынша 1932 жылы өзге ұлттар 10-11%-ы, ал қазақтар 7-8%-ы құрайды деген болжам жасалды. Халықтардың өсуі сондай қарқынды болмаса да, губерниядағы ауылшаруашылығын көтеруде олардың маңызы зор болды.

1926 ж. есепке сүйенсек, губерния аудандарындағы қазақтар мен өзге ұлттардың ішінде орыстардың пайыздары бірдей болды. Ал 1927 ж. есепте, губернияда 708 984 қазақ, 519 346 орыс ұлт өкілдері барлығы келтіріледі (ШҚО ҚЗТҚО, 152: 219).

1925-1926 ж.ж. жалпы Қазақстанда 407-і болыстық болса, Семей губерниясында 39 қазақ, 30 орыс, 7 казак және 5 аралас, барлығы 81 болыстық болды (ҚР ПА, 141: 14).

1926 жылғы ҚССР-дің ұлттық құрамы бойынша Семей губерниясының 6 уезінде жергілікті қазақтар мен орыстардан украин, татар, неміс, мордва, белорус, еврей, поляк және басқа аз ұлт өкілдері мекендеді. Оны төмендегі кестеден көруге болады:

Кесте №3.

Уездер	Украин	татар	неміс	еврей	поляк
Семей	19427	9658	899	351	402
Павлодар	40812	1642	6738	34	102
Зайсан	626	1203	5	5	10
Қарқаралы	853	454	5	-	15
Бұқтырма	536	322	-	-	-
Өскемен	10931	1300	771	33	66

Бұл уездерде белорустан 544, мордвалардан 239 адам өмір сүрді (ҚРПА, 141: 1).

А.Н. Алексеенконың зерттеуіне сүйенсек, 1926 жылы Шығыс Қазақстанда өзге ұлттардан барлығы 1034 мың адам болса, оның 551 мыңы қазақ, 357 мыңы орыс, 85 мыңы украин, 13 мыңы неміс, 28 мыңы басқа аз ұлт өкілдерінен еді (Алексеенко, 1993: 22).

1926 жылғы халық санағының дерегінше, Семей облысындағы Семей, Бұқтырма, Зайсан, Қарқаралы, Павлодар, Өскемен уездеріне орналастырылған. Жалпы Семей губерниясында қазақтардан басқа өзге 190 этнос өкілдері мекендеген. Жергілікті қазақтардан басқа бұл ұлттардың арасында орыстар – 398 657, украиндар – 140 233, белорустар – 9644, поляктар – 759, чехтар мен словактар – 35, серб – 8, болгар – 1731, латыш – 440, литвалдар – 70, немістер – 11 859, ағылшындар – 3, шведтер – 3, молдовандар – 102, мордвалар – 4790, шуваштар – 538, татарлар – 18 765, бұхарлықтар – 182, қырғыздар – 2517, сығандар – 361, корейліктер – 27, шеркестер – 21, қытайлықтар – 71 болды. Барлығын қосқанда өлкеде 1 309 857 адам шоғырланды. Сонымен қатар санақ мәліметінше, губернияда 329 шетелдік азаматтар тіркелді.

Осы ұлт өкілдерінің 63,628-і және шетелдіктердің 110-ы Семей қаласында тұрған. Ал қалған 1 189 478 ұлт өкілдері мен 86-ы шетелдік азаматтар ауылды жерлерді мекендеді (Всесоюзная перепись населения, 1928: 28-22).

1926 жылғы халық санағының мәліметінше неміс этносы Шығыс Қазақстанда 11859 адам болып, бұл 23,2 процентті, губерниядағы халықтың 0,90 пайызын құрады (Краснобаева, 2004: 17-21).

Негізінде Шығыс Қазақстан территориясында ХХ ғасырдың басынан бес неміс поселкесі болған. Олардың төртеуі Змеиногор уезінде (қазіргі Шемонаиха ауданы), ал біреуі Өскемен уезіндегі Екатериновка поселкесі еді. Осы Екатериновка поселкесіне ХХ ғасырдың басында Вайскербер, Фрай, Штанг, Николаус, Пфо және т.б. католик дініндегі неміс отбасылары қоныстанған. Неміс отбасылары бастапқы орналасқан жерінен ауа райының қолайсыздығына байланысты көшуге мәжбүр болды.

Шығыс Қазақстанға орналасқан немістердің басымы лютерандар болды. Осы жердегі немістердің Кенигово (Кенюхово) колониясының атауы ағылшындардың кенішінде қызмет еткен неміс инженері Отто Кенигтің атымен байланысты. Ол Алтай округінің Бас басқармасымен 1902 жылы 20 наурызда келісімшартқа отырып, Том губерниясының Змеиногор уезіне қарасты Александровск болысына жақын Сугат селосының маңынан ауылшаруашылығына пайдалануға жерді жалға алды. Бастапқыда жалға 6 жылға алынып, кейіннен ұзартылды. Жалданған жер Кенигтің атымен аталып, бұл жерлерге неміс ұлттар өкілдері қоныстанды.

Семей уезінде Пруггер отбасы Семей уезінің Матвеевка селосына келіп қоныстана бастады. Бұдан кейін де бірнеше неміс отбасылары көшіп келіп осы жерлерге тұрақтанды. Шемонаиха селосының солтүстік-батысында үш неміс селолары қалыптасты (Бургарт, 1999: 17-19).

ХХ ғ. 20 жылдары неміс колонияларында шаруашылық жүйесін ретке келтіру іс-шаралары жүргізілді. Ауылшаруашылық басқармасы поселкелердің жерге орналастыру жұмыстарын қолға алды. 1923-1925 жж. Семей уезі Шемонаиха болысының Кенигов селосында жерді пайдалану мен жерге орналастыруды реттеу ұйымдастырылды. 1923 жылы осы жерлерге топограф Глушков осы жердің геодезиялық контурын жасады (Бургарт, 1999: 25).

20-шы жылдардың соңында Шығыс Қазақстан территориясында қоныстанған бес неміс поселкелерінің 5 мыңдай десятин жері болды. Осы поселкелерде қанша неміс өкілдері тұрғандығын 1926 жылғы Бүкілодақтық санақ барысы арқылы білуге болады. Мәселен, Америка селосында – 109 адам, Дубрьда – 244 адам, Горкуновода – 196, Герасимовск селосында – 165 адам, Екатериновскде – 76 адам, Пороченск – 88 адам, Пруггерново – 75 адам, Зеленое селосында – 401 адам, Чудовск селосында – 213 адам, ал Сухая Балка селосында – 280 адам тұрған екен.

Жалпы, осы 1926 жылғы Бүкілодақтық санақ мәліметіне сүйенсек Шығыс Қазақстан облысында 1732 немістер мекендеген. Бұлардың басымы селолық жерлерде, тек 18-і ғана Өскемен қаласында тұрған екен. Өскемен уезінде – 984, Семей уезінде – 615, Зайсан уезінде – 86, Бұқтарма уезінде – 47 неміс ұлт өкілдері қоныстанған (Алексеев, 1994: 7).

Өзге ұлт өкілдерінен Семей губерниялық партия ұйымында немістерден коммунистік партия қатарындағы 15 мүшесінің 3-уі әйелдер болды, бұлардың 10-ы нақты мүшесі болса, олардың 2-уі әйел еді. 5 мүшелікке кандидаттардың 1-і әйел азаматы еді (ҚР ПА, 141: 179).

Партия қатарындағы немістер Семей губерниялық атқару комитетінің ұйымдастырған арнайы дайындығынан өтіп, партиялық жұмысқа тартылды. Жалпы Семей губерниясының 1927 ж. 1 қаңтарындағы есебіне сүйенсек, партия қатарындағы 5071-дің 3136-ы мүшесі, ал 1935-і партияға

кандидат болды. Бұларды ұлт өкілдеріне бөліп көрсетсек, 1454-і қазақтар, 2624-і орыс, 551-і украин, 112-і татар, 19-ы неміс, 147-і белорусс, 28-і поляк, 23-і мордва, 17-і еврей, 27-і латыш болды (ҚР ПА, 141: 14-18).

1927 жылы КСРО одақтас республикаларды әкімшілік-аймақтық аудандарға қайта бөлу жұмыстарды пәрменді түрде жүргізіле бастады. Семей облысына сол кезде 23 аудан қарады (Справочник, 1959: 176). Бұл әкімшілік-аймақтық аудандарға қайта бөлу ұлт құрамының өзгерісіне де әсер етті. Ұлттық өзгеріске сонымен қатар үкіметтің қабылдап отырған түрлі қаулы-қарарлары, жарлық-бұйрықтарының да әсері болған еді.

Кеңес үкіметінің 30-шы жылдары болған түрлі науқандар, саяси оқиғалар демография саласына үлкен өзгерістер әкелді. Жаппай саяси депортациялаудың нәтижесінде Қазақстанға жер аударып әкелінген өзге этностардың қатары көбейді. Шығыс Қазақстанда да жергілікті ұлт өкілдерінің қатарына өзге этностар қосылды.

жоққа шығару үшін сауалнама, мамандар пікірі, құжаттарды, басылымдарды талдау және тағы басқалары сияқты социологиялық әдістердің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану керек.

Сондықтан да Қазақстан тарихындағы жекелеген тарихи тұлғаларға баға беру социологиялық зерттеулердің өзекті мәселелерінің бірі болды. Зерттеу барысында тарих ғылымдарының кандидаттары, докторлары немесе PhD докторлары ғылыми дәрежелері бар тарих саласындағы беделді мамандармен сұхбат жүргізілді. Кәсіби тарихшы болып табылатын респонденттер сауалнама сұрақтарына жауап бере отырып, олардың түсінігіндегі Қазақстан тарихындағы ең маңызды тұлғалар мен ел халқының тарих ғылымына деген қызығушылық деңгейін анықтауы керек болды. Алынған деректер негізінде ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының жұмыс тобының қызметкерлері ең жиі аталып өткен тарихи тұлғаларды іріктеп алды. Жүргізіліп жатқан зерттеу Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жалпы жетекшілігімен жүргізіліп отырған «Қазақстанның қазіргі заманғы тарих ғылымын қалыптастырудың ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу» жөніндегі бағдарламалық қаржыландыру жобасының маңызды бөлігі болып табылады.

Тарих саласындағы отандық сарапшылардың ең маңызды тарихи тұлғаларды қабылдауы мен бағалауына қатысты тарихи тақырыптардағы әлеуметтанулық зерттеулер онша көп емес екенін атап өткен жөн. Негізінен Қазақстанда мұндай сауалнамалар кәсіби тарихшылардың қатысуынсыз қарапайым халық арасында жүргізілді. Сонымен бірге тарих саласының мамандары көбінесе сауалнамалардың тікелей қатысушылары болмағандықтан, тек жүргізіліп жатқан социологиялық зерттеулердің нәтижелерін бағалап, талдай алатын. Сондықтан, респонденттері көбіне ғылыми дәрежесі бар тарихи бейіндегі кәсіби мамандар болғандықтан, жүргізіліп жатқан зерттеулер осы тектес социологиялық зерттеулер арасында ерекше маңызға ие. Бұл мақалада біз жұмыс тобының қызметкерлері 2021-2022 жылғы зерттеу барысында Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан 100-ден астам сарапшылармен жүргізілген сауалнаманың кейбір нәтижелерін ұсынғымыз келеді.

Бұл мақалада Қазақстанның ірі қалалары Нұр-Сұлтан мен Алматыдан келген 42 сарапшының жауаптарын талдаудың жекелеген нәтижелері берілген, мұнда ел халқының жалпы тарихқа және аса маңызды тарихи тұлғаларға деген қызығушылығын бағалайтын деректер зерттелген.

Материалдар мен методология. Осы жұмыстың мақсаты мен міндетіне байланысты, социологиялық ақпаратты жинаудың ең танымал әдісі ретінде социологиялық сауалнама пайдаланылды. Бұл әдіс әмбебап болып табылады, өйткені ол адамдардың субъективті әлемі, олардың қалауы, пікірлері және адамның объективті сипаттамалары туралы ақпарат алудың негізгі әдісі болып саналады. Социологиялық сауалнаманың негізі жанамалы жартылай жабық сауалнама болды. Сауалнама нәтижелері кәсіби тарихшылардың ұлттық тарих контекстіндегі ой-пікірлерін көрсетеді және қоғам өмірінде символдық және топтастырушы рөл атқарған тұлғалар шеңберін анықтауға мүмкіндік береді.

Талқылау. Қазақстанның тарих ғылымы дамуының қазіргі кезеңінде жеке тұлғаның тарихтағы рөлін зерттеу мәселесі республиканың тарихи санасының жаңа концепциясын қалыптастыру жұмысының басым міндеттерінің біріне айналды. 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат туралы Ұлттық кеңес бекіткен «Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру» тұжырымдамасы қабылданған болатын. Мұнда тарихтың, әсіресе, қоғам дамуының өтпелі кезеңдерінің ерекше маңызы көрсетіліп, тарихи білімнің негізгі басымдықтары, тарих ғылымының проблемалары, тарихи білім беру мен ағарту ісінің болашағы белгіленген болатын.

Тарихи сананың аспектілерін зерттеу пәнаралық зерттеулер кешенінің қажеттілігін айқын көрсетеді. Ең шынайы нәтижелерді гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың, ең алдымен тарих пен әлеуметтану әдістері мен тәжірибесін қолдану арқылы ғана алуға болады. Зерттеушілер әлеуметтанудың (тарихи әлеуметтанудың) зерттейтін бір саласы ретінде тарихи сана мен тарихи жадыны атайды (Романовский, 2000: 13). Әлеуметтануда Ж.Т. Тощенконың пікірінше, мысалы, философиядағыдай қоғамдық сананың теориялық деңгейі емес, нақты адамның немесе адамдар тобының ұстанымында бейнеленетін нақты жұмыс істейтін сана зерттеледі. «Елге, әлеуметтік топтарға, жеке адамға, халық өміріндегі кейбір мәселелерге әсер ететін маңызды тарихи оқиғалар»

әлеуметтанушы ғалымдардың назарын жиі аударып зерттеу объектісі болып табылады (Тощенко, 2000: 4).

Алдымен, 1990-2000-шы жылдары посткеңестік кеңістік мемлекеттерінде жарияланған тарихи сананың түрлі әлеуметтанулық зерттеулерінің нәтижелеріне тоқталған жөн. Посткеңестік кеңістікте салыстырмалы түрде жүйелі түрде тарихи сананы зерттеуге байланысты социологиялық зерттеулер тек Ресей Федерациясында жүргізілді. Азаматтардың тарихи санасының деңгейін зерттеуге арналған алғашқы бүкілресейлік зерттеу В.И. Меркушин бастаған зерттеу тобының «Историческое сознание: состояние, тенденции развития в условиях перестройки» атты еңбегі болды (Тощенко, 2000: 5-8, 11-13). Осы зерттеу нәтижесі бойынша респонденттер оң бағасын берген тарихи тұлғалардың ішінде атап айтқанда, Петр I – 74%, В. Ленин – 57%, Г. Жуков – 55%, А. Невский – 28% (Тощенко, 2000: 8). Тарихи тұлғаларға деген көзқарасты анықтауда олардың тұлғасы емес, жалпы тарих барысына, сондай-ақ тұтас дәуірге әсер еткен іс-әрекеттері мен қызметтерінің жиынтығы бағаланатыны сөзсіз.

1991 жылы Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінің әлеуметтану және саясаттану кафедрасы «Историческое сознание современной студенческой молодежи» атты тақырыпта зерттеу жүргізді (Утенков, 2000: 119-122). Осы зерттеу нәтижесінде жастардың тарихи санасының қалыптасу механизмі, тарихи жадының тереңдігі, тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға көзқарасы мен бағасы туралы деректер алынды. Алынған нәтижелердің бір бөлігі жастардың XX-шы ғасырдағы тарихи тұлғаларға деген көзқарасына қатысты болды. Сауалнама барысында «Сіздің ойыңызша, XX ғасырдағы Ресей мемлекет қайраткерлерінің қайсысы, еліміздің дамуына көбірек әсер етті?» деген сұрақ қойылған. Нәтижесінде төмендегідей келесідей мәліметтер алынды: В. Ленин – 50%, М. Горбачев – 48%, П. Столыпин – 38%, И. Сталин – 37%, Б. Ельцин – 14%, Н. Хрущев – 8%, Николай II мен Л. Брежнев – 6%, Ю. Андропов – 4% (Утенков, 2000: 120-121). Зерттеу авторларының айтуынша, мұндай нәтижелерге тарих ғылымынан гөрі, бұқаралық ақпарат құралдары, публицистика көбірек әсер еткен.

2009 жылы «Восприятие молодежью новых независимых государств истории советского и постсоветского периодов» атты үлкен зерттеу жүргізілді. Бұл посткеңестік кеңістікте бүгінгі күнге дейін жүргізілген және тарихты, тарихи жады мен тарихи сананың басқа да аспектілерін қабылдау мәселелеріне арналған ең ірі социологиялық зерттеу болып табылады (Задорин, 2009). Бұл зерттеуде азаматтардың тарихи санасына сипаттама тарихты қабылдаудың үш бағытын анықтау арқылы берілді: тарихи тұлғаларға көзқарас пен баға, тарихи оқиғаларды қабылдау, бірақ барлық сұрақтар хронологиялық тұрғыдан XX ғасырмен шектелді. Сауалнамада берілген тарихи қайраткерлер арасында ел басшылары Николай II мен В. Лениннен бастап, М. Горбачев пен Б. Ельцинге дейін, сонымен қатар, атақты ғалымдар, қолбасшылар және басқалар болды.

Басқа посткеңестік елдерге қарағанда 1990 жылдары Қазақстанда тарихи сана бойынша арнайы социологиялық зерттеулер жүргізілген жоқ. Сондықтан бұл кезеңге арналған эмпирикалық деректер қоры жоқ. Ең алғашқы зерттеулердің бірі 2000 жылдардың бірінші жартысында Е.С. Омаровтың социологиялық сауалнамасы, оның нәтижелері мен материалдары 2006 жылы танымал «Социологические исследования» ғылыми журналында жарияланды (Омаров, 2006: 69-72). Е.С. Омаров өзінің «Что мы знаем о казахской цивилизации?» атты мақаласында социологиялық сауалнама нәтижесіне сүйене отырып, өркениет пен мәдениет құбылысын қазақтың тарихи-мәдени символдары арқылы түсінуге талпыныс жасады. Бұл зерттеу өзінің мақсаттары мен сұрақтарының тақырыптары тұрғысынан, әсіресе алынған нәтижелер тұрғысынан белгілі бір дәрежеде қазақстандықтардың тарихи санасын талдауға мүмкіндік беретін алғашқы үлкен деректер қорын берді. Бұл сауалнама халық саны бойынша еліміздің ең үлкен қаласы Алматыда және негізінен университет оқытушылары мен студенттері арасында жүргізілді. Жүргізілген зерттеу – сауалнама түріндегі жаппай сауалнама болды, ал іріктеу көлемі 704 адамды құрады (Омаров, 2006: 70).

2009 жылы «Еуразиялық монитор» тұрақты еларалық халықтық сауалнама жүргізу жүйесі негізінде «Восприятие молодежью новых независимых государств истории советского и постсоветского периодов» жобасы жүзеге асырылды (Илеуова, 2015). Бұл осы уақытқа дейін Қазақстанда және посткеңестік кеңістіктің басқа елдерінде тарихи сана мен тарихи жады

мәселелері бойынша жүргізілген жалғыз және ең ауқымды зерттеу. Зерттеудің қазақстандықтарға арналған «ұлттық» бөлімінде ұлт қайраткерлері ретінде А. Иманов, Ә. Бөкейханов, Т. Рысқұлов, Д. Қонаев, О. Сүлейменов берілген. Сауалнама елімізде 2009 жылдың 20-28 сәуір аралығында өтіп, жалпы 1091 респондент қамтылған.

2010 жылы ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының қызметкерлері «Этнические стереотипы и границы межкультурного понимания в Республики Казахстан» атты жобасын жүзеге асыру шеңберінде әлеуметтік зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижелері қазақстандықтардың тарихи санасының өткенге баға беру, оның Қазақстан азаматтарының интеграциялану процесінде маңызды факторлар арасындағы орнын анықтау сияқты аспектілерін анықтауға мүмкіндік береді (Дунаев, 2016: 44).

2011 жылы «Стратегия» орталығы еліміздің халқы пен сарапшылары арасында «Сіз ел тарихындағы қандай оқиғаларды мақтан етесіз?» деген тақырыпта сауалнама жүргізген болатын. Сауалнамаға жалпы 1600 респондент және 48 сарапшы қатысқан (Илеуова, 2015). Бұл жолы сауалнама қатысушыларына ашық сұрақтар ұсынылды. Яғни, қандай да бір оқиғаны қатысушылардың өздері еске алуы тиіс болды.

Қазақстан азаматтарының тарихи санасы мәселелерін қамтыған «Ценности и идеалы независимого Казахстана» атты ұжымдық монография 2015 жылы жарық көрді (Шаукенова, 2015). Халық арасындағы сауалнама Қазақстанның барлық аймақтарында жүргізіліп, респонденттер саны кемінде 1000 респондентті құрады.

Көрсетілген әлеуметтанулық зерттеулерден бөлек, 2014 жылы А.П. Коновалов жүргізген жұмысты атауға болады. Ол қазақстандықтардың тарихи санасы мен этномәдени құндылықтарының аймақтық деңгейде атап айтқанда, Шығыс Қазақстан қалаларының бірінің тұрғындары арасында таралуын зерттеді (Коновалов, 2015). Зерттеудің негізгі әдісі сауалнамалық анкета болды, респонденттердің жалпы саны 517 адамды құрады. Сауалнама барысында тек сұрақтар ғана емес, сонымен қатар облыс тұрғындарының тарихи сауаттылық деңгейін анықтауға көмектесетін иллюстрациялық материал да пайдаланылды. Сонымен қатар, респонденттерге тарихи білім деңгейін көтеру бойынша өз ұсыныстарын енгізу ұсынылды.

Соңғы жылдардағы осы тақырыптағы жұмыстардың бірі ретінде Г.Ж. Сұлтанғазы мен Л.К. Мұқатаеваның мақаласын атап өтуге болады (Султанғазы, 2020). Мақалада уақыт пен рухани мұраны сақтау арасындағы объективті байланысты қамтамасыз ететін құбылыс ретінде адам мен тарихтың өзара әрекеттесу мәселелері қарастырылған. Зерттеудің негізгі құралы ретінде социологиялық сауалнама пайдаланылды. Бұл белгілі бір тарихи тұлғалар мен оқиғалардың қоғамның санасы мен жадындағы маңызын белгілеу және анықтау арқылы қоғам мен өткен құбылыстың арақатынасының сенімді бейнесін жасауға мүмкіндік берген.

Сонымен, қазақстандықтардың тарихи санасының нақты деңгейін зерттеуге бағытталған Қазақстанда жүргізілген социологиялық зерттеулерге шолу мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, қолда бар барлық зерттеулер тек 2000-шы жылдарға қатысты, яғни тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында отандық тарих саласындағы сарапшылардың арасында тарихи тұлғаларды қабылдау мен бағалауына қатысты зерттеулер жүргізілмеген, сондықтан бұл Қазақстан азаматтарының тарихи санасының даму динамикасын анықтауға қиындық тудырады. Екіншіден, зерделеуге болатын материалдардың қолжетімді көлеміне қарамастан, әлі де болса зерттеу жүргізу және бұқаралық тарихи сананы зерттеу бойынша көбірек мәліметтерді қалыптастыру тәжірибесі жүруде. Үшіншіден, соңғы жылдардағы зерттеулер санының артуы азаматтардың тарихи санасының өсуіне жауап ретінде қоғам мен мемлекет тарихи сана бойынша зерттеулер жүргізуге мүдделі деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық негізін тарихи-әлеуметтанулық зерттеу саласындағы шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері құрады. Олардың ішінде: Р.С. Абдуллаев пен М.М. Гасановтың (Абдуллаев, 2021), Н.П. Копцеваның (Копцева, 2013), Д.А. Бажанов пен В.В. Хуциевтің (Бажанов, 2020), М.Р. Горюнова, О.Р. Шефер және Т.Н. Лебедеваның (Горюнова, 2021), А.В. Святославскийдің (Святославский, 2010), И.В. Амбарцумовтың (Амбарцумов, 2019), Н.С.

Лапин мен М.С. Томанованың (Лапин, 2016), А.З. Адиевтің (Адиев, 2021), И. Шубрт, И. Винопал және М. Вавраның еңбектері (J. Subrt, 2012).

Бастапқы кезең ретінде зерттелетін мәселенің теориялық негіздерін анықтау болды. Әзірбайжан ғалымдары Р.С. Абдуллаев пен М.М. Гасанов сұхбатта сұрақ қою әдісінің негізгі түрлерін қарастырады. Мұнда бір респондентпен немесе топпен толық уақытты өзара әрекеттесу болады. Сонымен қатар сауалнамаларды қолдану, егер зерттеу әртүрлі географиялық орындарда жүргізілсе, жалпы материалды алуға және салыстырмалы талдауды дайындауға ықпал етеді. Сондай-ақ сұхбаттың терең талдаулар жүргізуге және белгілі бір фактілерді егжей-тегжейлі көрсетуге көмектесетіні ескеріледі (Абдуллаев, 2021: 373-380). Алдын ала әзірленген сауалнама қосымша көмекші материал ретінде қызмет атқарады.

Н.П. Копцева сауалнаманың маңыздылығын сұхбат беруші мен респондент арасындағы әлеуметтік-психологиялық байланыс арқылы вербалды сипаттағы бастапқы ақпаратты тікелей немесе жанама алу әдісі ретінде қарастырды. Бұл ретте респонденттің өзі зерттелетін әлеуметтік процестер мен құбылыстардың тікелей қатысушысы болады (Копцева, 2013: 410).

Д.А. Бажанов пен В.В. Хуциев тарих студенттерінің жастар тобының әлеуметтік маңызды оқиғалар мен тарихи жады туралы қабылдауын зерттеу үшін сауалнама жүргізді. Пайдаланылған сауалнамалар бірнеше бөліктерге бөлінді. Жарияланған сұрақтарды қатаң реттілік жүйесімен толтыру ұсынылды. Бұл жағдай зерттеудің маңызды және іргелі нүктесі болды. Өмірлік тәжірибе, құндылықтар жүйесі және сауалнамада қойылған сұрақтарға респонденттердің эмоционалды жауабы, сондай-ақ олардың жеке дүниетанымы сияқты көрсеткіштерді зерттеуге ерекше назар аударылды (Бажанов, 2020: 335).

И. Шубрт, И. Винопал және М. Вавра чех азаматтары арасында сауалнамалық зерттеу жүргізіп, үш аспектісін қарастырған. Бірінші, чех халқының өз тарихын білуі және оған қызығушылығы, екінші, олардың тарихи процесс туралы түсінігі және өткен, қазіргі және болашақ арасындағы байланыс, үшінші, өздерінің ұлттық тарихын, маңызды кезеңдері мен оқиғаларын бағалауы. Тарихи сана мәселесі социологиялық әдіснаманың көмегімен атап айтқанда, сандық тәсіл арқылы қарастырылады. Мәселен, алдымен, өз тарихына қызығушылық танытатын чех халқының саны бағамдалады. Одан кейін назар тарихи сананың жалпы аспектілеріне ауысады (J. Subrt, 2012: 83-84).

М.В. Горюнова, О.Р. Шефер және Т.Н. Лебедеваның ұжымдық мақаласында сауалнамалық зерттеулерді қолдануда және олардың нәтижелері бойынша графиктер мен кестелер түрінде көрнекі материалдарды құрастыруда жаппай қамтуды (200 адам) пайдаланудың маңыздылығын атап өтті. Алынған нәтижелер мұғалімдердің мәдени-ағартушылық қызметінде, атап айтқанда физика пәнінде тарихи материалды негіз ретінде пайдалану қажеттілігін түсінуге ықпал етті (Горюнова, 2021: 79-84). А.В. Святославскийдің жұмысында Мәскеу облысы тұрғындарының ұжымдық тарихи жады саласындағы (2009-2010 жж.) қалаулары мәселесі бойынша социологиялық зерттеулердің нәтижелері талданады. Сауалнама мен сұхбат респонденттердің (500 адам) пікірінше, ұлттық тарихтағы Мәскеу облысында ескерткіш қоюға лайықты тарихи тұлғалардың рейтингін анықтауға бағытталған (Святославский, 2010: 1-3).

И.В. Амбарцумовтың сауалнамалық зерттеулер нәтижелері ғана емес, сонымен қатар жүзеге асыру формасы, кезең-кезеңдігімен және анонимділігімен де қызықтырады. Жұмыстың негізгі мақсаты – тарихтан тыс мамандық студенттерінің тарихқа деген қызығушылық деңгейін анықтау болды. Бірінші сұрақтың нәтижесі бойынша респонденттер тарихқа қызығатындар, осы пәнге ішінара қызығушылық танытатындар және тарихқа немқұрайлылық танытқандар болып үш топқа бөлінді. Айта кету керек, респонденттер өз жауаптарын дәлелдеуге мүмкіндік алды және бірнеше сауалнамада егжей-тегжейлі уәждер болды. Бұл олардың экспериментке эмоционалды және мотивациялық қатынасын анықтауға ықпал етті. Кейіннен тарихтың отандық немесе шетелдік, сүйікті кезең, тарихи білімнің таңдаулы саласы, білім беру функциялары, студенттердің ағымдағы оқуға көзқарасы сияқты салаларына қосымша грация жүргізілді (Амбарцумов, 2019).

Н.С. Лапин мен М.С. Томанованың ұжымдық зерттеуінде Eurasian Monitor жүйесі жүргізген зерттеу және «Стратегия» қазақстандық әлеуметтік-саяси зерттеулер орталығының нәтижелері негізінде алынған еларалық анкеталық сауалнамалар материалдарына талдау жасалады. Зерттеу


пәні посткеңестік кеңістіктегі жастардың XX-ғасырдың ең маңызды тарихи кейіпкерлерін және сол кезеңдегі маңызды оқиғаларды анықтаудағы қабылдауының көрсеткіштері, олардың тарихқа көзқарасы және олар туралы хабардарлық сезіну деңгейі болды. Зерттелетін аймақ елдері жастарының идеологиялық ұстанымдарын және олардың кеңестік тарихтың маңызды оқиғаларына қатынасын анықтау үшін де идеологемалық талдаулар жүргізілді. Топтастыру кесте түрінде орындалып, графиктер модельденеді. Аталған жұмыста бұған дейінгі зерттеулердің нәтижелері де сараланған. Жалпы, анкеталық зерттеулерді талдаудың арқасында зерттеушілер халықтың тарихқа деген қызығушылық деңгейі, оның білім деңгейіне көзқарасы, посткеңестік кеңістік жастарының ортақ өткен тарихтың маңызды оқиғалары мен тарихи тұлғаларына берген бағасы сияқты деректерді жеткілікті түрде егжей-тегжейлі зерттей алған (Лапин, 2016).

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, сауалнама респонденттердің зерттеу объектісіне қатынасын өлшеудің тиімді құралы болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Сауалнамалар респонденттер өз пікірін егжей-тегжейлі түрде білдіретін ашық немесе ұсынылған жауаптардың бірі тандалған жабық болуы мүмкін. Бірінші нұсқа респондент жауабының құрамдас бөліктерінің ең негізделген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Екіншісі әрі қарай графиктер немесе кестелер құру үшін есептеулер жүргізуді, сондай-ақ респонденттің қойылған сұраққа қатынасының деңгейін анықтауды қолдайды. Сауалнамаларды қолдану қысқа мерзімде респонденттердің көп санын қамтуға ықпал етеді. Сауалнама материалы негізінде зерттеуші деректердің жеткілікті үлкен көлемін талдау және есептеулер жүргізу, кестелер мен графиктер құру мүмкіндігін алады. Сауалнама материалдарымен жұмыстың бұл түрлері объективті нәтижелерге қол жеткізуге ғана емес, сонымен қатар оларды ең ыңғайлы және қолжетімді көрнекі түрде көрсетуге көмектеседі.

Нәтиже. ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының жұмыс тобының қызметкерлері жүргізген социологиялық сауалнама Қазақстанның ірі қалалары – Нұр-Сұлтан мен Алматыдан барлығы 42 ғылыми сарапшыны қамтыды. Респонденттер Қазақстан тарихындағы мейлінше оң рөл атқарған тарихи тұлғаларды көрсетуі тиіс болды. Бұл қалалар еліміздегі ең маңызды білім мен ғылым ошақтары орналасқан орталық ретінде таңдалды. Мұнда сұхбат алынған көптеген сарапшылар, тарих ғылымдарының кандидаттары мен докторлары, сонымен қатар PhD докторлары өздерінің ғылыми қызметін жүзеге асыратын көптеген ірі оқу орындары мен ғылыми мекемелер орналасқан.

Мәселен, Алматы қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, А.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, Еуразия технологиялық университетінің, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық технологиялық университетінің сарапшылары. Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің, Еуразиялық гуманитарлық институтының, М.С. Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетінің, «Шабыт» Қазақ ұлттық өнер университетінің респонденттері.


Әлеуметтанулық сауалнама бірқатар өте маңызды мәліметтерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, азаматтардың өз елінің тарихына деген қызығушылық деңгейі туралы қызықты мәліметтер алынды (1 сурет). Біріншіден, сарапшылардың басым көпшілігі Қазақстан азаматтарының өз тарихына деген қызығушылығын атап өте келе, оның «төмен» екенін көрсетті - 65,9%. Сәл аз сарапшылар қазақстандық қоғамның өз тарихына деген қызығушылығын «жоғары» деп бағалады. Бұл пікірді респонденттердің - 31,7% көрсетті.



1 сурет. Азаматтардың Қазақстан тарихына қызығушылығы

Сонымен қатар, зерттеуде ұсынылған кейіпкерлер әртүрлі, кейде қарама-қарсы, құндылық және идеологиялық көзқарастардың өкілдері екенін ескерген жөн. Мысалы, Қасым-хан, Әбілқайыр-хан, Абылай-хан, Д. Қонаев – мемлекеттің азды-көпті табысты көшбасшылары ғана емес, өмірдің түбегейлі әртүрлі үлгілерінің символдары. Тиісінше, әрбір елдің ішінде респонденттердің идеологиялық және саяси көзқарастарына байланысты оларға деген көзқарас әртүрлі.

Қазақстан тарихында аса маңызды және оң рөл атқарған қайраткерлерді анықтаудағы басты мәселе бойынша деректерді талдауға көшсек, мұнда мамандар негізінен мына тұлғаларды таңдады: Ә. Бөкейхан, Абылай-хан, Д. Қонаев, Қасым-хан, Керей мен Жәнібек хандар. Айта кету керек, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сарапшылардың жауаптарына сүйене отырып, келесі диаграмманы ұсынуға болады:



2 сурет. Қазақстан тарихында мейлінше оң рөл атқарған тұлғалар (Нұр-Сұлтан қаласының сарапшылары сауалнамасының нәтижелері бойынша)


Көріп отырғанымыздай, Нұр-Сұлтан қаласының сарапшыларының негізгі бөлігі бұл мәселеде Алаш ұлттық қозғалысының көшбасшысы Ә. Бөкейханның тұлғасын ерекше атап өтті. Оған орташа есеппен респонденттердің 54,8% таңдау берді.

Ғалымдардың таңдауы бойынша екінші орынға XVIII ғасырда өмір сүрген үш жүздің ханы Абылайдың тұлғасы орналасты. Оны респонденттердің 32,3% таңдаған.

Үшінші орынға Қасым-хан мен Д. Қонаев орналасты. Олардың әрқайсысына 22,6% берілген. XV-ң басында Қазақ хандығының күшейіп, территориясы мен халқының санының өсуі Қасым-хан билігі тұсына келеді. Ал, Д. Қонаев басқарған кеңестік кезеңдегі Қазақстанның өсіп-дамуы, және біраз респонденттердің сол кезеңнің өкілі болуымен, олар үшін кеңестік кезеңдегі республикалық өнеркәсіптік кешеннің құрылуымен ғана емес, сонымен бірге білім, ғылым, мәдениет салаларының дамуымен, сондықтан Д. Қонаев тұлғасы өте жағымды сезімдерді тудырады.

Төртінші орынға респонденттердің таңдауы бойынша қазақ хандарының арғы атасы Жошы-хан, Қазақ хандығының алғашқы билеушілері Керей мен Жәнібек хандар және қазақтың үш жүзінің соңғы ханы болған Кенесары - 12,9% орналасты.


Алматы қаласының сарапшыларының таңдауына келетін болсақ, олардың пікірлерінің диаграммасы мынадай болды:



3 сурет. Қазақстан тарихында мейлінше оң рөл атқарған тұлғалар (Алматы қаласының сарапшылары сауалнамасының нәтижелері бойынша)

Алынған нәтижелер көрсеткендей, Алматы қаласы бойынша сарапшылардың көпшілігі аса көрнекті тұлғалар деп бағалағандар арасында: Кіші жүздің билеушісі Әбілқайыр-хан, Орта жүздің билеушісі Абылай-хан және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы болған Д. Қонаев - 36,4%-дан алды. Ал Қазақ хандығының алғашқы билеушілері Керей мен Жәнібек хандар және Алаш Орда көсемі Ә. Бөкейхан - 27,3% көрсетілген. Алматы қаласы бойынша, жалпы респонденттер үшін аталған тарихи тұлғалардың рөлі баламалы түрде теңдей бөлінген, нәтижелер бойынша алшақтық шамалы екенін көруге болады. Бұл ретте, Әбілқайыр-ханның көрсетілуі қызығушылық тудырады. Бір жағынан, ол батыл қолбасшы, ұйымдастырушы ретінде танылса, екінші жағынан, оның қызметі Ресей империясының протекторатын қабылдауымен белгілі.

Жалпы, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының барлық сарапшыларының көрсеткен нәтижелері келесідей болды:



4 сурет. Қазақстан тарихында мейлінше оң рөл атқарған тұлғалар (Нұр-Сұлтан және Алматы қаласының сарапшылары сауалнамасының нәтижелері бойынша)

Көріп отырғанымыздай, сарапшылардың басым бөлігі Қазақстан тарихындағы аса көрнекті тұлға ретінде қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясының көсемі Ә. Бөкейханды (47,6%) ерекше атап өткен. Сарапшылардың жалпы таңдауында екінші орында Абылай-хан (33,4%) тұр. Сондай-ақ, респонденттер өз таңдауларында Д. Қонаев (26,2%), Қасым-хан (21,5%), Керей мен Жәнібек хандарды (16,6%) көрсеткен. Яғни, респонденттердің аталған тұлғаларды Қазақстан тарихындағы аса көрнекті тұлғалар деп таңдауы, бұл тарихи қайраткерлердің Отан тарихының әр кезіңіндегі маңызды рөлімен түсіндіруге болады.

Қорытынды. Жүргізілген социологиялық зерттеулердің нәтижелерін түйіндей келе, бірқатар қорытындылар жасауға болады. Сауалнамаға респонденттердің жауаптарын талдау олардың тарих ғылымының заманауи мәселелеріне деген қызығушылығын айқын көрсетеді, сондай-ақ Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының сарапшыларының пікірлерін білуге мүмкіндік береді. Қазақстандық қоғамның тарихқа деген қызығушылық деңгейін бағалау сұрағы бойынша респонденттердің басым көпшілігі халықтың бұл пәнге деген қызығушылығы бар, бірақ ол жоғары емес деп есептейді.

Қазақстан тарихында маңызды рөл атқарған тарихи тұлғаларды анықтау мәселесіне келсек, мұнда негізінен XV-XX ғасырлардағы тұлғалардың есімдері аталды. Елордалық сарапшылардың көпшілігі Ә. Бөкейхан, Абылай-хан, Қасым-хан және Д. Қонаевты атады. Алматылық респонденттердің таңдауы негізінен мынадай саяси қайраткерлер көрсетілді: Әбілқайыр-хан, Абылай-хан, Д. Сауалнамалық анкета сұрақтары қазақ тарихшылар қауымы өкілдерінің арасында белгілі бір қызығушылық тудырды деп айта аламыз. Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының сарапшыларының пікірлерін талдай отырып, респонденттердің ұстанымдары бір-біріне өте ұқсас бірнеше мәселелер бар екенін атап өтеміз.

Жалпы, зерттеу өте нәтижелі болғанын, ал алынған нәтижелер әлі жартылай өңделуде екенін айтамыз. Жүргізілген сауалнамалық зерттеу еліміздің халқын біріктіріп, ұлттық сананы қалыптастыруда шешуші рөл атқарған тарихи тұлғаларды анықтау мәселесіне қатысты сарапшылардың пікірлерін анықтауға елеулі ұйытқы болды. Тарихи тұлғалардың көптеген идеялары мен істері өзектілігін жоймай, бүгінгі ұрпаққа тартымды үлгі ретінде ұйытқы болуда. Мысалы, Кенесары ханның ұлт-азаттық қозғалысы мен Алаш қайраткерлерінің тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру әрекеті сәтсіз аяқталғанымен, олардың күресі қазақ мемлекеттілігін жаңғыртудың жарқын мысалы болды. Ә.Бөкейхан, Абылай-хан, Д. Қонаев, Қасым-хан, Керей

және Жәнібек хандардың қазақ мемлекеттілігінің дамуына қосқан үлесін және олардың саяси мұраларын зерттеу, оларды мәңгі есте қалдыру Қазақстан Республикасындағы тарихи сананың жаңа концепциясын жасау бойынша жұмыстардың маңызды құрамдас бөлігі болуы тиіс.

Алғыс

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржылық қолдауымен, мемлекеттік тапсырыс аясында ЖТН OR11465459 «Қазақстанның қазіргі заманғы тарих ғылымын қалыптастырудың ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жобасына (ПЦФ) қатысты дайындалды.

Information about the authors:

D.A. Jumagaliyev – Master of Humanities, Institute of History of the State CS MES RK, Nur-Sultan, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-3578-6467>, darhanbai@mail.ru;

Z.K. Arynova – Master of Humanities, Institute of History of the State CS MES RK, Nur-Sultan, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-6284-233X>, z_k_71@bk.ru.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Абдуллаев Р.С., Гасанов М.М. Анкетирование и интервью как методы исследования социокультурной идентичности (на примере молокан Азербайджана) // Collegium Linguisticum-2021. Сборник научных статей ежегодной конференции Студенческого научного общества МГЛУ. Редколлегия: И.А. Гусейнова [и др.]. Москва: Московский государственный лингвистический университет, 2021 – С. 373-380.

Адиев А.З. Общероссийская идентичность в Дагестане (по данным опросов 2016–2019 гг.) // Социологические исследования № 4, 2021 – С. 136-142.

Амбарцумов И.В. Предмет «история» с точки зрения студентов непрофильных факультетов и заведений // Гуманитарный научный вестник. 2019. №2 – С. 1-10.

Бажанов Д.А., Хуциев В.В. Студенты-историки младших курсов как носители исторической памяти (по материалам анкетирования студентов I и II курсов института истории и социальных наук РГПУ им. А.И. Герцена, направление «История») // Герценовские чтения 2020. Актуальные проблемы русской истории. Сборник научных и учебно-методических трудов Всероссийской научной конференции. Редколлегия: А.Б. Николаев (отв. ред. и отв. сост.) [и др.]. Санкт-Петербург, 2021. Издательство: Центр научно-информационных технологий «Астерион». – С. 334-340.

М.Р. Горюнова, О.Р. Шефер и Т.Н. Лебедева Принцип историзма как основа культурно-просветительской деятельности учителя физики в школе // Вестник Южно-Уральского государственного гуманитарно-педагогического университета - № 1 (161), 2021 – С.65-91.

Дунаев В.Ю., Курганская В.Д. Формирование общеказахстанской идентичности как предмет преподавания Казахстана // Историческая память как источник конструирования казахстанской идентичности. Мат. 4-й г. науч.-практ. конф. Научно-экспертной группы АНК г. Алматы (26 ноября 2015 г., Дом Дружбы). – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2016. – 140 с.

Задорин И.В., Баринов С.В., Зайцев Д.Г. Восприятие молодежью новых независимых государств истории советского и постсоветского периодов. Краткий аналитический отчет по результатам массовых опросов населения. 2009 (52 с.) [Электрондық ресурс] Циркон. Портал российской прикладной социологии. <http://www.zircon.ru/upload/File/russian/publication/1/090909.pdf> (Қараған күні: 20.02.2022).

Илеуова Г.Т. Основные исторические события Казахстана в восприятии населения страны. 2015. [Электрондық ресурс] ОФ ЦСПИ «Стратегия». <https://www.ofstrategy.kz/index.php/ru/research/socialresearch/item/457-osnovnye-istoricheskie-sobytiya-kazakhstan-v-vospriyatii-naseleniya-strany> (қараған күні: 14.02.2022).

Коновалов А.П. Оценки уровня исторического сознания (исследования в Восточном Казахстане) 2015. [Электрондық ресурс] Global International Scientific Analytical Project. http://kazakhstan.news-city.info/docs/sistemsl/dok_pegeez.htm (қараған күні: 12.12.2021).

Копцева Н.П. Проведение экспериментального прикладного культурного исследования межкультурной коммуникации: фокус-группы, личное интервью, анкетирование, получение экспертного мнения (на материале исследования Красноярского края) // Современные проблемы науки и образования. 2013. – № 3. – С. 410.

Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры». 2018 жылғы 21 қараша. [Электрондық ресурс]. (elbasy.kz) <https://elbasy.kz/sites/default/files/pagefiles/2020-10/uly-dalanyn-zheti-kyry.pdf> (қараған күні: 01.02.2022).

Омаров Е.С. Казахская цивилизация в оценках алматинцев // Социологические исследования. -2006. – №6. – С. 69-72.

Романовский Н.В. Историческая социология в структуре социологического знания // Социологические исследования. – 2000. – №6. – С.10-19.

Султангазы Г.Ж., Мукатаева Л.К. Историческая память в условиях современного Казахстана: поиски героев и смыслов. [Электрондық ресурс]. Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». № 2(22), 2020. <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1426> (қараған күні: 17.02.2022).

Тоқаев Қ.-Ж.К. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. [Электрондық ресурс]. (akorda.kz) https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (қараған күні: 01.02.2022).

Тоқаев Қ.-Ж.К. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2021 жылғы 1 қыркүйек [Электрондық ресурс]. (akorda.kz) <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (қараған күні: 01.02.2022).

Тощенко Ж.Т. Историческое сознание и историческая память. Анализ современного состояния // Новая и новейшая история. – 2000, №4. – С.3-14.

Утенков В.М., Закалин А.С. Об историческом сознании студенческой молодежи // Социологические исследования. – 2000, №6. – С.119-122.

Ценности и идеалы независимого Казахстана. Коллективная монография / Под общ. ред. Шаукеновой З.К. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015. – 322 с.

Lapin N.S., Tomanova M.S. Historical Consciousness and Perception of National History by Kazakhstan Youth in the 20th Century // Indian Journal of Science and Technology. – 2016, Volume: 9, Issue: 48. P: 1-11. DOI: 10.17485/ijst/2016/v9i47/108366.

Subrt J., Vinopal J., Vavra M. The czechs and their history: a contribution to the study of historical consciousness// Вестник РУДН, серия Социология, 2012. – № 1. – С. 66-89.

REFERENCES:

Abdullayev R.S., Gasanov M.M. Anketirovaniye i interv'yu kak metody issledovaniya sotsiokul'turnoy identichnosti (na primere molokan Azerbaydzhana) [Questionnaire and interview as a method of researching sociocultural identity (on the example of Molokan Azerbaijan)] // Collegium Linguisticum-2021. Sbornik nauchnykh statey yezhegodnoy konferentsii Studencheskogo nauchnogo obshchestva MGLU. Redkollegiya: I.A. Guseynova [i dr.]. Moskva: Moskovskiy gosudarstvennyy lingvisticheskiy universitet, 2021 – P. 373-380. [in Russian].

Adiyev A.Z. Obshcherossiyskaya identichnost' v Dagestane (po dannym oprosov 2016–2019 gg.) [All-Russian identity in Dagestan (according to surveys 2016–2019)] // Sotsiologicheskiye issledovaniya № 4, 2021 – P. 136-142. [in Russian].

Ambartsumov I.V. Predmet «istoriya» s tochki zreniya studentov neprofil'nykh fakul'tetov i zavedeniy [The subject of «history» from the point of view of students of non-specialized faculties and institutions] // Gumanitarnyy nauchnyy vestnik. 2019. №2 – P. 1-10. [in Russian].

Bazhanov D.A., Khutsiyev V.V. Studenty-istoriki mladshikh kursov kak nositeli istoricheskoy pamyati (po materialam anketirovaniya studentov I i II kursov instituta istorii i sotsial'nykh nauk RGPU im. A.I. Gertsena, napravleniye «Istoriya») [Students-historians of junior courses as carriers of historical

memory (according to the materials of questionnaires of students I and II courses of the Institute of History and Social Sciences of RGPU named after AI Herzena, direction «History») // Gertsenovskiy chteniya 2020. Aktual'nyye problemy russkoy istorii. Sbornik nauchnykh i uchebno-metodicheskikh trudov Vserossiyskoy nauchnoy konferentsii. Redkollegiya: A.B. Nikolayev (otv. red. i otv. sost.) [i dr.]. Sankt-Peterburg, 2021. Izdatel'stvo: Tsentr nauchno-informatsionnykh tekhnologiy «Asterion». – P. 334-340. [in Russian].

Goryunova M.R., Shefer O.R. and Lebedeva T.N. Printsip istorizma kak osnova kul'turno-prosvetitel'skoy deyatel'nosti uchitelya fiziki v shkole [The principle of history as the basis of cultural and educational activity of a teacher of physics at school] // Vestnik Yuzhno-Ural'skogo gosudarstvennogo gumanitarno-pedagogicheskogo universiteta – № 1 (161), 2021 – P.65-91. [in Russian].

Dunayev V.Yu., Kurganskaya V.D. Formirovaniye obshchekazakhstanskoy identichnosti kak predmet prepodavaniya Kazakhstana [Formation of Kazakhstani identity as a subject of teaching Kazakhstan] // Istoricheskaya pamyat' kak istochnik konstruirovaniya kazakhstanskoy identichnosti. Mat. 4-y g. nauch.-prakt. konf. Nauchno-ekspertnoy gruppy ANK g. Almaty (26 noyabrya 2015 g., Dom Druzhby). – Almaty: IFPR KN MON RK, 2016. – 140 p. [in Russian].

Zadorin I.V., Barinov S.V., Zaytsev D.G. Vospriyatiye molodezh'yu novykh nezavisimyykh gosudarstv istorii sovetskogo i postsovetskogo periodov. Kratkiy analiticheskiy otchet po rezul'tatam massovykh oprosov naseleniya. [The perception of the youth of the newly independent states of the history of the Soviet and post-Soviet periods. A brief analytical report on the results of mass population surveys] 2009 (52 p.) [Elektrondyk, resurs] Tsirkon. Portal rossiyskoy prikladnoy sotsiologii. <http://www.zircon.ru/upload/File/russian/publication/1/090909.pdf> (Karagan күнн: 20.02.2022). [in Russian].

Ileuova G.T. Osnovnyye istoricheskiye sobyitiya Kazakhstana v vospriyatii naseleniya strany. [The main historical events of Kazakhstan in the perception of the population of the country] 2015. [Elektrondyk resurs] OF TSSPI «Strategiya». <https://www.ofstrategy.kz/index.php/ru/research/socialresearch/item/457-osnovnye-istoricheskiesobyitiya-kazakhstana-v-vospriyatii-naseleniya-strany> (karagan күнн: 14.02.2022) [in Russian].

Konovalov A.P. Otsenki urovnya istoricheskogo soznaniya (issledovaniya v Vostochnom Kazakhstane) [Assessment of the level of historical consciousness (research in East Kazakhstan)] 2015. [Elektrondyk, resurs] Global International Scientific Analytical Project. http://kazakhstan.news-city.info/docs/sistems/dok_pegeez.htm (karagan күнн: 12.12.2021) [in Russian].

Koptseva N.P. Provedeniye eksperimental'nogo prikladnogo kul'turnogo issledovaniya mezhkul'turnoy kommunikatsii: fokus-gruppy, lichnoye interv'yu, anketirovaniye, polucheniye ekspertnogo mneniya (na materiale issledovaniya Krasnoyarskogo kraya) [Conducting experimental applied cultural research of intercultural communication: focus groups, personal interviews, questionnaires, obtaining expert opinions (on the material of research of Krasnoyarsk Krai)] // Sovremennyye problemy nauki i obrazovaniya. – 2013. – № 3. – P. 410. [in Russian].

Nazarbayev N.A. «Uly dalanın jeti qırı». [Seven Edges of the Great Steppe] 2018 jilǵı 21 qaraşa. [Elektrondıq resurs]. (elbasy.kz) <https://elbasy.kz/sites/default/files/pagefiles/2020-10/uly-dalany-zhetikyry.pdf> (qaragan күні: 01.02.2022).

Omarov Ye.S. Kazakhskaya tsivilizatsiya v otsenkakh almatintsev [Kazakh civilization in the assessment of Almaty residents] // Sotsiologicheskiye issledovaniya. -2006, №6. – P. 69-72. Romanovskiy N.V. Istoricheskaya sotsiologiya v strukture sotsiologicheskogo znaniya [Historical sociology in the structure of sociological knowledge] // Sotsiologicheskiye issledovaniya. – 2000, №6. – P.10-19. [in Russian].

Sultangazy G.Zh., Mukatayeva L.K. Istoricheskaya pamyat' v usloviyakh sovremennogo Kazakhstana: poiski geroyev i smyslov. [Historical memory in the conditions of modern Kazakhstan: search of heroes and meanings] [Elektrondyk resurs]. Elektronnyy nauchnyy zhurnal «edu.e-history.kz». № 2(22), 2020. <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1426> (karagan күнн: 17.02.2022) [in Russian].

Toqayev Q.-J.Q. Jaca jaǵdaydaǵı Qazaqstan: is-qımıl kezeci. Memleket Basşısı Qasım-Jomart Toqayevtin Qazaqstan Xalıqına Joldawı. [Kazakhstan in the new situation: the stage of action. Address of

the President Kassym-Zhomart Tokayev to the people of Kazakhstan] 2020 jilgi 1 qırkıyek. [Elektronlıq reswrs]. (akorda.kz) https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (karağan kьni: 01.02.2022) [in Kazakh].

Toqaeв Q.-J.Q. Xalıq birligi jane jьyeli reformalar - el ırkendewinic berik negizi. Memleket Basşıı Qasım-Jomart Toqaevtın Qazaqstan Xalıqına Joldawı. [People's unity and systemic reforms are a solid foundation for the country's prosperity. Address of the President Kassym-Zhomart Tokayev to the people of Kazakhstan] 2021 jilgi 1 qırkıyek [Elektronlıq reswrs]. (akorda.kz) <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (karağan kьni: 01.02.2022) [in Kazakh].

Toshchenko Zh.T. Istoricheskoye soznaniye i istoricheskaya pamyat'. Analiz sovremennogo sostoyaniya [Historical consciousness and historical memory. Analysis of the current state] // Novaya i noveyshaya istoriya. – 2000, №4. – P.3-14. [in Russian].

Utenkov V.M., Zakalin A.S. Ob istoricheskom soznanii studencheskoy molodezhi [On the historical consciousness of student youth] // Sotsiologicheskiye issledovaniya. – 2000. – №6. – P.119-122. [in Russian].

Tsennosti i idealy nezavisimogo Kazakhstana. Kollektivnaya monografiya [Values and ideals of independent Kazakhstan. Collective monograph] / Pod obshch. red. Shaukenovoy Z.K. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2015. – 322 p. [in Russian].

Lapin N.S., Tomanova M.S. Historical Consciousness and Perception of National History by Kazakhstan Youth in the 20th Century // Indian Journal of Science and Technology. – 2016, Volume: 9, Issue: 48, P: 1-11. DOI: 10.17485/ijst/2016/v9i47/108366 [in English].

Subrt J., Vinopal J., Vavra M. The czechs and their history: a contribution to the study of historical consciousness// Vestnik RUDN, seriya Sotsiologiya, 2012, № 1. – P. 66-89. [in English].

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_91-100

FTAMP 03.41.91

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕЙІНГІ САРМАТ МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘН ЖЕРЛЕУ ҒҰРПЫ

Қ.А. Жамбулатов * 

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: kairo_88@inbox.ru (Жамбулатов)

Аңдатпа. Мақалада қазіргі Батыс Қазақстан аумағында б.д. II ғ. екінші жартысы – IV ғ. аралығында өмір сүрген көшпелі халыққа тән жерлеу салтын сипаттайтын статистикалық мәліметтер келтірілген. Іріктемеге барлығы екі жүзден астам нысан есепке алынды. Жайық өзенінің бойы мен Мұғалжар маңында орналасқан кейінгі сармат мәдениеті ескерткіштерінің өңірлік ерекшеліктерінің бар екендігі байқалады. Бұл ерекшеліктердің қатарына қорым ішінде «П» және «батпантас» («гантель») тәрізді бірегей нысандардың кездесуі, жерлеу ғұрпының бірнеше түрлерінің таралуы жатады. Дегенмен, аталған екі өңірдегі кейінгі сармат ескерткіштерінде де қос өңірге ортақ қасиеттер сақталған. Олардың қатарына: қабір шұңқырының пішіні, жерленген адамның басын солтүстік секторге қарату, бас сүйек деформациясы және т.б. жатады. Атап айтқанда, Батыс Қазақстанның барлық аумағында таралған жерлеу салты, атап айтқанда, қабір шұңқырларының пішіні, жерлеу мүлкі және т.б. ерекшеліктері ортақ, әрі біртұтастыққа ие. Бұл нысандар нақты бір жерлеу салты, діни-ғұрыптық жерлеу немесе тек діни мақсатта қолданылған.

Түйін сөздер: Батыс Қазақстан, кейінгі сармат кезеңі, қорым, «батпантас», жерлеу салты.

МРНТИ 03.41.91

ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД ПОЗДНЕСАРМАТСКОЙ КУЛЬТУРЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА

К.А. Жамбулатов *

Институт археологии им. А.Х. Маргулана. Казахстан, Алматы.

*Корреспондирующий автор

E-mail: kairo_88@inbox.ru (Жамбулатов)

Аннотация. В данной работе приведены статистические данные по погребальному обряду населения позднесарматской культуры, проживавшего на территории современного Западного Казахстана во второй половине II–IV в. н.э. Всего в выборке было учтено свыше 200 объектов. По внешним признакам, в том числе расположению в могильных комплексах своеобразных и в тоже время уникальных «П»-образных и «гантелевидных» сооружений, а также по некоторым элементам погребального обряда выделяются региональные особенности для позднесарматских памятников бассейна р. Жайык и Мугалжар. При этом позднесарматские памятники обоих локальных регионов сохраняют свои единые диагностирующие признаки: форма могильной ямы, ориентировка погребенного в северный сектор, деформация свода черепа и устойчивый набор погребального инвентаря. Несомненно, что все выделенные объекты несут в себе определенную погребальную, культово-погребальную или только культовую нагрузку.

Ключевые слова: Западный Казахстан, позднесарматское время, погребальный обряд.

IRSTI 03.41.91

**FUNERAL RITE OF THE LATE SARMATIAN CULTURE
OF WESTERN KAZAKHSTAN****Kairat Zhambulatov***

A.Kh. Margulan Archeology Institute. Kazakhstan, Almaty.

*Corresponding author

E-mail: kairo_88@inbox.ru (Zhambulatov)

Abstract. The article presents statistical materials on the funeral rite of the nomadic population living on the territory of modern Western Kazakhstan in the second half of the 2nd–4th centuries AD, which are united into a single Late Sarmatian culture. In total, more than two hundred objects were taken into account in the sample. According to external features, regional features are distinguished for the Late Sarmatian monuments of the Jaiyk and Mugaljar river basins. In particular, according to the location in the burial complexes of peculiar and at the same time unique “П”-shaped and “dumbbell-shaped” structures and some elements of the funeral rite. At the same time, the Late Sarmatian monuments of both local regions retain their common diagnostic signs, manifested in the form of a grave pit, the orientation of the backbone to the northern sector, the deformation of the cranial vault and a stable set of funeral equipment. These objects were used as a specific burial rite, religious-ritual burial, or only for religious purposes.

Key words: Late Sarmatian time, Western Kazakhstan, funeral rite.

Кіріспе. Біздің дәуіріміздің II ғасырының екінші жартысынан бастап сармат мәдениетінің аясында елеулі өзгерістер орын ала бастайды. Соның ішінде, өлім-жітімді жөнелту, марқұмды соңғы сапарға аттандыру сынды діни сипаттағы рәсім-жоралғылар өзгеріске ұшырайды. Мамандардың пікірінше, бұл өзгерістердің жүзеге асуына Оңтүстік Орал маңына басқа жақтан көшпелі тайпалардың қоныс аударып келуі себеп болған. Бұл тайпалар өз кезегінде кейінгі сармат мәдениетінің қалыптасуына негіз болады. Олар бұдан кейін батысқа қарай қозғала отырып, Солтүстік Қара теңіз маңына дейін жетеді. Оңтүстік Орал маңына кейінгі сармат тайпалары келмес бұрын бұл жердегі жерлеу салты көршілес далалы-орманды Орал мен Еділ-Дон өңірлерінде қалыптасқан салт-жоралғыларға қарағанда «таза» күйінде сақталған еді (Мошкова, 2009: 163–165; Малашев, Мошкова, 2010: 37–56). Сондықтан Оңтүстік Орал маңындағы кейінгі сармат мәдениетіне тән жерлеу салт-жоралғыларын жан-жақты зерттеу арқылы осы далада орын алған күрделі тарихи оқиғаларды түсінуге болады.

Материалдар мен әдістер. Жалпы алғанда, Батыс Қазақстанның екі облысынан кейінгі сармат мәдениетіне жататын 204 нысан зерттелінген. Оның ішіндегі 172 нысан оба үйінділері ретінде тұрғызылған. Үйіндісі жоқ 2 жерлеу орны бар. Сегіз қабір бұл кезеңге дейінгі ерте дәуірде тұрғызылған оба үйінділерінің ішінде жасалған. Бұлардан бөлек, «гантель» (8 нысан) және «П» тәрізді құрылыстар (5 нысан), сақина сынды құрылыс (5 нысан) пен қабірі жоқ оба үйінділері (4 нысан) кездеседі. Барлық нысаннан жалпы 190 қабір орны анықталған. Оның ішінде 8 қабір «гантель» және «П» тәрізді құрылыс орындарынан табылды. Бұл аталған құрылыстардың барлығы кейінгі сармат мәдениеті ескерткіштеріне ерекше сипат береді.

Бірқатар шартты белгілер бойынша Батыс Қазақстан аумағында орналасқан кейінгі сармат кешендері аталған аймақтың физикалық-географиялық ерекшеліктеріне байланысты екі өңірге бөлінеді. Біріншісі, Жайық өзенінің алабы болса, екіншісі Мұғалжар өңірі (Кейінгі сармат мәдениетінің өңірлік ерекшеліктерін жете түсіну үшін Мұғалжар ұғымының астында Жайық-Жем үстіртінің батысы мен Мұғалжар тауларының шығыс сілемдері аралығындағы даланы есепке алу қажет).

Мұндай белгілер кейінгі сармат мәдениеті кешендерінің планиграфиясында айқын байқалады. Мәселен, Жайық өзенінің алқабында кейінгі сарматтар өздерінің қорымдарын биік

жағалауларда жасаған (Мамай, Қисық-Қамыс-I, Ноғай-Чижень-I, Гниловский, Барбастау-II және т.б.). Олар өздерінің кішігірім обаларын бұларға дейінгі дәуірлерде тұрғызылған үлкен обалардың мандарына шоғырландырып, жалпы өзен бағытына сәйкес тізбектей орналастырған. Мұнда кейінгі сарматтар көптеген обаларадан құралатын қорымдар жасамады. Сонымен қатар, мұнда Мұғалжар өңіріне тән «гантель», «П» тәрізді және басқа да құрылыс орындары кездеспейді. Бұндай жерлеу орындары Жайық өзенімен шектеліп, одан әрі батысқа қарай таралмаған (Скрипкин, 1984: 149; Кривошеев, 2005: 321; Мошкова, 2007: 108).

Мұғалжар өңірінде жоғарыда көрсетілген жерлеу орындары көптеп кездеседі. Сондай-ақ олар кейінгі сармат мәдениетінің әрбір кешенінде орналасқан (Боталов, Бисембаев, 2002: 108–116; Дуйсенгали және т.б., 2018: 237).

Мұғалжарда кейінгі сармат мәдениетінің қорымдары Жем, Ойыл, Ор, Ырғыз, Қалдығайты және т.б. өзендердің алқаптарында орналасқан. Өңірдің жер бедерінің әр-түрлі болып келуі де ескерткіштердің таралуына әсер етті. Мәселен, Целинный-I, Ульке-II, Басшилi, Атпа қорымдары төбелердің, үстірттердің биік жерлерінде орналасқан. Ал Ақбұлақ-II-III, Таскопа-III сынды ескерткіштер биік және еңіс терассалардан анықталды. Олар ендік бағытта бір немесе бірнеше қатарға тізбектеле орналасқан (Дуйсенгали және т.б., 2018: 237–241; Боталов, Гуцалов, 2000: 266).

Кейінгі сарматтар марқұмды дөңгелек формадағы үйіндінің астына жерлеген. Оба көп жағдайда топырақтан тұрғызылған. Оба құрылысына тастарды қолдану әдісі сирек кездеседі. Тастардың қолданылуы 9 жағдайда және тек қана Мұғалжар өңірінде байқалады.

Сыртқы немесе қорғаннан тыс құрылыс элементтеріне қазылған ор мен котловандар жатады. Олар оба үйіндісіне топырақ әзірлеу жұмыстарының нәтижесінде пайда болған. Мұғалжар өңірінде мұндай обалардың жалпы саны – 13. Орлар әдетте дөңгелек формада жасалған. Қазіргі жер бетінде оларды үстіндегі өсімдіктің қалың өсуінен байқауға болады. Қазылған орлардың үзілетін жерлері байқалмайды, яғни, олар тұтас келеді. Сондай-ақ ор мен үйіндінің арасында болатын кеңістік қалдырылмайды. Ордың ішкі қабырғасы бірден үйіндіге ұласып кетеді. Орлардың тереңдігі 0,15 пен 0,3 м, ені 1-2 м аралығында.

Көп жағдайларда оба үйінділерінің диаметрі үлкен емес, 6-10 м аралығында. Оба диаметрінің орташа коэффициенті 10,7 м, биіктіктікі 0,3 м. Тек қана сегіз обаның диаметрлері 20-34 м (4,7%).

Қазақстан аумағы әр түрлі этникалық топтардың көші-қонуына үнемі ұшырады. Әсіресе ғұндардың, кейін түркі тайпаларының ұлы қоныс аудару дәуірінде және моңғол шапқыншылығы дәуірінде қарқынды этникалық араласу қазақтардың сыртқы келбетінде өз ізін қалдырды. Сонымен қатар, қарқынды этномиграциялық үрдістер кезеңінде қазақтардың ата-бабалары басқа этностық топтардың өкілдерімен араласып, оларды көбінесе өз этносына ассимиляциялады.

Түркі қағанаты алғашқы феодалдық мемлекет болғандығын анық. Қазақ халқының құрамына Қазақстанның оңтүстік аумақтарында тұратын қаңлылар кірді. Содан кейін олар солтүстік-батыс сармат тайпаларымен араласып кетті. Осының бәрі кейіннен қазіргі қазақ халқын қалыптастырған Қазақстанның алғашқы этностары болып табылады. Қазіргі Қазақстан аумағын түркі тайпаларымен қоныстандыру – қазақ халқының қалыптасуының екінші кезеңі. Уақыт өте келе ягма, дулат, болаттар, қарлұқтар және басқа да көптеген тайпалар пайда болды. Қазақстанның этникалық құрамы тек ұлғая түсті. Қазақ ұлтының қалыптасуы қоныстар мен тайпалардың әртүрлі өмірлік аспектілерінің жақындығы негізінде өтті.

Қазақ топырағынан жаралған түркі тектес тайпалар, түркі тектес ұлыстар адам баласының тарихына өшпес із қалдырғаны белгілі. Дей келе, заманымыздың X ғасыр шенінде Еуразия

сахарасында сан тайпалардың жиынтығы болған тектерден этностардан бөліну процестері басталғаны белгілі. Лев Гумилев айтқандай, XI ғ. түркі суперэтнос санатында сөне бастады деген деректер келтірген (Гумилев 1989: 19). Қыпшақ «түркі» деген жинамалы этнонимді ысырып тастап, өзі супер этносқа – барлық тайпалардың жиынтық атауына айналды, басқа түркі тайпалардың бірден-бір ұйтқысы болды деген пікірін келтірген. Оны Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресіндегі деректермен нақтылайды. Ғалым «қыпшақ», «қазақ» атаулары қатар шыққандығын айтып, ол тарихтың бір белесінде қыпшақ одағына кірді де, сол сәтте жалпы түрік тайпалары сияқты қыпшақ тонын жамылып жүре берді деген тұжырым жасаған. Оны парсы, Византия, араб, орыс, қытай тарихи деректерімен дәлелдеп көрсеткен.

«Қазақ» атауының төркіні туралы бірқатар ғалымдардың тың деректерін келтіріп, оның қай кезеңде пайда болғандығын талдап, қыпшақ деген халық болып аталған қазақтар түркі әлемінің қара шаңырағы болған деген ойын айтқан. Егер атақты шығыстанушылар Н. Аристов пен А. Бернштам ғұндарды түркі этногенезінің мәйегі деп қараса, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазақты түркілердің мәйегі есебінде қарастыратынын ашып айтқан. Ғалым Манаш Қабашұлы моңғол үстемдігі кезінде де қазақ этносы өзінің даму жолын тоқтатпағанын айтады. Автордың айтуынша моңғол империясы барша қазақ жерін біріктіріп, ататегінен келе жатқан қасиеттерін сақтағандығы туралы мәліметтер келтірген.

Ғалым жаңа дәуірде әлемдік өркениетке мән мен сән берген, үн мен күй берген, сыр мен жыр берген Дала өркениетінің ұлыларының үлесі зор екендігін ерекше атап өткен. Сондай-ақ Дала өркениеті ғылым мен білімге, өнерге, рухани өмірге ғажайып үлес қосқандығын көрсеткен. Бірқатар зерттеулер көрсетіп отырғандай моңғол шапқыншылығына дейін қыпшақтардың жетекшілігімен қазақ этносының қалыптасу кезеңі өзінің аяқталу кезеңіне енді.

Бүгінгі таңда генетикалық деректер қазақтардың антропологиялық зерттеулеріне қайшы келмейтін тарихи деректерді толықтырады. Оразақ Ысмағұловтың деректері бойынша, 20 ғасырдағы қазіргі қазақтар 13 ғасырда антропологиялық тұрғыдан қалыптасты және 13 ғасырдағы Алтын Орданың көшпелі халығынан еш айырмашылығы жоқ (Исмагулов, 2007: 65). Бұл тұжырымдар кластерлік талдау жүргізген Л.Т. Яблонскийдің деректерімен расталады, соның нәтижесінде Алтын Орданың (төменгі Поволжье) көшпелілеріне қазіргі қазақтар ең жақын болып шықты, ал қазіргі татарлар, өзбектер және чуваштар Алтын Орданың қала тұрғындарына жақын болып шықты (Яблонский, 2008: 29). Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, қазақтар генетикалық және антропологиялық тұрғыдан Алтын Орданың негізгі «мұрагерлерінің» бірі болып табылады деген тұжырым жасалған. Сонау екі мыңжылдық жігінде аты аталатын қазақтар, көк теңіздің солтүстігін, Қобаннан шығысқа қарай мекендеген «Қазақия» елі күш алып, бір этносты өз атымен біріктірді. Басқаша айтқанда, сайын этностардың эволюциялық дамуы 1500-2000 жылғы созылды.

Сондай-ақ әлемдегі өз орнына деген әлеуметтік-психологиялық танымдар мен стереотиптерді қамтитын этникалық қауымдастықтың ділдік түсініктерінің жиынтығын да айта аламыз. Рулар мен тайпаларға бөліну дәстүрлері бұрынғы уақыттан сақталған.

Өтеміс қажының «Шыңғыснама» еңбегінде қазақ хандары династиясының негізін қалаушы Жошы ұрпағы Орыс хан (1369-1376) деп санаған. ХҮ ғасырдың екінші жартысында қазақ деген термині Шу мен Талас өзендері аралығындағы өзбек ханы Әбілхайырдан көшіп келген тайпалар тобы аталды. Өзбек ұлысынан Жетісуға қоныс аударған Жәнібек пен Керей қазақ халқы этногенезі шешуші рөл атқарған. Бірақ бұл рөлдің маңызы халықтың өзін қалыптастыруда емес, оның қазіргі атауында еді. Өзбек хандығы Әбілхайыр ханның саясатына наразы бір топ бытырап кеткен тайпалар ғана емес, сол жерде Дешті Қыпшақта тұрған рулар мен тайпалардың бірігуі, Орыс ханның ұрпақтары ұлысының халқы бөлініп, Жетісуға қоныс аударды. Сондықтан қоныс аудару қазақ халқының пайда болуын анықтаған жоқ, тек оны қосу үрдісін жеделдеткен. Бұл үдерістің өтпелі сипаты «өзбек-қазақ» терминімен жақсы дәлелденген. Қазақ ұлтының қалыптасуының соңғы кезеңі – бұл ХҮ ғасырдың екінші жартысының басында Шығыс Дешті Қыпшақ халқы қандай болған, өз дамуының әртүрлі сатыларында болған рулардың, тайпалардың конгломератынан белгілі бір тайпалар тобын бөлу, оқшаулау үрдісі. Бұл оқшаулау процесі бірқатар факторлардың, әсіресе саяси факторлардың әсерінен болған.

Қазақ халқының ақтық білім алуына бірнеше ғасыр өтті. Кезең XIV ғасырда басталып, XVI ғасырдың басында аяқталды. Осы уақыт ішінде кез-келген ұлт қалыптасатын маңызды жағдайға қол жеткізілді – олар өз мемлекетінің атауын ойлап тапты. Бірте-бірте моңғолдардың ұстанымдары әлсірей бастады, ал қазақтың этникалық санасы тек күшейе түсті. Түркі тайпалары моңғолдармен бірікті, өйткені олар көшпелі өмір салты, руханият және мәдениет туралы ұқсас түсініктерге ие болды. Содан кейін ұлттық атауы бар біртұтас мемлекет құру идеясы пайда болды. Осылайша қазіргі қазақтардың ата-бабалары ұлтты қалыптастыру жолына түсті. Бірыңғай ұлт құруға үмтылыс болғанымен, қазақтарда бұрынғысынша жүздерге бөліну болды. Өз кезегінде жүздер руларға бөлінді, олардың арасында субгенуска бөлінген үлкен бірлестіктер болды. Әрбір бірлестік жауынгерлік түмен ерекшеленді, сонымен бірге «Алаш» деген жалпы атау болды. Ту – таңба деп аталатын жалпы белгі. Әр тұқымның өзіндік белгісі болды, олар жануарларды, күнделікті заттарда, қару-жарақтарда, сәулет өнерінде қолданылды. Тамға – бұл жай ғана жалпы белгі емес, өзіндік шығу тарихы бар символ. Әрбір жалпы белгінің шығу тегі әлі күнге дейін сенімді емес. Бұл қазақ халқының тарихын әлі де зерттеу керек екенін көрсетеді, өйткені қазіргі тарихшылардың бәрі бірдей біліне бермейді. Әрбір таңба – әлемдік мәдениеттің қазынасы. Сондай-ақ шежіре бар. Мұндай жинақтарда Қазақстан аумағында бұрын мекендеген тайпалардың қалыптасу тарихы сипатталған. Қазақстан халқының қалыптасуының ұсынылған кезеңдері жаңалықтардың, әлеуметтік-саяси талдаулардың арқасында белгілі. Белгілі деректер бойынша, қазақ ата-бабаларына ұлттық мәдениеттің қалыптасуы қаншалықты қиын болғанын көрсетеді. Сондықтан қазіргі қазақтарға ғасырлар бойы қалыптасқан нәрсені сақтау керек.

Екінші мыңжылдық ішінде Дала өркениетінің, қазақ халқының жоғалтқандары да аз емес еді. XVIII ғасырда көшпенділік өркениеттің қабырғасы сөгіліп, отаршылық жүйесі Еуразия даласында жүзге тарта ұлттар мен ұлыстарды жойып жіберген. Бірқатар халықтардың генефонды әлсірегендігі белгілі. Дегенмен қазақ халқы өз болмысын сақтап қалған еді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, қазақ халқының этногенезі туралы мәселені антропологиялық тұрғыдан бір мезгілде қарастыру қажет деп айтуға болады. Тарихи кезеңге қарамастан, этномәдени мұраның объективті тасымалдаушысы және негізгі құрушысы әрқашан адам болған және болып қала береді. Жекелеген этникалық топтардың географиялық орналасуына байланысты мұрагерлік белгілердің көріну жиілігі әр түрлі болатыны белгілі. Бұл генетикалық байланысты ұлттардың нәтижесін шығарып, олардың өзара байланысын анықтай алатын адамның биологиялық табиғаты.

Белгілі бір гендердің белгілі бір халықтың өкілдері арасында таралуы халықтың этникалық тарихының, оның көші-қонының, ассимиляциясының сөзсіз дәлелі болып табылады. Демек, ғасырлар бойы бақыланып келген генетикалық ерекшеліктер негізіндегі антропологиялық талдауды негізге ала отырып, Қазақстан халқының этникалық та, тарихи дамуының да негізгі бағыттарын анықтауға болады. Сайып келгенде, этногенез процесі жедел процесс емес, ол қарапайым қоныс аударумен жүрмейді. Этногенез – бұл тұрақты процесс, ол үздіксіз және әрқашан жағдайларға немесе саяси ерік-жігерге қарамастан жүреді. Сондықтан қазақ этносы – бұрын-соңды қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген, ешқайда жай жоғалып кетпеген және қандай да бір жолмен қазақтардың этногенезін анықтаған халықтардың ұжымдық бейнесінің даму жолы болып табылады. Бұрын халық өзін сәйкестендіруге мүмкіндік қандай да бір белгілі бір этносом, ол сезіне білуі тиіс тиесілігін оған және дамытуға этническое самосознание, ол зарождаясь артуда уақыт ішінде. Этногенез-бұл тұрақты процесс, ол үздіксіз және әрқашан жағдайларға немесе саяси ерік-жігерге қарамастан жүреді. Сондықтан қазақ этносы-бұрын-соңды қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген, ешқайда жай жоғалып кетпеген және қандай да бір жолмен қазақтардың этногенезін анықтаған халықтардың ұжымдық бейнесінің даму жолы.

Information about the authors:

A.G. Ibraeva – Doctor of history, professor. M. Kozybayev NKSU. Kazakhstan, Petropavlovsk, akmaral1971@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7556-7779>;

A.S. Temirkhanova – PhD student of the Department of History of Kazakhstan. L.N. Gumilyov university, Kazakhstan, Nur-Sultan, E-mail: asema_sko@inbox.ru; <https://orcid.org/0000-0002-3231-5141>;

T.S. Sadykov – Doctor of history, professor. L.N. Gumilyov university, Kazakhstan, Nur-Sultan, E-mail: sadykov_ts@enu.kz. <https://orcid.org/0000-0002-5656-162X>.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Нүрпейіс К. Тарихи тұлғалар / Бас редак. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 376 б.

Әбіл Е.А. Кіріспе сөз. // ҚМПИ ЖАРШЫСЫ №1 (45), 2017.

Қозыбаев М.Қ. Ата тарихы туралы үзік сыр. // Ақиқат. – №12. – 1992

Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік / Құраст. І.М. Қозыбаев. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 448 б.

Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. – М., 1989. – 55 б.

Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – А., 1992. – С.254.

Исмагулов О. Сихымбаева К.Б. Исмагулова А.О. Этническая дерматоглифика казахов. – Алматы, 2007. – 240 с.

Яблонский Л.Т. К палеоантропологии средневекового населения Поволжья // Степи Европы в эпоху средневековья. – Т.6. – Донецк. 2008. – С. 269-286.

REFERENCES:

Nurpeiis Q. Tarihi tulǵ alar / bas redak. B. Aiaǵ an. – Almaty: Qazaq ensiklopediasynyń. Bas redaksiasy, 2007. – 376 b.

Bbil E.A. kirispe syz. // QMPI jarshysy №1 (45), 2017.

Qozybaev M.Q. Ata tarihy tǵraly ǵzik syr. // Aqıqat. – №12. – 1992.

Qozybaev M. Kieli tǵelsizdik / Qurast. I.M. Qozybaev. – Almaty: Baspalar ǵıı, 2009. – 448 b.

Gǵmilev L.N. ejelgi Resei jǵne Uly dala. – M., 1989. – 55 b.

Klǵshtornı S.G., Sultanov T.I. Qazaqstan. ǵsh myńjyldyq shejiresi. – A., 1992. – 254 B.

Ismagǵlov O., Sıhymbaeva K.B. Ismagǵlova A.O. qazaqtardyń etnikalyq dermatoglifikasy. – Almaty, 2007. – 240 s.

Iablonskıı L.T. Povolje ortaǵ asyrlyq halqynyń paleoantropologiasyna//orta ǵ asyrlardaǵ y Eǵropa dalalary. T.6. – Donesk. 2008. – 269-286 b.

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_134-145

FTAMP 03.20.00

КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕШІТТЕРГЕ ҚАРСЫ САЯСАТЫ (1918-1953 жж.)

М.С. Исаев^{1*} , С.Т. Шаметов² , Р.Т. Джаппарова¹ 

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан;

²«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Қазақстан, Түркістан.

*Автор-корреспондент

E-mail: mukhtar.issayev@ayu.edu.kz (Исаев), shayan65@mail.ru (Шаметов), jan-rau@mail.ru (Джаппарова)

Аңдатпа. Мақала Қазақстандағы 1918-1953 жж. аралығындағы мұсылмандық діни мешіттер мен киелі жерлерге қарсы кеңестік саясаттың кезеңдік ерекшеліктерін, салдарын айқындауға арналған. Сонымен қатар, кеңестік дінмен күрес саясатының жасырын қарсылық танытқан сопылардың халық діни дәстүрі мен дүниетанымын сақтап қалу үшін жасаған іс-әрекеттері мен Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы «Қылуат» жерасты мешітінің жағдайы, жабылу тарихы қарастырылады. Кеңестік кезеңдегі дінге қарсы жүргізілген саясаттың құқықтық базасы саналатын декреттер, заңды күші бар құжаттар, архив құжаттары мен зерттеу еңбектер ғылыми мақаланың дереккөздері ретінде талданды. Зерттеу нысанын анықтауда тарихи деректер мен тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған салыстыру, болжам жасау, талдау тәсілдері қолданылды. Тарихи кезеңдегі мешіттер мен киелі жерлерге қатысты кеңестік саясаттың шынайы бейнесін тың архив құжаттары негізінде ғылыми қалпына келтіру зерттеу жұмысының жаңалығын көрсетеді.

Мақаладағы ғылыми нәтижелер тарихи танымымызды толықтырып, өскелең ұрпаққа халқымыздың діни-рухани тарихын танытатын болады.

Түйін сөздер: кеңестік саясат, дінмен күрес, ислам діні, сопылық, жерасты мешіттері, киелі жерлер, қылуат.

МРНТИ 03.20.00

ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПРОТИВ МЕЧЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ (1918-1953 гг.)

М.С. Исаев^{1*}, С.Т. Шаметов², Р.Т. Джаппарова¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмеда Ясави.
Казахстан, Туркестан;

²Государственный историко-культурный заповедник-музей «Азрет Султан».
Казахстан, Туркестан.

*Корреспондирующий автор

E-mail: mukhtar.issayev@ayu.edu.kz (Исаев), shayan65@mail.ru (Шаметов), jan-rau@mail.ru (Джаппарова)

Аннотация. В статье дается определение периодических особенностей последствий советской политики против мусульманских религиозных мечетей и святынь в Казахстане 1918-1953 гг. Кроме того, рассматривается история закрытия, состояние подземной мечети «Хильвет» в районе мавзолея Ходжа Ахмеда Ясави, действия суфиев, тайно сопротивлявшихся против советской политики в борьбы с религией для сохранения народной религиозной традиции и

мировоззрения. В качестве источников научной статьи были проанализированы декреты, документы, имеющие юридическую силу, архивные документы и исследовательские работы, являющиеся правовой базой проводимой антирелигиозной политики советского периода. При определении объекта исследования использовались методы сравнения, прогнозирования и анализа, направленные на раскрытие содержания исторических данных и сформулированных фактов. Научное восстановление подлинного образа советской политики в отношении мечетей и святынь исторического периода на основе архивных документов показывает новизну исследовательской работы. Полученные научные результаты дополняют наше историческое познание и покажут подрастающему поколению религиозно-духовную историю нашего народа.

Ключевые слова: советская политика, борьба с религией, исламская религия, суфизм, подземные мечети, святые места, хильвет.

IRSNI 03.20.00

THE POLICY OF THE SOVIET AUTHORITY AGAINST MOSQUES IN KAZAKHSTAN (1918-1953)

M.S. Issayev^{1*}, S.T. Shametov², R.T. Dzhapparova¹

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yesevi. Kazakhstan, Turkistan;

²Researcher, Azret Sultan State Historical and Cultural Museum. Kazakhstan, Turkistan.

E-mail: mukhtar.issayev@ayu.edu.kz (Issayev), shayan65@mail.ru (Shametov), jan-rau@mail.ru (Dzhapparova)

Abstract. The article defines the periodic features of the consequences of the Soviet policy against Muslim religious mosques and holy places in Kazakhstan in 1918-1953. In addition, the history of the closure, the state of the underground mosque "Hilvet" in the area of the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi, the actions of the Sufis who secretly resisted the Soviet policy in the fight against religion in order to preserve the folk religious tradition and worldview are considered. Decrees, documents with legal force, archival documents and research papers, which are the legal basis for the ongoing anti-religious policy of the Soviet period, were analyzed as sources for the scientific article. When determining the object of research, methods of comparison, forecasting and analysis were used, aimed at disclosing the content of historical data and formulated facts. The scientific restoration of the true image of the Soviet policy towards mosques and holy places of the historical period on the basis of archival documents shows the novelty of the research work. The obtained scientific results will supplement our historical knowledge and show the rising generation the religious and spiritual history of our people.

Key words: Soviet policy, fight against religion, Islamic religion, Sufism, underground mosques, holy places, hilvet.

Кіріспе. Қоғамдағы рухани және саяси жағдайды айқындауда дін мен дінге халықтың көзқарасын қарастыру маңызды орын алады. Дін адамның дүниетанымы мен өмірлік ұстанымын, құндылықтық бағдарын қалыптастыратындықтан дінге қатысты саясат тарихи кезеңдерде түрлі өзгерістерге ұшырап отырды. Кеңес өкіметінің дінге қарсы жүргізген шектеу, қуғындау саясатына қарамастан халықтың дінге деген сенімі жойылмады. Бұл халық пен діннің бірге екендігін көрсетті. Посткеңестік елдер үшін дін мен мемлекет арақатынасын, діни саясаттың бағыттарын айқындап алу маңызды міндеттердің қатарында болды. Бүгінгі Қазақстан үшін де мемлекеттің дін саясаты өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан, тоталитарлық қоғамдағы кеңестік биліктің діни саясатындағы тәжірибені, оның салдарларын жадымыздан шығаруға болмайды. Сонымен қатар, кеңестік қатаң қысым жағдайындағы халықтың мұсылмандық ата дәстүрін зерттеу өткенімізді танып, сабақтастықты жалғастыруымыз және түрлі теріс діни ағымдарға қарсы тұра білуіміз үшін де маңызды.

Шетелдік тарихнамада кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы мешіттерге қарсы саясат мәселелерін тікелей қарастырған зерттеулер болмағанымен, бірқатар еңбектерде аталған мәселе ішінара талданады. У. Колларз (Колларз, 1961) Кеңес Одағындағы дін мәселесін, У. Флетчер (Флетчер, 1971) мемлекет пен шіркеу арасындағы қатынастарды, Г. Штриккер (Штриккер, 1993) кеңес мемлекетіндегі большевиктердің діни конфессияларға қатысты саясатын қарастырған еңбектері зерттеу мақаламыздың мәселесіне байланысты тарихнамалық әдебиеттерді жүйелеу барысында айрықша назар аудартты. Кеңес мемлекетіндегі мұсылман ұлттық коммунизмі мәселесін зерттеуге арналған А. Беннигсен (Беннигсен, 1983) еңбегін айрықша атап көрсетуге болады. Кеңестік биліктің құрылғанынан Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі ислам дініне қарсы күрес науқанын айқындап көрсетуге арналған Ш.Келлер (Келлер, 1992) еңбегінің де маңыздылығы жоғары. Сонымен қатар, М. Броуксап (Броуксап, 1987), П. Фроуз (Фроуз, 2005), М. Кемпер (Кемпер, 2009), Е. Тасар (Тасар, 2018) сынды шетелдік зерттеушілердің кеңестік кезеңдегі Орта Азия мен Қазақстандағы діни жағдайға байланысты зерттеулеріндегі сопылық дәстүр, мешіттер мен киелі жерлер тұрғысындағы тұжырымдары мен деректері зерттеу жұмысымызды жазу барысында айрықша қарастырылды.

Кеңестік кезеңде жазылған тарихи зерттеулерде кеңес билігінің исламға, оның ішінде мешіттерге қатысты саясатынан хабар беретін зерттеу еңбектер жоқтың қасы. Дегенмен, кеңес билігінің ислам діні саласындағы саясаты КСРО ыдырағаннан кейін зерттеушілердің назарын аударған өзекті тақырып болды. А.Б. Юнусова (Юнусова, 1999) кеңес билігінің исламға қатысты саясатын Башқұртстан мысалында қарастырса, В.А. Ахмадуллин (Ахмадуллин, 2002) 1917-1945 жж. аралығындағы кеңес өкіметінің мұсылман дініне қарсы саясатын зерттеді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін кеңестік биліктің діни саясаты шынайы қарастырылып, отандық зерттеушілердің еңбектерінде объективті бағасын ала бастады. Г. Мухтарова (Мухтарова, 1998) 1917-1991 жж. аралығында Қазақстандағы ислам діни жағдайын, А. Тасмағамбетов (Тасмағамбетов, 2007) 1917-1940 жж. аралығында Қазақстанда исламға қатысты саясатты, А.М. Нұрғалиева (Нұрғалиева, 2005) Қазақстандағы мұсылман дініне қатысты XVIII-XIX ғасырлардағы патшалық ресейлік саясаттың ерекшеліктерін және XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы большевиктердің ислам дініне қатысты саясатын өз зерттеулерінде көлемді дерекөздерді талдау негізінде ашып көрсетеді. Сондай-ақ, Н.Д. Нұртазинаның (Нұртазина, 2008) XX ғасырдың 20-40-шы жылдары Қазақстанда ислам дініне қарсы жүргізілген Кеңес өкіметінің саясатын қарастырған еңбегінің ғылыми құндылығы жоғары болды. А.М. Садықованың (Садықова, 2015) 1918-1953 жж. аралығындағы Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясатын зерттеуге арналған диссертациялық жұмысында да Қазақстанда кеңестік кезеңде мешіттердің жабылуы, діни ұйымдар мен дінбасыларды қуғындау және т.б. мәселелер тың деректермен қарастырылады. Т. Абдрасилов, Ж. Нұрматов, Қ. Қалдыбай (Abdrassilov and etc., 2021) сынды авторлардың ұжымдық мақаласы да кеңестік кезеңдегі 1922-1991 жж. аралығында сопылықтың тоталитарлық режимге қарсы тұруын дінтанулық тұрғыдан айқындап көрсетуге арналған. Алайда, ұсынылып отырған хронологиялық мерзімде Кеңестік биліктің Қазақстандағы мешіттерге қарсы саясатына арналып жазылған зерттеулер әзірге кездеспейді. Сондықтан, зерттеуіміздегі ғылыми айналымға енген архив құжаттары негізінде мәселені ашып көрсетуге бағытталған жаңа тұжырымдар зерттеу жұмысымыздың ерекшелігі болып отыр.

Материалдар мен әдістер. Кеңестік кезеңдегі дінге қарсы жүргізілген саясаттың құқықтық базасы саналатын декреттер, заңды күші бар құжаттар, архив құжаттары мен зерттеу еңбектер ғылыми мақаланың дереккөздері ретінде талданды. Зерттеу нысанын анықтауда тарихи деректер мен тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған гуманитарлық ғылымдар саласында қолданылатын салыстыру, болжам жасау, талдау, аналитикалық сараптау әдістері пайдаланылды.

Талқылау және зерттеу нәтижелері. Кеңестік кезеңде кез келген коммунистік идеологиядан тыс түсінік қысымға ұшырады. Бұл тек идеологиялық тартыс күйінде ғана емес әлеуметтік институттарды физикалық жоюмен және оларды қорғаушыларды қуғындаумен жүзеге асырылды. Бұл «саясатты жүзеге асыруда 20-шы жылдардың ортасына дейін Ислам дініне байыппен қарау

тән болса, 30-шы жылдары дінге қарсы бүкілодақтық науқан жүргізіліп, аз ұлттардың діни құқықтары» (Нұртазина, 2008: 3) аяусыз тапталды.

Коммунизм түсінігін дамытқан көсемдердің көзқарасымен XIX соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан дінге қарсы пікір В.И. Лениннің бастамасымен көтерілгенімен, дінге қарсы күрес И.В. Сталин билікке келген соң бірден бастала қоймады. Елдің ішкі және сыртқы саяси жағдайлары дінмен күресті бірден бастап кетуге мүмкіндік бермеді.

Халық Комиссарлар Кеңесінің 1918 жыл 20 қаңтардағы «Ар-ождан бостандығы, шіркеулік және діни қауымдар туралы» декреті бойынша діни салт ғимараттары мен ондағы заттар діни қауымдастықтардан тартып алынып, жалпы діни сенушілерге ақысыз негізде пайдалануға берілді. Бұл халық арасында ықпалды арттыру үшін жасалған шараның бірі еді. Шын мәнінде, мешіттер мен шіркеулер мемлекет меншігіне өткізілді. Оған дейін шығарылған «Жер туралы» декретте діни ұйымдарға қандай да бір жеке меншікке ие болуға тыйым салынған болатын (Декреты Советской власти, 1957: 372). Сонымен қатар, 1918 жылғы РКФСР Конституциясында діннің мемлекеттен ажыратылуы жарияланды. Сонымен бірге, дін басылар қанаушы тапқа жатқызылып, сайлау құқығынан айырылды. Кеңес өкіметінің ислам діні мен мұсылмандарға қатысты саясаты дінмен күрес саясаты негізінде жүзеге асырылды. Олар халық арасындағы ауқатты санатқа жататын мұсылмандардың ықпалын әлсіретуге тырысты. Мұсылмандарға қарасты мешіт-медреселерді жауып, мұсылман қауымына соққы беруді мақсат етті. Кеңес өкіметімен ымыраластықты ұстанып, оларға ниеттестік танытқан мұсылмандардың бір тобын ар-ождан бостандығының көрінісі ретінде сақтап қалды.

РКФСР Халық Комиссарлар кеңесі 1918 жылы 23 қаңтарда «Діннің мемлекеттен және мектептің діннен бөлінуі туралы» (Кириченко, 1987: 6) декретін қабылдады. Дегенмен, бұл декрет Орта Азияның кейбір республикаларында мүлдем қабылданбай қалды. Мұндай шаралар өзінің жемісін бермеді. Сондықтан, дінге қарсы саясат исламға агрессивті түрде шабуыл жасай бастады (Тасар, 2018: 256). Міне, осындай саясаттың негізінде діни әрекеттерге тыйым салынып, исламдық мектептер мен мешіттер жабылды және оларға зиян келтірілді (Кемпер, 2009: 31).

Өкімет мұнымен тоқтамай, діни мекемелер мен дін басыларға қарсы саясатты жүзеге асырып, жазалау шараларын кеңінен жалғастырды. 1920 жылдардағы үкіметтің арнайы декреттерімен қалың мал, күн төлеу сияқты халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерін терістеп, күшін жойды. БОАК төрағасының 1918-1933 жж. аралығында діни бірлестіктер мен ғибадатханаларға қатысты баянжазбасына сәйкес Қазақ АКСР аумағында 1918-1931 жж. өлкеде 1630 ғибадатхана, олардың ішінде 782 мешіт жабылды. 1931-1933 жж. 8 діни ғимарат жабылды. Комиссия есептеуі бойынша 879, олардың ішінде 499 мешіт әрекет етуді жалғастырды (РФ МА, Р-5263: 69-72).

Дінмен күрес Кеңес үкіметінде авторитарлық режимнің нықтап орнығуынан соң қатаң түрде жүргізілді. XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы зобалаң дінбасылар мен діни ұйымдарды қырғынға ұшыратты.

Фроус өзінің зерттеулерінде 1917 жылға дейін Орта Азияда 20 000 мешіт жұмыс істеген болса, 1929 жылы олардың саны 4 000-ға азайды, ал 1936 жылы Орта Азияда бар болғаны 386 мешіт тіркелгендігін көрсетеді (Фроуз, 2005: 489). Бас аяғы 20 жылдың ішінде көрсеткіш 90 пайызға азайғандығы байқалады. Кейбір деректерге қарағанда, «1929-1939 жылдары Кеңес Одағында жабылған мешіттердің саны 26 000-ға жеткен. Шейхтар, имамдар, дінбасылар секілді бүкіл дін істерімен айналысатын адамдар қуғын көрді, жер аударылды, кейбіреулері өлтірілді. Зиярат ететін орындар, әйгілі қасиетті жерлер тартып алынды, қажылыққа баруға тыйым салынды, Исламдық құлшылық, әдет-ғұрыптары (намаз, ораза, зекет және діни мейрамдар) орындау өте қауіпті жағдайға айналды» (Sovyet Rusya'da Bugünkü İslamiyet, 1963: 7).

Келлер, Орта Азиядағы жергілікті деректер негізінде 1936 жылы тіркелмеген құлшылық орындарының тізімін жасады (Фроуз, 2005: 493). Оның мәліметтері бойынша қалалық және ауылдық жерлерде тіркелмеген намаз оқитын орындардың, жерасты мешіттерінің саны әдәуір көп болғанын көруге болады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде бұл көрсеткіштің одан да артқандығын болжауға болады.

1 кесте. Құлшылық үйлері (1936 жылғы көрсеткіштер)

	1917 жылға дейін	Жабылғаны	Ашылғаны	Тіркелгені	Тіркелмегені
Жалпы (ауылдық округтерде)	9 720	6 160	3 590	386	2 583
Қалалық жерлерде жалпы	10 489	6 544	3 724	686	2 588

Келлер жүргізген зерттеуге сәйкес, шамамен 2500 жерасты мешіттері Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін жұмыс істеген (Фроуз, 2005: 493). Оның айтуынша, тіркелмеген мешіттердің, жерасты мешіттерінің қалада да, ауылды жерлерде де артуы исламды сақтаудың бір жолы болды. Кеңес өкіметінің тынымсыз қуғын-сүргіні сопылық бауырластықтарды біріктіріп, жамағат намазын бірге оқу үшін жерасты мешіттерін салуға алып келді. Сонымен қатар, мешіттер намаз оқу орны қызметімен бірге неке қию, сүндетке отырғызу, жерлеу сияқты қызметтер атқарды (Беннигсен, 1988: 771). Сондықтан, бейресми мешіттер, жерасты мешіттері дәстүрлі исламды қорғап, сақтауда айтарлықтай рөл атқарды. Бұл жағдайды Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардағы КСРО Министрлер кеңесіне бағынышты Қазақстан бойынша Діни салттар ісі бойынша өкілінің құпия грифімен сақталған архив құжаттарында «... қалыптасқан жағдайға байланысты діни рәсімдерді орындау жеке киіз үйлерде немесе ашық аспан астында жүргізіліп, бұл қалыпты үрдіске айнала бастады. Сондықтан, мешіттерге және басқа да діни ғимараттарға деген қажеттілік жоқ деп есептеуге болады. Осы жағдайды ескере отырып мешіті жоқ діни қауымдастықтар мен молдаларды ресми тіркеудің қажеті жоқ. Оларды тіркеу оң нәтиже бермейді. Керісінше, Қазақстанның барлық аудандарында «кезбе» («бродящие») молдалар мен қауымдастықтардың артуына алып келеді» (РФ МА, Р-6991: 30) деген ұсыныс хатынан да байқауға болады.

1926 жылғы РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің «Дінге қарсы үгіт-насихат жұмысы туралы» резолюциясында діннің таптық мәні ашып көрсетіліп, мұсылман діни қозғалысының әлеуметтік мәні жағынан кеңес өкіметіне қарсы сипаты атап өтілді. Резолюцияға сәйкес Қазақстанда мұхтасибат институттарын жауып, қайта құрылуына жол бермеу ұсынылды. Билік органдары діни қызметкерлердің қызметін қатаң бақылауға алып, діни жиналыс, съезд, мешіттердің салынуы билік органдарының арнайы рұқсатымен жүзеге асырылды. Жергілікті органдар орталық мекемелерге діни өмірге қатысты ақпарат беріп отырды (Садықова, 2015: 105).

1930 жылдары колхоздардың ұйымдастырылуынан кейін жер мен мешіттер олардың қарауына берілді. Мәселен «Оңтүстік Қазақстан облысында революцияға дейін 490 мешіт жұмыс істеген болса, осы декреттен кейін облыс колхоздары бұрынғы 160 мешітті қоймаға, 27 мешітті тұрғын үйге, 32 мешітті мәдени ағарту үйіне айналдырды. Кейбір аудандарда барлық мешіттерді жойып жіберді: Мысалы, Түркістан ауданында революцияға дейін (1917 ж. дейін) 98 мешіт жұмыс істеген болса, 43 мешіт, Сайрам ауданында 143 мешіт болған болса, соғыстан кейін 33 мешіт ғана қалды» (РФ МА, Р-6991: 9).

Соғыс басталысымен дінге көзқарас өзгерді. Оның себебі, діни ұйымдардың барлық бағыттарын соғысқа жұмылдыру және діни ұйымдардың қолдауын табуда жатқан еді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанда ешқандай рұқсатсыз барлық аудандарда мешіттер қайта ашыла бастады. Мәселен, «Түркістан ауданында – 11, Сайрам ауданында - 9, Шымкентте – 8 мешіт рұқсатсыз жұмыс істеді (РФ МА, Р-6991: 2). Дегенмен, 1943 жылы Кеңес өкіметінің дін саясаты өзгергеніне қарамастан, заңнамалық-күқықтық база өзгерген жоқ. 1936 жылы 5 желтоқсанда қабылданған КСРО Конституциясы мен 1929 жылы 8 сәуірде қабылданған РКФСР БОАК және ХКК қабылдаған «Діни ұйымдар туралы» Қаулы заң базасын құрады. (Бөдеев, Сақтаганова, 2018: 56)

Соғыстан кейін дінмен күрес қайта қолға алынды. «1946 жылдан 1948 жылға дейін Қазақстанда 68-ге жуық мешіт қайта жабылды» (РФ МА, Р-6991, 2).

КСРО Министрлер кеңесіне бағынышты Қазақстан бойынша Діни салттар ісі бойынша өкілінің 1948 жылғы 4 кварталдағы есебі бойынша Қазақстанда бар болғаны 22 тіркелген мешіт жұмыс істеді (РФ МА, Р-6991, 7). Бұл көрсеткіш күн санап қысқара берді. Қалалық және ауылдық жерлерден халықтың мешіт ашу туралы көптеген өтініштері қанағаттандырылмады. Нәтижесінде, 1950 жылы 20 тіркелген мешіт жұмыс істеді, олардың 16 қалалық жерлерде, ал 4 ауылдық жерлерде (РФ МА, Р-6991: 289) болып қысқарды.

Қазақстандағы кез келген мешітке жөндеу жұмыстарын өз бетінше жүргізуге қатаң тиым салынды. Жөндеу жұмыстары тек Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары рухани басқармасының рұқсаты негізінде жүргізілуі керек болды. «Әрбір мешітте жергілікті кеңес уәкілетті өкілінің тіркеу туралы анықтамасы, Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары рухани басқармасының берген куәлігі бар молдалар жұмыс атқаруы керек болды. Молдалардан басқа әрбір мешітте муезиндер қызмет атқарды (РФ МА, Р-6991: 7).

Соғыстан кейінгі жылдары «тіркелген молдалардың айлық жалақысы 500 рубль, молда көмекшілерінің айлығы 400 рубль көлемінде белгіленді және олар сенім білдіретін халықтан мешітке түскен қаржы есебінен төленді, сонымен қатар молдалар өздері тіркелген мешіттен тыс жерде уағыз жасауға, басқа да діни рәсімдермен айналысуға тиым салынды» (РФ МА, Р-6991: 217). Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстанда дінмен күрес 30-шы жылдардағыдай діни ұйымдар мен дінбасыларды қатаң қуғындаумен жалғаспағанымен, халықты діни түсінігі мен дәстүрінен ажырату саясаты негізінде жүзеге асырылды деп тұжырымдауға болады.

Кеңестік дінмен күрес саясатының нысаны ретінде сопылық жерасты мешіттері мен киелі жерлер. Діни сенім қиын кезеңде бейресми негізде исламдық сопылық бауырластық кеңестік идеологияға жат ағым, секта ретінде танылып қатаң қудалауға ұшырады. Дінге қарсы науқаннан аман қалу үшін сопылық қауымдастықтар шайхана және жерасты мешіттері кейпінде дәстүрді сақтап қалуға тырысты (Броуксап, 1987: 288). Беннигсен, мұндай жерасты мешіттері мен алаңдарды сопылық бауырластықтар басқарды деп есептейді (Беннигсен, 1988: 776). Сонымен қатар, сопылық бауырластықтар ресми ислам институтының өкілі ретінде әрекет етіп, жекелеген медреселер желісін қолдады және мыңдаған қасиетті жерлердің қасында орналасқан «кұлшылық орындарын» (сопы шайхтарының қабірлері) астыртын басқарып отырды деп жазады. Бұл туралы Тасар (Тасар, 2018: 260) 1943-1944 жылдар аралығында Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Сталиндік биліктің исламға қатысты қатаң бақылауды жеңілдетуі исламдық әрекеттердің артуына мүмкіндік берді. Мейірімді діни саясат негізінде, жерасты мешіттерінің саны көбейді деген тұжырым жасайды.

Сопылық бауырластықтар Ислам дінін сақтаудың бір жолы ретінде жерасты мешіттерін қамтамасыз етіп отырды. Дегенмен, қатаң режим саясаты тұсында мұндай жерасты мешіттерінің қай жерде және қаншасы жұмыс істегенін білуіміз қиын.

Әрбір мешіт, қасиетті жер, жерасты мешіті Қазақстан мұсылмандарының ынтымағы мен бірлігін нығайтуға, адамдарды өзара жақындастыруға, сонымен қатар, дәстүрлі исламдық түсінікті сақтауда айрықша рөл атқарғандығын мойындауымыз қажет. Дегенмен, Кеңес үкіметі киелі жерлерді жоюды мақсат етіп, әулиелердің бейіттері, молаларын бұзуға тырысты. Өйткені, белгілі шайхтардың бейіттері, кесенелері дәстүрлі ислам дінін үйрету мен уағыздау орны екендігін жақсы түсінді. Мұның астарында киелі жерлерді жою арқылы халықтың дәстүрлі діни түсінігін жою себебі жатқандығын аңғаруымыз керек. Алайда, мұсылмандардың мұндай мазарларға баруы кеңестік сойқан саясаттың шабуылынан қорғану үшін екендігі анық. Террор мен репрессия жағдайында әбден тозығы жеткен кесенелер мен бейіттер оларды тексерушілердің назарын аудармайтын еді. «Киелі жерлер мен бейіт басына мұсылмандар тек өздерінің қауіпсіздігі үшін емес, сонымен қатар, рухани қажеттіліктерін толықтыру үшін баратын болды» (Беннигсен, 1988: 776).

Бұл туралы архив құжаттарындағы «Қазіргі уақытта Қазақ ССР-де бірнеше архитектура ескерткіші бар. Олар: «Арслан баб», «Абдул Азиз баб», «Исхан баб», «Ибрагим ата», «Қожа Ахмет Ясауи», «Айша бибі», «Бабажан хатун», «Қарахан» және т.б. Бұл ескерткіштер сенушілер (мұсылмандар) үшін киелі жерлер саналады және осы жерлерге көптеп барылады. Олар мұнда келіп жерге отырып, діни Құран өлеңдерін (аяттарын И.М) оқиды, қарауылға ақша қалдырады,

егер қарауыл болмаса сол жерлерде жасалған қазандарға салып кетеді. Жоғарыда аталған жерлерден басқа да көптеген жанама тізімдегі жерлер бар. Олардың басында мазар немесе басқа белгі боларлық ештеңе қалмаған. Кейбірінің тек атауы ғана сақталған» (РФ МА, Р-6991: 18) деген мәліметтерден анық көруге болады.

Меккеге жасалатын қажылыққа тиым салынғаннан кейін мұндай киелі жерлер қажылық сапарды алмастырудың жолы еді. Сондай-ақ, Беннигсен, кесенелер мен мазарлар басына мұсылмандар діни дәстүрлерді орындау, зікір ету мен құлшылық жасау үшін келді деп тұжырымдайды. Шын мәнінде, киелі жерлерге халық өзінің діни сенімін нығайтып, жүректеріне тыныштық беретін рухани күш алу үшін барды (Беннигсен, 1983: 83). Бір сөзбен айтқанда, киелі жерлер рухани және исламдық сенімнің орталығы қызметін атқарды.

Сондықтан, мұсылмандар ислам дініне деген сенімдерін сақтай отырып, кесенелер мен мешіттерді ресторан немесе музей жағдайына келтіруге өздерінің қарсылықтарын білдірді (Беннигсен, 1983: 83). Бұл имамдардың киелі жерлер мен кесенелерге зиярат жасауға халықты тарта отырып, сопылық құралдар арқылы олардың ішкі дүниесіне әсер етуге талпынғандығын білдіреді. Осылайша, халықтың діни және рухани сенімдеріндегі ерекшеліктер негізінде қуғын-сүргінге қарамастан дәстүрлі исламды сақтап, қатарларын көбейте алды.

Киелі жерлерге зиярат жасау діни және сопылық ғұрыптарының бірі және мұндай дәстүр Орта Азияда бүгінгі күнге дейін сақталып отыр. Тасар (Tasar, 2018: 257) кеңестік діни қуғындау саясаты исламдық рәсімдерді орындауға кері әсер етіп қойғандығына қарамастан, керісінше сопылық бауырластықтар арасында жетілудің орын алғаны байқалғандығын жазады. КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни культтер ісі кеңесінің төрағасы Полянскийге арнайы өкілдің (КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни культтер ісі кеңесі қызметкерінің) Қазақ және Қырғыз ССР-не жасаған іс-сапары бойынша 1951 жыл 9 маусымдағы есеп беру баяндамасында «... мазарлар мен «киелі жерлерге» зиярат ету айрықша маңызды орында. Бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысында олардың саны 60-тан асып кетеді (РФ МА, Р-6991: 21) деп жазады. Сонымен қатар, «Шымкент қаласында Баба дервиштің құлап қалған мазары қайта қалпына келтірілген және оған зиярат етушілер көбейген. Мазарда Рустем Хоста шейх өмір сүреді. Мазарды қалпына келтіруге тіркелген мешіт басқармасы ешқандай қатысымыз жоқ деп отыр» (Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФ МА). Р-6991-қ., 3-т., 350-іс, 260-п.) деген мәлімет бар. Келтірілген мәлімет бойынша киелі жерлер қатарына жататын жерлерді халық өз күшімен қайта қалпына келтіріп, сопылық бауырластықтардың дінмен күреске қарсы жасаған әрекеттері көрініс табады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы «Қылу» жерасты мешітінің кеңестік кезеңде жабылуы. Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген XII ғасыр тұсында сопылық ілім қарапайым халық қана емес ірі дін өкілдері мен билеуші топ өкілдері де мойындап, ислам діни түркі халықтары арасында таралуы мен орнығуына үлкен әсер етті. Ал, йассауи сопылық дәстүрінің қасиетті белгісі саналатын ортағасырға тиесілі «Қылу» жерасты мешіті кешен ретінде әлі күнге дейін ерекше рухани тәрбиелік мәнге ие.

«1868 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңында 20 үлкен мешіт және 100 отбасы (немесе бірлестік И.М) (Қожа Ахмет Ясауидің жолын ұстанатын) жұмыс істесе, 1912 жылы Түркістан қаласындағы мешіттер саны 40 артып, Қожа Ахмет Ясауидің жолын ұстанушылар 100 отбасыдан бірнеше есе кеміп кетті. Ал, олар Қожа Ахмет Ясауидің идеяларын тарататын «Кәландарларға» (Каляндаристы – архив құжатында осылай берілген) айналды» (РФ МА, Р-6991: 129) деген мәліметтер архив құжаттарында кездеседі.

М.Тұяқбаев «Түркістан сырлары» кітабында түрлі деңгейде «Қылу» мешіттерінің міндетін атқарған «Кіші Қылу», «Құмшық ата», «Шілдехана», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғузи» мешіті құрылыстарының қалдығы осы күнге дейін сақталғандығын, соңғы жылдары «Құмшық ата», «Шілдехана», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғузи» мешіттері қайта қалпына келтіргендігін, «Кіші Қылу», «Үлкен Қылу» сияқты тарихи орындардың 1942 жылы бұзылып, кірпіштері Түркістан қаласындағы май зауытын салуға жұмсалғандығын жазады (Тұяқбаев, 2000: 42). Дегенмен, қылышынан қан тамып тұрған кеңестік кезеңде «Қылу» жерасты мешіті сопылар тарапынан қайта қалпына келтіріліп, жұмыс жасағандығы туралы деректер ғылыми әдебиеттерде кездеспейді. Қазақ ССР Министрлер кеңесі жанындағы Діни салттар ісі уәкілеттігінің аға

инспекторы П. Галихайдаровтың 1948 жыл 20 қыркүйектегі баянжазбасында «Қылует» жерасты мешіті 1932-1933 жылдары бұзылды (РФ МА, Р-6991: 132) деген дерек келтіріледі. Бұл «Қылует» жерасты мешітінің кеңестік кезеңдегі алғашқы рет бұзылуы болды.

«Қылует» мешітін екінші рет жабу туралы мәселе 1947 жылы қайта көтеріле бастады. КСРО Министрлер кеңесіне бағынышты Қазақстан бойынша Діни салттар ісі өкілінің (Н. Сабитов) 1947 жылғы 2 кварталдағы есебіндегі «Түркістан қаласындағы «Қылует-ханаға» (Қожа Ахмет Ясауидің оңаша қалатын орны) қожалар жиналатындығы және «зікір» (құдайға құлшылық ету) салатындығы, бұл туралы Кеңеске (Қазақстан бойынша Діни культтер ісі бойынша өкілі) және Рухани басқармаға (Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасы) олардың көзқарасын білу үшін жолданды» (РФ МА, Р-6991: 201), - деген мәліметтерден «Қылует» мешіті мен осы жерде жасалатын мұсылмандық-сопылық рәсімдерді тоқтату шаралары басталады.

КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни салттар ісі кеңесінің төрағасы Полянскийге Қазақстан бойынша Діни салттар ісі бойынша өкілінің 1947 жыл 13 қыркүйекте жазған құпия хатында «Түркістан қаласындағы (Оңтүстік Қазақстан облысы) дінге сенушілер Қожа Ахмет Ясауи мешітінен 150-200 метр аралығында орналасқан мешітте құдайға құлшылық жасайды. Мешіттің жанында (20 метр аралығында), құдайға құлшылық жасайтын жерде Қожа Ахмет Ясауидің «Қылует хана» (оңашалану орны) деп аталатын тереңдігі 1,5 метрлік шұқыр бар. Қазіргі кезде жергілікті молда С. Фахрутдиновтың бастамасымен «Қылует-хана» шұқырының үстіне кішігірім құрылыс ғимараты салынған. Осы жерде әр жұмада қажылар жиналып, «зікір» салады. Ал, «зікір» мұсылмандарда құдайға құлшылық етудің ажырамас бөлшегі емес екендігі белгілі (Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары басқармасының шешімі осылай болған И.М). Мұндай рәсімді өткізудің мақсаты Қожа Ахмет Ясауи атымен қожалардың шығарып алғаны. Осы жағдайға әкімшілік тәртіпте тыйым салу үшін Сіздің тапсырмаңызды күтеміз» (РФ МА, Р-6991: 76), - деп жазады.

КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни культтер ісі кеңесінің төрағасы Полянскийге және Қазақ ССР Діни салттар ісі уәкілетті өкілі Н.Сабитовке Қазақ ССР Министрлер кеңесі жанындағы Діни салттар ісі уәкілеттілігінің аға инспекторының 1948 жыл 20 қыркүйектегі баянжазбасында (1 және 2 суреттер) «Үлкен Қылует» жерасты мешітінің жағдайы былай сипатталады: «Оңтүстік Қазақстан облысында мазарларды киелі санау анық көрінеді. Мұндай жерлер бұл облыста көп сақталған. Түркістан қаласындағы белгілі Қожа Ахмет Ясауи қабірі маңында (150-200 метр аралығында) молдалар тарапынан реставрация жасалған Хилват-Магара (қазіргі «Үлкен Қылует» жерасты мешіті И.М.) орналасқан. Реставрация жасалған деп жазып отырғаным, жергілікті рухани басқарма айтуынша, бұрынғы бұзылған «Хилват-Магара» дәл осы жерде орналасқан. Бұрынғы Хилват-Магара күмбез тәрізді ғимарат болған. Оның ішкі қабырғаларының бірінде кішкене бөлмеге алып баратын есік болған. Осы бөлменің еденінде жерасты бөлмесіне алып баратын тесік бар. Бұл жер, рухани басқарманың сенімінше, Ахмет Ясауи 63 жастан кейінгі өмірін осында өткізген орын. Бұл магараға революцияға дейін ешкімді кіргізбеген. Дегенмен, оқшауланудың, Қылуетке түсудің тәртібі жеті күннен қырық күнге дейін екендігі жақсы сақталған. Мұндай өз еркімен азап шегу, рухани басқарма айтуынша, барлық күнадан тазартып, Ахмет Ясауи магарасының маңыздылығын арттыра түседі. Түркістан қаласында мешіттер жабылғаннан (1932-1933 жж.) кейін Қылует ғимараты бұзылып, кірпіштері тасылып әкетілді және магара топырақпен көмілді. Ал, қазіргі уақытта молдалар мешіт ашылғаннан кейін мешіт ауласында 10x7 м көлеміндегі екі бөлмеден тұратын жартылай жерасты ғимаратын салып алды. Олардың бірін (алдыңғысын) Қылует деп атайды, ал екінші (ішкі бөлмесі) бөлмесінде жерасты бөлмесін жасап, оны магара деп атайды. Молдалардың өздері Қылует ғимараты бұзылғаннан кейін құландылардың астында қалған магараның нақ өзі деп айтады. Дегенмен, олар Қылует пен Магараны 1945-1946 жылы салынған қалалық мешіттің ауласында қайта қалпына келтірген. Қалай болғанда да, мұсылман молдалар мешітке келуші зияратшыларды көбейту үшін «Қылует-Магараны» қайта салған. Қазіргі уақытта Қылует-Магара әрқашан құлыппен жабылған күйде тұрады. Оның кілті сол жерде өмір сүретін Айтпай пірадарда. Мешіт имамы Диханбаев Ибрагим «Қылует-Магараны» келіп көрушілер көп болады ма? деген сұрағыма «өте аз» деп жауап берді. Бірақ, жабық тұрған Қылует-Магараны ашып көрсеткен Айтпай пірадар

имам жоқ кезде зиярат етушілер, әсіресе, қыс мезгілінде Өзбекстан, Қырғызстан сынды елдерден көп болатындығын айтты (РФ МА, Р-6991: 132).

КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни салттар ісі кеңесінің төрағасы Полянскийге Қазақ және Қырғыз ССР-не арнайы іс-сапарға жіберілген арнайы өкілдің (КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни культтер ісі кеңесі қызметкерінің) 1951 жыл 9 маусымдағы құпия грифімен сақталған есеп беру баяндамасында «Қожа Ахмет Ясауи мешіті жанында жерді қазып жасаған «қылу» бар, мұнда сенушілер өз қалауларымен белгілі бір мерзім Құран оқу үшін оңаша қалады. Бұрынғырақ бұл жерастында Ахмет Ясауи өмір сүрген. Бұл мазар Архитектура басқармасы қарауында. Ахмет Ясауи қабіріне әлі күнге дейін тек Түркістан мен оның маңындағы аудандардан зиярат етушілер ғана емес, Өзбекстаннан да келушілер бар. Осы зиярат етушілерден мазар қызметкерлеріне маңызды көлемде кіріс түсіретіндігі көрінді» (РФ МА, Р-6991: 282) деген мәлімет келтіреді. Яғни, 1945-1946 жылдары қайта қалпына келтірілген «Үлкен Қылу» жерасты мешіті 1955 жылға дейін құпия жағдайда жұмыс істеп, оған келушілердің саны арта түсті.

Міне, осы есеп беру баяндамасында арнайы өкіл «... тіркелген діни қауымдастықтардан басқа, мазарлар маңын (киелі жерлер) қатаң бақылауға алу керек» (Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФ МА). Р-6991-к., 3-т., 350-іс, 283-п.) деген ұсыныс білдіреді. Дегенмен, бұл ұсыныс бойынша «Қылу» жерасты мешітін жабу туралы мәселе ары қарай қолға алынбай қалғанымен, діни салттар бойынша жергілікті жауапты өкілдер назарынан бір сәтте қараусыз қалған жоқ.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша діни қозғалыстардың жағдайы мен дін қызметкерлері іс-әрекеті туралы 1953 жыл екінші кварталдағы Оңтүстік Қазақстан ОблАтКом Діни салт істері бойынша кеңесі уәкілі А.Поспеловтың құпия ақпараттық есебінде «Қылу» мешітін жабу мәселесі қайта көтеріледі. Аталған есепте «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы мешітті («Үлкен Қылу» жерасты мешітін И.М.) Борисовка елді мекеніне немесе алыстау аймаққа көшіру дінге сенушілердің мазарға көптеп келуін азайтып, зиярат дәстүрі маңызының жойылуына алып келер еді» (РФ МА, Р-6991: 21) деген ұсыныс айтылады.

Бұл ұсыныс аталған мешітті жабу туралы өтініш ретінде тиісті жерлерге жіберіледі. Дегенмен, «Қылу» мешіті имамдары арасында аталған мешітті көшіру мәселесіндегі көзқарас екіге бөлініп, қарсы болғандар да көптеп кездесті. Алайда, қарсылықтарға қарамастан 1955 жылы Түркістан қаласындағы жұмыс істеп тұрған «Қылу» мешітін көшіру үшін Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 4 км жерден жер бөлініп, сол кездегі мемлекеттік тіркеудегі бір ғана мешіт сол жерге көшірілді (РФ МА, Р-6991: 41).

«Қылу» мешітін көшірудің мақсаты Қазақ ССР Министрлер кеңесі Діни салттар ісі бойынша кеңестің уәкіліті өкілі Б. Жумашевтың Оңтүстік Қазақстан ОблАтКом Діни салт істері бойынша кеңес уәкілі А. Поспеловқа 1955 жылы 2 шілдеде жазған құпия хатында анық көрініс табады: «Түркістан қаласындағы жұмыс істеп тұрған Қылу мешітін көшіру үшін Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 4 км жерден жер бөлінді. Осы жағдайды ескере отырып, мына мәселелерді тереңнен зерттеп анықтауыңызды сұраймын: Жұмыс жасап тұрған «Қылу» мешіттің жұмысын тоқтатқаннан кейін 4 км жердегі салынып жатқан жаңа мешітке ескі мешіттің материалдарын құрылыс материалдары ретінде пайдалануға және діни қауымдастық өкілдері мешітті ауыстыруға жай ғана келісім бере салады ма? Өзіңіз білесіз, "Қылу" жай ғана құрылыс емес, ол жерастына қарай қазылған маңызды жер. Ал, дінге сенушілер «Қылу» мешітінің құрылысын емес, «Қылу» (жерасты бөлмесін) киелі санайды. Ораза айт, Құрбан айт мейрамынан кейін дінге сенушілер бұрыңғыдай Ахмет Ясауи мазарына зиярат етуін тоқтатпайды. Олардың мазарға зиярат етуін тоқтату үшін қандай шаралар қолдануға болатындығын анықтап көріңіз (РФ МА, Р-6991: 41). Нәтижесінде, түркі-ислам ата дәстүрі мен діни дүниетанымының орталығы болып келген мешіт кеңестік сүркия саясаттың негізінде жабылды. Дегенмен, кеңестік қызыл науқан кезеңінде де Қазақстандағы жерасты мешіттері халық арасында сопылықтың кеңінен және табыспен таралуына, діни дәстүрдің сақталуына жағдай жасаған негізгі орталықтар ретінде өзіндік ықпалы болды дей аламыз.

Қорытынды. Бұл зерттеуде кеңестік кезеңде Қазақстандағы мешіттерді жабу және киелі жерлерді қирату арқылы исламға жасалған қарсы саясат пен ресми бақылау, қуғын-сүргінге

талдау жасалды. Халықтың ішіндегі ислам дінінің шын жанашырлары кеңестік билікке қарсы бейбіт қарсыласу жолымен мұсылмандық діни дәстүрін жасырын түрде киелі жерлер мен жерасты мешіттерінде, шайханаларда дінді таратумен ауқымды астыртын қозғалысты жүргізгендігі анықталды. Белгілі сопылық ілімді таратқан шайхтардың ізі қалған киелі жерлердегі ғимараттарды ерікті түрде халықтың күшімен қалпына келтірудің мысалы ретінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа қасиетті орын саналып келген «Қылуы» жерасты мешітінің қилы тарихы негізінде танытуға талпыныс жасалды. Қарапайым халық үшін жерасты мешіттері, киелі жерлер дәстүрлі рухани орталықтарға айналды және кеңестік қатаң қысымға қарамастан ислам дінінің өмір сүруіне де, гүлденуіне де өзіндік септігін тигізді. Осылайша, халық мұсылмандық болмысы мен мәдениетінің өмір сүруін жалғастыра алды.

Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі қаржыландыратын «BR10164268 Қазақстандағы рухани жерасты мешіттерінің тарихы және «Қылуы» жерасты мешітін музейлендіру» жобасын жүзеге асыру аясында орындалды.

Information about the authors:

M.S. Issayev – PhD, Senior lecturer, International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yesevi. Kazakhstan, Turkistan; E-mail: mukhtar.issayev@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-7188-7986>;

S.T. Shametov – Reseacher, Azret Sultan state historical and cultural museum. Kazakhstan, Turkistan. E-mail: shayan65@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7107-3993>;

R.T. Dzhapparova – International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yesevi. Kazakhstan, Turkistan; E-mail: jan-rau@mail.ru <https://orcid.org/0000-0003-4783-2384>.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Абдрасилов Т., Нұрматов Ж., Қалдыбай Қ. Кеңестік кезеңдегі (1922-1991) сопылықтың режимге қарсылығын шолу. (An Examination Of Sufism's Resistance Against The Regime In The Soviet Period (1922-1991). // Түрік мәдениеті және Қажы Бекташ Вели журналы. – 2021. – №98. – Б.65-76.

Ахмадуллин В.А. Политика советского государства по отношению мусульманской религии в 1917-1945 гг.: дисс. ... канд. ист. наук. – Москва, 2002. – 241 с.

Беннигсен А. КСРО-да суфизм: кеңестік деректер библиографиясы. (Sufism in the USSR: A Bibliography of Soviet Sources) // Орта Азиялық зерттеулер, 1983, – №2(4), – Б.81-107.

Беннигсен А. Кеңестік ислам әлеміндегі толқулар. (Unrest in the World of Soviet Islam). // Үшінші дүниежүзілік тоқсандық, – 1988. – №10(2), – Б.770-786.

Бөдеев К.Т., Сактаганова З.Г. Кеңес дәуіріндегі діни ұйымдардың құқықтық жағдайы (XX ғ. 40-шы жылдары. // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». – 2018. – №2(90). – Б. 56-61.

Бруксап М. Горбачевқа дейінгі Орта Азияда ислам. (Islam in Central Asia Since Gorbachev) // Азия істері, – 1987. – №18(3), – Б.283-293.

Декреты Советской власти. – Москва: Госполитиздат, – 1957. – Т.1. – 640 с.

Кеңестік Ресейде бүгінгі ислам діні (Islam today in the Soviet Union). Дайынд. Абдурахман әл-Шешни. – Мюнхен: Библос, 1963. – 347 б.

Келлер Ш. Кеңестік Орта Азияда ислам, 1917-1930: кеңестік саясат және бақылау үшін күрес. (Islam in Soviet Central Asia, 1917–1930: Soviet Policy and the Struggle for Control). // Орта Азиялық зерттеулер, 1992. – №11(1), – Б.25-50.

Кемпер М. Исламның шығу тегі мен таптық сипаты туралы кеңестік дискурс, 1923-1933. (The Soviet Discourse on the Origin and Class Character of Islam, 1923-1933). // Ислам әлемі. – 2009. – №49(1), – Б.1-48.

Кириченко М. Государство и церковь. К истории ленинского декрета // Наука и религия. – 1987. – №4. – С.28-38.

Колларз У. Кеңес Одағында дін (Religion in the Soviet Union). – Лондон: Нью-Йорк, 1961. – 518 б.

Мухтарова Г. Ислам в советском Казахстане (1917-1991 годы): дисс. ... канд. ист. наук. – Уральск, 1998. – 220 с.

Нұртазина Н.Д. Борьба с исламом. Религиозная политика Советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 36 с.

Нурғалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 224 с.

Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФ МА). Р-5263-қ., 1-т., 32-іс, 69-72 п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 348-іс, 30-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 9-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 2-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 2-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 350-іс, 7-п.,

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 350-іс, 289-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 350-іс, 7-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 348-іс, 217-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 349-іс, 18-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 21-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 419-іс, 129-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 132-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 348-іс, 201-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 41-іс, 76-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 132-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 350-іс, 282-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 21-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 415-іс, 41-п.

Садықова А.М. Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясаты (1918-1953 жж.). фил. докт. (PhD) дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. – Алматы, 2015. – 201 б.

Тасар Е. Кеңестік кезеңдегі сопылық: Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Орталық Азияның қоғамдық-саяси ландшафтындағы киелі адамдар мен орындар. (Sufism on the Soviet stage: Holy people and Places in Central Asia's Socio-Political Landscape after World War II) / Орта Азияда сопылық. Ред. Девин Девис, Жо-Анн Гросс. – Boston: Brill. – 2018. – Б.256-283.

Тасмағамбетов А.С. Политика советской власти в Казахстане в отношении ислама в 1917-1940 гг.: дисс. ... канд. ист. наук. – Уральск, 2007. – 281 с.

Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. – Алматы: Атамұра, 2000. – 61 б.

Флетчер У. Орыс ортодоксальды жерасты шіркеулері. 1917-1970. (The Russian Orthodox Church underground. 1917-1970). – Лондон: Оксфорд университеті баспасы, 1971. – 324 б.

Фроуз П. Мен атеист және мұсылманмын: Ислам, коммунизм және идеологиялық бәсеке. (I am an Atheist and a Muslim: Islam, Communism and Ideological Competition // Мемлекет және дін журналы. – 2005. – №47(3), – Б.473-501.

Штриккер Г. Рубландағы дін: тарих пен қазіргі заман туралы. (Religion in Rubland: Darstellung und Daten zu Geschichte und Gegenwart). – Кельн, 1993. – 420 б.

Юнусова А.Б. Ислам в Башкортстане. - Уфа: Уфимский полиграфкомбинат, 1999. – 352 с.

REFERENCES:

Abdrasilov T., Nurmatov Zh., Kaldybay K. An Examination Of Sufism's Resistance Against The Regime In The Soviet Period (1922-1991). // Turk kulturu ve Hacı Bektas Veli arastirma dergisi. – 2021. – №98. – P.65-76.

Ahmadullin V.A. Politika sovetskogo gosudarstva po otnosheniyu musul'manskoj religii v 1917-1945 gg.: diss. ... kand. ist. nauk. – Moskva, 2002. – 241 s. [in Russian].

Bennigsen A. 'Sufism in the USSR: A Bibliography of Soviet Sources' // Central Asian Survey. – 1983, – №2(4), – P.81-107.

Bennigsen A. Unrest in the World of Soviet Islam // Third World Quarterly, – 1988. – №10(2), – P.770-786.

Bodeev K.T., Saktaganova Z.G. Kenes dauirindegi dini ujymdardyn quqyqtyq zhagdajy (XX g. 40-shy zhyldary. // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». – 2018. – №2(90). – B. 56-61 [in Kazakh].

Broxup M. Islam in Central Asia Since Gorbachev // Asian Affairs, 1987. – №18(3), – P.283-293.

- Dekrety Sovetskoj vlasti. – Moskva: Gospolitizdat, 1957. – T.1. – 640 s. [in Russian].
- Fletcher W. The Russian Orthodox Church underground. 1917-1970. – London: Oxford University Press, 1971. – 324 p.
- Froese P. I am an Atheist and a Muslim: Islam, Communism and Ideological Competition // Journal of Church and State. – 2005. – №47(3), – P.473-501.
- Keller Sh. Islam in Soviet Central Asia, 1917–1930: Soviet Policy and the Struggle for Control // Central Asian Survey, – 1992. – №11(1), – P.25-50.
- Kemper M. The Soviet Discourse on the Origin and Class Character of Islam, 1923-1933 // Die Welt des Islams. – 2009. – №49(1), – P.1-48.
- Kirichenko M. Gosudarstvo i cerkov'. K istorii leninskogo dekreta // Nauka i religiya. – 1987. – №4. – S.28-38 [in Russian].
- Kollarz W. Religion in the Soviet Union. – London: New York, 1961. – 518 p.
- Muhtarova G. Islam v sovetskom Kazahstane (1917-1991 gody): diss. ... kand. ist. nauk. – Ural'sk, 1998. – 220 s. [in Russian].
- Nurgaliev A.M. Ocherki po istorii islama v Kazahstane. – Almaty: Dajk-Press, 2005. – 224 s. [in Russian].
- Nurtazina N.D. Bor'ba s islamom. Religioznaya politika Sovetskoj vlasti v Kazahstane v 20-40-e gody XX veka. – Almaty: Qazaq universiteti, 2008. – 36 s. [in Russian].
- Resej Federacijasyrynyn memlekettik arhivi (RF MA). R-5263-q., 1-t., 32-is, 69-72 p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 348-is, 30-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 414-is, 9-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 414-is, 2-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 414-is, 2-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 350-is, 7-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 350-is, 289-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 350-is, 7-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 348-is, 217-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 414-is, 132-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 348-is, 201-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 41-is, 76-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 414-is, 132-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 350-is, 282-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 414-is, 21-p.
- RF MA. R-6991-q., 3-t., 415-is, 41-p.
- Sadykova A.M. Кеңес окиметининг дин саласындагы саясаты (1918-1953 жж.). fil. dokt. (PhD) darezhesin alu ushin dajynd. diss. – Almaty, 2015. – 201 b. [in Kazakh].
- Sovyet Rusya'da Вугънкъ İslamiyet `İslam today in the Soviet Union. Dajynd. Abdurahman әl-SHeshni. – Myunhen: Biblos, 1963. – 347 b. [in Turkish].
- Stricker G. Religion in Rubland: Darstellung und Daten zu Geschichte und Gegenwart. – Koln, 1993. – 420 p.
- Tasar E. Sufism on the Soviet stage: Holy people and Places in Central Asia's Socio-Political Landscape after World War II / Sufism in Central Asia. Ed. by Devin DeWeese, Jo-Ann Gross. – Boston: Brill, 2018. – P.256-283.
- Tasmagambetov A.S. Politika sovetskoj vlasti v Kazahstane v otnashenii islama v 1917-1940 gg.: diss. ... kand. ist. nauk. – Ural'sk, 2007. – 281 s. [in Russian].
- Tuyakbaev M. Turkistan syrlary. – Almaty: Atamura, 2000. – 61 b. [in Kazakh].
- Yunusova A.B. Islam v Bashkortstane. – Ufa: Ufimskij poligrafkombinat, 1999. – 352 s. [in Russian].

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_146-157

FTAMP 03.20.00

«ШЕЖІРЕ-И-ТАРАКИМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АУЫЗША ТАРИХ ДӘСТҮРІ: ДЕРЕКТЕМЕЛІК ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТӘПСІРЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Б.Е. Көмеков¹ , **Ә.М. Ташқараева^{2*}** 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан;

²М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз.

*Автор-корреспондент

E-mail: bkumek@mail.ru (Көмеков), assel_muxtarovna@mail.ru (Ташқараева)

Аңдатпа. Еуразия кеңістігінің ежелгі және орта ғасырлардағы тарихын шежірелер мен ортағасырлық авторлардың жазбалары арқылы зерттеу осы өңірді мекен еткен халықтардың өткен тарихын жан-жақты әрі кеңірек білуге ықпал етеді. Осыған орай, мақалада Хиуа ханы әрі тарихшысы Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасындағы ауызша деректер салыстырмалы түрде талданады. Шығарма деректеріне сәйкес, Адам атаның пайда болуынан XVII ғасырдағы оғыз-түрікмендер тарихына дейінгі халық жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жеткен аңыз-әңгімелер ғылыми тұрғыда сараланып, тәпсірленіп, маңыздылығы анықталады. Сондай-ақ, мақалада ежелгі және ортағасырлық тарихты зерттеудегі аңыз және шежірелік деректердің маңызы қарастырылады. Бұл аңыз-әңгімелер мен шежірелік деректер басқа да ортағасырлық авторлардың мәліметтерімен, халық арасында кеңінен таралған ауызша дәстүр деректерімен салыстырмалы түрде қарастырылады.

Түйін сөздер: Абу-л-ғазидің, шежіре, оғыздар, түрікмендер, деректеме, қолжазба, тайпа, ру, халық.

МРНТИ 03.20.00

УСТНАЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ ТРАДИЦИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ШЕЖИРЕ-И-ТАРАКИМЕ»: ВОПРОСЫ ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКОГО АНАЛИЗА И ИНТЕРПРЕТАЦИИ

Б.Е. Кумеков¹, **Ә.М. Ташқараева^{2*}**

¹Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева. Казахстан, Нур-Султан;

²Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати. Казахстан, Тараз.

*Корреспондирующий автор

E-mail: assel_muxtarovna@mail.ru (Ташқараева), bkumek@mail.ru (Кумеков)

Аннотация. Изучение древней и средневековой истории пространства Евразии по сочинениям и произведениям средневековых авторов способствует более всестороннему и широкому познанию прошлого тюркских народов, населявших эти места. В связи с этим в статье сравнительно анализируются устные данные из произведения Хивинского хана и историка Абу-л-гази «Шежіре-и-таракиме». Согласно данным произведения, устные предания, от появления Адама до истории огузов-туркмен в XVII веке будут научно проанализированы, интерпретированы, а их значение определено. Также в статье рассматривается значение легендарных и генеалогических данных в изучении древней и средневековой истории. Эти легенды и генеалогические данные сопоставимы с данными других средневековых авторов, устными преданиями, широко распространенными в народе.

Ключевые слова: Абу-л-гази, шежире, огузы, туркмены, источник, рукопись, племя, ру, народ.

IRSTI 03.20.00

ORAL HISTORICAL TRADITION IN THE WORK "SHEZHIRE-I-TARAKIM": ISSUES OF SOURCE ANALYSIS AND INTERPRETATION

B. Kumekov¹, A. Tashkarayeva^{2*}

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University. Kazakhstan, Nur-Sultan;

²M.Kh. Dulati Taraz Regional University. Kazakhstan, Taraz.

*Corresponding-author

E-mail: bkumek@mail.ru (Kumekov), assel_muxtarovna@mail.ru (Tashkarayeva)

Annotation. The study of the ancient and medieval history of the Eurasian space based on the writings and works of medieval authors contributes to a more comprehensive and broad knowledge of the past of the Turkic peoples who inhabited these places. In this regard, the article comparatively analyzes oral materials from the work of the Khan of Khiva and the historian Abu'l-Ghazi "Shezhire-i-tarakime". According to the work, oral traditions, from the appearance of Adam to the history of the Oghuz-Turkmen in the XVII century, will be scientifically analyzed, interpreted and their meaning determined. The article also discusses the importance of legendary and genealogical data in the study of ancient and medieval history. These legends and genealogical data are comparable with the data of other medieval authors, oral traditions widely spread among the people.

Key words: Abu-l-ghazi, shezhire, Oguz, Turkmens, source, manuscript, tribe, people.

Кіріспе. Бүгінде Орта Азия мен Қазақстанның ертедегі тарихының негізгі дереккөздеріне айналған ортағасырлық авторлардың еңбектерінің көпшілігі академиялық зерттеу тұрғысында толық ғылыми бағасын алмаған мәселелердің бірі болып саналады. Осыған орай, түркі халықтарының пайда болу, таралу тарихына ортағасырлық еңбектер мен ауызша деректер негізінде талдау жасалынып, шынайы бағасы берілуде. Деректемелік тұрғыда маңызды мәліметтер беретін мұсылман авторларының еңбектері тыңғылықты зерттеліп, нәтижелері тарих ғылымының кейбір сұрақтарында кеңінен пайдаланылуы керек. Бұл аталған еңбектердің теориялық, методологиялық астарын ашу арқылы жан-жақты тұжырым жасау, оған тиісті тарихи, ғылыми баға беру - тарих ғылымының өрісін кеңейте түспек.

Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» еңбегіндегі адамзаттың пайда болу тарихынан өзі өмір сүрген уақыттағы тарихи оқиғаларға дейінгі Еуразия даласындағы түркі халықтарының қалыптасу, бірігу және таралу тарихын жан-жақты қарастыру; ұлттық тарихты зерделеуде Абу-л-ғазидің шығармасындағы мәліметтерге жаңа көзқарас тұрғысынан баға беру.

Материалдар мен әдістер: Зерттеу жұмысында қойылған мәселелерді ғылыми тұрғыдан ашып көрсету үшін тарихилық, объективтілік, сабақтастық, ғылыми таным принциптері басты назарда болды. Ғылыми танымның нақты тарихи-салыстырмалық және тарихи-сараптамалық принципін қолдану арқылы Абу-л-ғазидің шығармасындағы ауызша деректерге талдау жасалып, тарихтың осы кезеңдегі тартысты болып келген сұрақтарын ашуға үмтылыс жасалды. Шығарма авторы қарастырған ерте және орта ғасырлардағы түркі халықтарының этно-саяси тарихы, мәдениеті, шаруашылығы сияқты тақырыпты көтерген ортағасырлық авторлардың шығармалары, ауызша дәстүр деректері, сондай-ақ, отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері зерттеудің теориялық және методологиялық негізін құрады. Зерттеу барысында тарихи салыстырмалық, сараптамалық талдау және басқа әдістемелер қолданылды.

Талқылау. Ежелгі және ортағасырлардағы түркі халықтарының тарихы зерттеушілерді қызықтырып келген күрделі және шешілмеген мәселелердің бірі. Соның ішінде түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуы әлі күнге дейін ғалымдар арасында қызу пікірталас тудырады. Ғылыми

күндылығының жоғары болуына қарамастан, бүгінге дейін «Шежіре-и-таракиме» шығармасына толыққанды тарихнамалық талдау жасалмаған.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың ортасында Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасы мұсылмандық дәстүрмен жазылған көрнекті туындының бірі ретінде ғылыми ортада танымал болды. А. Туманский «Шежіре-и-таракимені» ғылыми әлемге алғашқы болып таныстырып, 1897 жылы орыс тіліне аударып шықты. Оған тиесілі болған шығарма қолжазбасының көшірмесін 1821-1822 ж. Ташкентте Құрбан-келді Ораз Мухаммедұлы жасады (Дмитриева, 2002).

А. Туманский «Шежіре-и-таракименің» тек аудармасын жасаумен шектелді. Еңбекке қатысты қандай да бір зерттеулер, тұжырымдар жасалмады, жазылған жұмысқа пікірін білдірмеді. Кейбір беттері аударылмай, бірқатар мағыналық қателіктер орын алды. А.Г. Туманскийдің аудармасының толыққанды жасалмағандығын оның бір ғана қолжазбамен жұмыс жүргізуімен түсіндіруге болады. Дегенмен, түрікмендердің шығу тарихы әлі зерттеле қоймаған тұста жасалған еңбек күні бүгінге дейін ғылыми маңызын жоғалтқан жоқ (Абуль-гази-Бохадурхан, 1897). А. Туманскийдің аудармасы арқылы «Шежіре-и-таракиме» ғылыми ортада қолжетімді ғана болып қоймай, еңбектің келешекте зерттелуіне, деректерін ғылыми еңбектерде пайдаланылуына жол ашты.

«Шежіре-и-таракиме» шығармасының кеңінен танылып, деректемелік тұрғыда зерттеушілердің қызығушылығын арттыруда түркітанушы-ғалым А.Н. Кононовтың еңбегі мен рөлі маңызды. Көпжылдық еңбегінің нәтижесінде А.Н. Кононов «Шежіре-и-таракимені» орыс тіліне аударып, шығарма мәтінін морфологиялық тұрғыда талдап шықты. Қолжазбаның әр уақытта, әр жерде, көшірілген жеті нұсқасын қарап, тарихи-филологиялық ізденістер нәтижесінде мәтінді бір ізге түсірді және ғылыми негіздегі текстін әзірледі (Кононов, 1958: 30). Шығарма мәтінінің көркемдік ерекшелігі мен стилін, мәліметтің берілу шеберлігін сақтай отырып, аудармасын түсінікті етіп жеткізді. Шығармадағы деректерге түсіндірмелер жазып, есімдердің, географиялық атаулардың, тайпа аттарының, терминдердің тізімін жасады.

Ә.Х. Марғұлан қаңлы тайпасының шығу тарихын зерттеуде «Шежіре-и-таракиме» шығармасының мазмұнын талдай отырып, «қаңқлы», «қаңқа» сөзіне, оның көне түркі тіліндегі «арба» мағынасына назар аударады (Марғұлан, 2012). А.М. Жиреншин «История казахской книги» еңбегінде «Оғыз-наме» дастанын зерттеуде Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракимесінің» үлкен қызығушылық тудыратынын атап өтті (Жиренчин, 1987). Сол секілді, «Огуз-наме» «Махаббат-наме» текстін қазақ тіліне аударған авторлар Ә. Дербісәлі, М. Жармұхамедов, О. Күмісбаев Оғыз туралы тарихи деректердің ішінде Абу-л-ғазидің шығармасын ерекше бағалады. Олар Абу-л-ғазидің еңбегін Рашид ад-диннің «Жами ат-тауарих» шығармасының тікелей, дәлме-дәл көшірмесі деп есептейтін зерттеушілерді сынға алды. Абу-л-ғазидің шығармасындағы оғыздарға қатысты шежірелік деректердің әлдеқайда мол екенін алға тартып, жоғарыдағы тұжырымның негізсіздігін дәлелдейді («Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме», 1986). В.П. Юдиннің XVI-XVII ғғ. ауызша дәстүрге негізделген маңызды еңбектердің қатарында Абу-л-ғазидің оғыз-түркмен тарихына қатысты мәліметтерін атап көрсетті (Юдин, 1992).

Тәуелсіздік жылдарында қазақ халқын құраушы ру-тайпалардың шығу тегіне қатысты зерттеулер жаңаша тұрғыда зерттеле бастады. Ж. Артықбаев ежелгі тарихтың тұлғасы Оғыздың бейнесін тарихиландыруда Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасының деректерін негізге алды (Артықбаев, 2015). Тарихшы М. Алпысбес өз еңбектерінде Абу-л-ғазидің шығармасындағы жекеленген мәселелер бойынша ғылыми салыстырмалық-сараптамалық зерттеу жүргізді. (Алпысбес, 2013). А. Қошымова «VIII-XIII ғасырлардағы Оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында қазақ, әзербайжан, түрікмен, қырғыз, түрік тәрізді түркі халықтарының этногенезіндегі оғыздардың орнын анықтауда Абу-л-ғазидің еңбегін пайдаланды (Қошымова, 2019).

Шығарма деректері бойынша патшалық кезеңде, Кеңес билігі тұсында аталған мәселе төңірегінде көлемді зерттеу жұмыстары жүргізілді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары бұл жұмыс жаңаша көзқараста зерделеніп, өзінің шынайы бағасын алды.

Зерттеу нәтижелері. Абу-л-ғазидің еңбегінде халық даналығы мен дәстүрі, тарихы мен мәдениеті көрініс тапқан, аңыздық сипаттауға да бай. Автор еңбекте деректерді хронологиялық принциппен жазып, тарихи, саяси оқиғаларды тек баяндау күйінде емес, зерттеуші ретінде белгілі бір жүйе бойынша, өзінің пайымдауларын қосып жеткізген. Бұл шығарма Орта Азия халықтарының тарихына қатысты маңызды дереккөзі, сондай-ақ, халықтың ауыздан ауызға жеткен әңгімелерінің, аңыздарының және нақты тарихи оқиғаларының жиынтығы көрініс тапқан мәдени мұра.

Абу-л-ғазидің сөзіне сүйенсек, шығарма халық арасында кең тараған «Оғыз-наме» дастанын қателіктерге толы және мәліметтері бір-бірімен үйлеспейді деп санаған түрікмен молдалары мен шейхтарының өтініштері бойынша жазылған. Әр түрікмен тайпасы өздеріне дейін сақталып келген шежірелерін жақсы білді, алайда жалпы шығу тегінен басталатын шоғырландырылған шежірелері жоқ еді. Яғни, түрікмендердің шығу тегі, дамуы және таралуы туралы ресми басылым қажет екендігі түсінікті еді. Осы жұмысты қолына алған Абу-л-ғазидің еңбектің кіріспесінде «Ендігі кезекте біз Адам атадан бастап бүгінгі уақытқа дейін, яғни 1071 жылға дейінгі түрікмендер мен оларға қосылған, нәтижесінде түрікмен атауын алған тайпалар туралы егжей-тегжейлі сөз етеміз», – деп жазады (Ebulgazi Bahadır Han, 1996: 37).

Адамзат маңызды деп тауып, қағаз бетіне түсіргенге дейінгі тарих, айтулы оқиғалар, әлеуметтік өмір мәселелері, көркем шығармалар ұрпақтан ұрпаққа тек ауызша қалдырылып отырды. Тарихи жазба деректерге дейін халық ауыз шығармашылығының ерте кезеңге тән сипаты аңыздық, эпикалық шығармалар болып табылады. Қазірде құнды дереккөзіне айналып отырған аңыздар, жыр-дастан, шежірелер – халықтың жадында бірнеше ғасыр бойы сақталды.

«Шежіре-и-таракимеде» аңыздық сипатта жеткен, бірақ шынайы негізі бар ауызша деректер өзіне дейін жазылған деректерді пайдалана отырып жазылған. В.В. Бартольд: «Шежіре-и-Таракиме» шығармасын пайдаланғанда сақтықпен қарау керек, себебі Рашид ад-диннің еңбегінен алынған мәліметтерді санамағанда, бұл шығарма ауызша әңгімелерге негізделіп жазылған», – дейді. (Ebul-gazi Bahadır Han, 2011: 584). Оның пікірінше, Абу-л-ғазидің тек ауызша әңгімелер мен аңыздарды негізінде жаза алады, сондықтан оның жазбаларында, әсіресе хронологиялық даталарға қатысты түсініксіздік көп кездеседі. Дегенмен, Абу-л-ғазидің жазған тарихты оған дейін жазылған деректемелермен салыстыра отырып, растауға болады деп түйіндейді (Abulgazy Bahadır han, 2014:75).

Шежіреде ежелгі түркілердің арасында таралған дәстүрге байланысты бірнеше аңыздар берілген. Соның бірі ас әзірлеуде тұзды пайдаланудың шығуы туралы аңыз. Абу-л-ғазидің тұздың күнделікті тұрмыста қолдануды ирандық бірінші падишах Кеюмарстың замандасы Түтек патшамен байланыстырады. Автор ұсынған шежіре бойынша, ол Яфестен тарайтын Түріктің ұлы. Аңыз бойынша, Түтек аң аулап жүріп жабайы ешкіні өлтіреді. Етті отқа қақтап, жей бергенде еті жерге түсіп кетеді. Тұзды жерге түскен ет оған ерекше дәмді болады. Осыдан кейін Түтек ас әзірлеуде тұзды пайдалануды бұйырады (Ebulgazi Bahadır Han, 1996: 39).

Расында, біз адамзаттың тұзды қай уақыттан бастап күнделікті тіршілігінде пайдаланғанын біле алмаймыз. Қазірде ежелгі адамдардың тұздың күнделікті өмірде пайдалануды үйренгендігі жөнінде тек пайымдаулар бар. Дегенмен, бұл сұрақтардың жауабының бірін Абу-л-ғазидің өзінің еңбегінде беріп отыр.

Түркі тілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының ауызша дәстүрінде Оғыз хан бейнесі маңызды орын алады. Абу-л-ғазидің Оғыздың өмірге келуін елден ерек сиқырлы, артық қасиетті ерекше тұлғасын аша түсетін Оғыздың туылуы, үйленуі, батырлық істеріне арналған мәліметтер келтіреді. Түркілік ауызекі деректерде тұлғаның қасиетін ерекшелейтін баланың туылуының айрықша жағдайда болуы және тұлғаның болмысын ашып, тағдырымен байланысты болатын есімінің қойылуы фольклор прозасының жетекші мотивтерінің бірі. Баланың өмірге ғажайып жағдайда келуінің тарихи негізі – мұсылмандыққа дейінгі сенімдер мен мұсылман дінінің негізіндегі рухани әлемде сақталған архаикалық-мифтік түсініктен бастау алады (Әбілғазы, 2011:774). Бұл әсіресе, халық арасында ауыздан ауызға тараған батырлық эпостар, лиро-эпостық жырларда көптеп көрініс тапқан.

Түркі халықтарының фольклорында Ай мен Күннің әсерімен ғажайып нұрдан дүниеге келу мотивтері жиі ұшырасады. Абу-л-ғази жазбасындағы «Қара ханның бәйбішесінен ай мен күннен сұлу ұл туды», - деп, «ай мен күннен сұлу» деген теңеуі де осыдан шығады. «Оғыз-наме» дастанында Оғыз ханның туылуы: «Тағы күндерде бір күн Ай қағанның көзі жарқ етіп ашылып, ер бала туды. Осы ұлдың өңі-шырайы көк еді, ауызы оттай қызыл еді, көздері қызғылт, шаштары, қастары қара еді. Нұрлы періштелерден көріктірек еді» («Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме», 1986:36), - деп сипаттап, анасынан ерекше қасиетті нұрдан жаратылып туған кейіпте келтіріледі. Абу-л-ғази жазбасында Оғыз хан туғаннан кейін анасының түсіне еніп, «мұсылмандықты қабылдасаң ғана сүтінді емемін» деп аян береді. Абу-л-ғази өзі мұсылмандықты берік ұстанған ғалым болғандықтан, Оғыздың туылуына байланысты өз заманына дейін жеткен аңыздардың көп нұсқасының ішінен осы нұсқаны жазған болуы мүмкін.

Абу-л-ғази жазбасына сәйкес, ежелгі түркілік дәстүр бойынша бала жасқа келмейінше есімі қойылмаған. Сол сияқты, Оғыз хан да жасқа келмейінше аты қойылмай, бір жасқа толғанда ұлан-асыр той жасалып, жиылған жұрттың алдында есімін алған. Балаға есімін кеш беру дәстүрін ежелгі эпостар мен ертегілерден де байқауға болады. Бұл ертедегі баланың бір жасқа дейінгі уақытын транзиттік кезең деп санаған түсініктен шыққан. Себебі, бала бұрын дүниеден өткен адамның жалғасы деп сенген. Мысалы, қайтыс болған адамның қырқын береді, сол сияқты баланы қырқынан шығарып, шашы мен тырнағын алады. Қайтыс болған адамның жылын берген секілді, баланы да бір жасқа келгенде тұсауын кесіп, «бала осы өмірге өтті» деп, есімін берген (Балаға есімді бір жасқа толғанда қоятын қазақ дәстүрі қалай ұмытылды). Ислам дінінің енуімен, бұл дәстүр ығысып, бала туысымен азан шақырып ат қою орын алды. Қазақ тарихында бала лақап атпен шақырылып, есімі тек ерлік істерінен кейін ғана аты қойылған мысалдар да бар.

Қара ханның сол кездегі монғолдардың дәстүрі бойынша, бала жасқа толғанда ат қою үшін бүкіл елді жинап, үлкен той жасағанда Оғызға тіл бітіп, өзінің атын өзі жария етеді. Шығарма авторының сөзінше, жиналғандар таңданысын жасыра алмаған. Бұл туралы ел ауызында мына баят сақталған:

«Сол жерде бір жасар бала жүрді

Оның айтқан тілегін бәрі білді:

Менің атым атақты Оғыз болар

Оны білмек баршаңызға парыз болар»,- (Ebulgazi Bahadır Han, 1996:124).

Автор «Оғыз» атауының мағынасына тоқталмайды, кейбір зерттеушілер «оғыз» атауын «оқ» сөзінен шыққан дейді. Профессор Ж. Артықбаев Қазақ шежіресінде Оғыздың аты «Уыз» ретінде аталауын анасының сүтінен бас тартуымен байланыстырады (Артықбаев, 2013).

Сөйлей алмайтын жастағы балаға тіл бітіп, өз атын жариялауы жоғарғы күштердің араласуымен болған құбылыс болып отыр. Осыған ұқсас табиғаттың ерекше құбылысына байланысты немесе әулиелердің айтуы мен түсінде аян беру арқылы есімдердің берілуі тағы бар. «Алпамыс батыр» жырында перзентсіздік зарын кешкен Алпамыстың әке-шешесіне:

«Менің атым Шашты Әзіз,

Қыламын десең ықылас,

Жарылқады Жаратқан,

Ей, бишара, көзіңді аш!

Ұлыңның аты Алпамыс,

Қызыңның аты Қарлығаш,

Атса, мылтық өтпейді,

Шапса, қылыш кеспейді,

Қалмақтармен болар қас»,-

деп дүниеге келер ұл-қызының есімін қойған (Бабалар сөзі: Жүз томдық, 2006:73).

Аты аңызға айналған Қорқыттың да дүниеге келуі ел аузында сақталған аңыздар бойынша елден ерек күйде болған. Анасы босанарда күн тұтылып, дүниеиені қара түнек басып, жауын-шашынды дауыл соққан. Ал, Қорқыт дүниеге келгенде алдыңғы аласапыранның барлығы бірден сейіліп, аспан ашылған. Алай-дүлей болған табиғаттың күдіреті бірден тоқтап, аспан шайдай ашылғанда, жиылған жұрт: «Бұл бала дүниеге жұртты қорқытып келді, есімі Қорқыт болсын»

деседі. Бұл түркі дүниесінің табиғатпен үйлесімде, тығыз қарым-қатынаста болған өмір салтымен де байланысты.

Түркі қоғамында адамзатты айналасындағы табиғатпен тұтас дүние ретінде қабылдап, оларды киелі санаған, аспан денелері мен қоршаған табиғатқа өзінше қасиет беріліп, қадір тұтылған. Оғыздың өзінің балаларының есімдерін Күнхан, Айхан, Жұлдызхан, Көкхан, Таухан, Теңізхан деп табиғат құбылыстарымен байыланыстырып қоюы оларды қадір тұтуының көрінісі еді. «Оғыз-наме» дастанында: «Тағы күндерде бір күн Оғыз қаған бір жерде төңірге жалбарынды. Қараңғылық түсті. Көктен бір көк жарқ түсті. Күннен аян, айдан көгілдірек еді. Оғыз қаған оған келіп көрді. Осы жарықтың арасында бір қыз бар еді, жалғыз отырар еді» («Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме», 1986: 38),- деп, Көктен түскен қызға үйленгені айтылады. Бұл қыз үш ер бала босанып, Оғыз есімдерін Күн, Ай, Жұлдыз деп қояды. Кіші үш баласы «ағаштың қауашағынан» шыққан қыздан туған: «Бір күні Оғыз қаған аңға кетті. Бір көл ортасынан алдынан бір ағаш көрді. Бұл ағаштың қауашағында бір қыз бар еді, жалғыз отырар еді, төл буаз болды, күндерден соң, түндерден соң, босанып, үш ер бала туды. Біріншісіне Көк, екіншісіне Тау, үшіншісіне Теңіз деп ат қойды». Дастан сюжетіндегі Оғыздың Күн нұрынан жаратылуы, оның көктен түскен нұр сәулелі қызға үйленуі, күн нұрымен келіп, Оғыз қағанды жеңістен жеңіске бастаған көк бөрі туралы аңыздар Абу-л-ғазидің шығармасында жоқ. Оның мәліметі анағұрлым шынайы: әкесі Қара ханның жалғыз мұрагері, шапқыншылық жорықтарында жеңіске өзінің батылдығы мен табандылығының, тапқырлығының арқасында жетіп отырды. Сондай-ақ, «көктен түскен», «ағаш қауашағынан шыққан» қызға емес, әкесінің інілерінің қыздарына үйленген. Әкесі алып берген Көрхан мен Қырханның қыздарына «мұсылмандықты қабылда» деген шартынан бас тартқаны үшін қосылмады. Тек, мұсылмандықты қабылдаған үшінші қызды қабылдады. Жоғарыда аталған алты ұлы осы қыздан туған.

Оғыз хан тағына отырғаннан кейін жан-жақты шапқыншылық жорықтарын жүргізеді. Абу-л-ғазидің Оғыздың жаулаушылық жорықтарын рет-ретімен, жүйелі түрде және нақты деректермен жеткізген. Ол Оғыз ханның алғашқы жеңіспен аяқталған жорығы татарларға бағытталғанын, осы кезден бастап 72 жыл бойы шыққан тегінің бір екеніне қарамастан монғол және татарлармен соғыс жүргізіп, 73-жылы өзіне түбегейлі бағындырып, ислам дінін орнатқанын жазады (Кононов, 1958:43). Рашид-ад-дин де Оғыздың өзіне қарсы шыққан басқа тайпалармен 75 жыл соғыс жүргізіп, ақырында жеңгендігін жазады (Фазлаллах Рашид ад-Дин, 1887: 16). Абу-л-ғазидің жазған шежіредегі деректерге сәйкес, Оғыз хан Жүржіт, Хатай және Таңғұт, Қарақытайларды өзіне қаратты. Бұл кезде Хатайдың арғы бетінде, теңіздің жағалауындағы кішігірім тауларда бірнеше тайпалар өмір сүрген еді. Бұл тайпалардың басшысы Ит-Барақ хан еді. Оғыз хан Ит-Барақ ханмен соғысып, жеңіліске ұшырайды. Тек он жеті жылдан кейін жаңа күшпен келіп, Ит-Барақты өлтіріп, әскерін талқандайды, өз еркімен мұсылман болғандарға тиіспей, қалғанын тұтқынға алады (Кононов, 1958:43-45).

Шежіре дерегіне сәйкес, Оғыз хан өзіне қараған татарлар мен монғолдардан әскерінің қатарын көбейтіп, Хатай, Жүржіт, Таңғұт, Қара-Хатай жерлерін алып, Ит-Барақпен күресте жеңіске жетті. Одан әрі балаларымен бірге Сайрам, Ташкент, Түркістан, Әндіжан, Самарқанд, одан әрі Бұқар, Балх және Гор уәләйятын, Кабул және Ғазнинді, Кашмирді жаулап, даруғалар тағайындады. Бұдан кейін еліне оралып, келесі жылы Иранға аттанды. Хорасанды алған соң, Әзербайжан, Әрмения, Шам, Мысырды алды. Алған жерлерінің барлығына даруғалар тағайындап, еліне оралды (Кононов, 1958:45-48). Абу-л-ғазидің қысқаша келтірген бұл мәліметтері Рашид ад-Диннің «Оғыз-намедегі» мәліметтеріне ұқсас, алайда Рашид ад-Дин Оғыз ханның әлемді жаулауға арнаған жорықтарына он төрт бөлімін арнап, толығырақ мәлімет береді. Ол Оғыздың Мысырды жаулаған соң одан әрі бірнеше қалалар мен елдерді, оның ішінде франк, рум елдерін де жаулап, өздеріне алым-салық төлеткенін жазып қалдырған (Фазлаллах Рашид ад-Дин, 1887: 11-31). Ал, «Оғыз-намеде» Оғыздың жорығы қиял-ғажайып пен шынайы оқиғасы аралас түрде берілген. Оның ең алғашқы ерлігі жігіт болған шағында елдің тыныштығын бұзған алып мүйізтұмсықты өлтіргенде көрінеді Одан әрі өзіне бағынбаған елдерге жорыққа шығып, бірінен соң бірін жаулайды. Осы жорықтарында оған арлан бөрі жол көрсетеді («Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме», 1986: 39).

Абу-л-ғазиз шығармада Оғыз қағанның жорық үстінде өз қарамағындағы бектерге, олардың ерлік істері мен алғырлық-тапқырлығына, шеберлігіне, тіпті кескін-келбетіне қарай кейін тұтас тайпа атауына айналған лақап ат қоюы, сондай-ақ, жаңа туған нәрестеге ат қою дәстүрі де тартымды баяндалады. Қаңлы, қыпшақ, ұйғыр, қалаш сынды ру-тайпалардың шығуын этимологиялық тұрғыдан түсіндіретін аңыздар бар.

Қазіргі таңда қазақ халқын құраушы тайпалар атауының этимологиясы туралы біржақты емес түрлі пікірлер мен тұжырымдар бар. Дей тұрғанмен, тамырын тереңнен алатын халықтың, оны құраушы ру-тайпалардың күрделі де қайшылықты мәселелерге толы болып келуі заңды құбылыс. Түркі халықтарының, кейіннен қазақ халқының ұлт ретінде тарихи сахнаға шығып, халық болып ұйысуында елеулі рөл атқарған тайпалар тарихының өзегін Оғыз заманынан іздеу орынды. Оғыздар көптеген түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуына өз ықпалын тигізді. Соның ішінде қазақ халқының құрамындағы тайпаларды Оғыз қағанның ықпалымен пайда болғандығын дәйектейтін аңыздар да бар.

Абу-л-ғазиз шежіреде қаңлы тайпасының шығуы Оғыз ханның татарларға жеңісті жорығында мол олжаны артып әкелетін арба ойлап тапқан шеберге байланысты қойылған деген аңызды келтіреді. Арбаның «қаңқ, қаңқ» деп шығарған даусына қарап, шеберді «қаңқлы» деп атап, барлық қаңлы елі осы кісіден тараған дейді: «Бұл жорықта оғыз әскері жеңіске жетіп, үлкен олжаға кенелді, алайда оны арту үшін ат көлігі жетпеді. Әскердің ішінде шебер адам бар еді, ол ат арба жасады. Оған қарап барлығы да арба жасап, мол олжаны артып әкетті. Бұл уақытқа дейін арба да, арба атауы да жоқ еді, сондықтан арбаның шығарған даусына қарап «қаңқ» деп атады. Ал оны жасаған адамды «қаңқлы» деп атады. Барлық қаңқлы тайпасы осы адамның ұрпағы» (Кононов, 1958:43).

Абу-л-ғазизге дейін жазылған Рашид-ад-диннің мәліметінше, қаңлы атауы Оғыздың Дербентке жорыққа шыққанда соғыстан түскен олжасын еліне жеткізу үшін тағайындалған адамдарға берілген лақап аты. Оғыз басында Бармақлық Жосун Білік деген кісімен жүздеген шабандозды арбаға (қаңқлы) отырғызып, өзінің жеке белгісі ретінде екі алтын ұшты жебе мен садақ береді. Бұл белгі берілген адамдарға кез келген жерде қызмет пен құрмет көрсетілуі тиіс болған (Фазлаллах Рашид ад-Дин, 1887: 20). Оғыз хан туралы деректердің ең көнесі саналатын, ауызша үлгіде жеткен «Оғыз-наме» дастанында Жүржіт елімен соғыстан түскен есепсіз көп олжа, жиһаз-мүліктерді артатын арба ойлап тапқан шеберді «Қаңғалық» деп атағаны жазылған: «Ұрыстан соң оғыз қағанның шеруіне, нөкерлеріне, халқына соншама көп жансыз олжа-мүлік түсті, жүкті тиеуге, тасуға ат, қашыр, өгіз аздық етті. Сонда Оғыз қағанның шеруінде үздік жақсы бір шебер кісі бар еді. Оның аты Бармақлық Жосун Білік еді. Бұл шебер бір қаңға (арба) шапты. Қаңға үстіне жансыз олжаны тиеді, қаңғаның алдына тірі олжаны тиеді, қаңғаның алдына тірі олжаны жегіп, тартып кете барды. Нөкерлердің, халықтың бәрі мұны көріп, таздетіп, тағы қаңға шапты (жасады). Мұндай қаңға жүргенде «қаңға, қаңға» деп дыбыстап бара жатушы еді. Соның үшін оларға «қаңға» деп ат қойды. Оғыз қаған қаңғаларды көрді де күліп айтты: қаңға, қаңғамен өлі олжаны тірілер алып жүрсін. Саған Қаңғалық аты беріліп, Қаңға аты сақталсын-деп кетті» («Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме», 1986: 45). Қазақ арасында «Қаңлыдан ұл туса – ағашқа күн туады», «Қаңлыдан ұл туса, ормандағы ағаш сынсыды» деген мақал сөздер түбірін осы аңыздардан алса керек.

Осыған ұқсас этимологиялық тұрғыдағы түсіндірме қыпшақ тайпасына байланысты аңызда айтылады. Бір жорықта Оғыздың бектерінің бірінің әйелі шіріген бір үлкен ағаштың қуысында босанады. Әкесі жорықта қайтыс болғандықтан, есімін Қыпшақ қойып, өз тәрбиесіне алады. Шығарма авторы: «Түркі тілінде іші қуыс ағашты қыпшақ дер еді. Бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын Қыпшақ қоюы содан еді. Бұл кезде іші қуыс ағашты шыпшақ дейді. Қара халық тілі келмегендіктен к-нің орнына ш-айтып кеткен», - деп түсіндіреді. Абу-л-ғазиз бұл деректің негізін Рашид-ад-диннің жазбаларынан алған болуы керек, алайда Рашид-ад-дин қыпшақтың ағаштың қуысында туылғаны мен Оғыздың ат қоюын ғана атап өткен (Фазлаллах Рашид ад-Дин, 1887: 18-19), «Оғыз-наме» дастанында Еділ өзенінен әскерін ағаштан сал жасап, аман-есен өткізіп бергені үшін Ұлық Орда бек атты кісіге Қыпшақ деген лақап ат қойылғандығы

жазылған («Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме», 1986: 42). Бір қызығы, бұл жерде де Қыпшақ есімі ағашқа қатысты аңызбен байланысты болып отыр.

Абу-л-ғази жоғарыда аталған этнонимдерден басқа да халықтардың шығуын Оғыз ханмен байланыстырады. Мысалы, «үйғыр» атауының шығуы туралы шежіреде: «Оғыздың әкесі Қара хан баласының мұсылман екенін біліп қойып, оның көзін жоюға бел буды. Бұл туралы білген Оғыз хан өзіне еретін адамдар болса келуін айтып, елге кісі жібереді. Сонда Қара ханның інілерінің ұлдары Оғыздың жанына келді. Оларды Қара ханнан айырылар деп ешкім ойламап еді, сондықтан Оғыз хан оларға «үйғыр» деген ат берді», - дей келе автор: «Үйғыр – түркі сөзі, мағынасы «қосылу», «жабысу» дегенді білдіреді», – деген мәліметті өзінің түсіндірмесімен бірге жазады (Кононов, 1958:42).

Қалаш тайпасының атауының шығуы туралы аңызда Абу-л-ғази «қал аш», яғни «ашығып қал» сөзімен байланыстырады (Кононов, 1958:46), Абу-л-ғази шежіреде қалаш тайпасынан шыққан Бахтияр Мұхаммед есімді жігіттің Дели қаласының падишахы Құтб-ад-диннің нөкері, кейінірек бек болғаны туралы жазған. Бұл кезде Үндістан жеке елдерден құралған еді, Мұхаммед Құтб-ад-диннің жіберуімен Кашмирдің жанындағы Бехарды алды. Одан әрі Лекмир, Лектуни елдерін алды. Өзі таққа отырып, Лектуниді астанасы етті, өз атынан тиын соқтырып, құтпа оқытты. Оған қалаш елінің 10 мың адамы келіп қосылады (Кононов, 1958:46). Біраз уақыт өткен соң Мұхаммед Бахтияр Тибетке жорыққа аттанып, қайтыс болады. Қалаш елі жиылып, Ширан есімді адамды таққа отырғызады. Шираннан кейін Мердан есімді қалаш тайпасының өкілі таққа келді. Шежіреде оның мықты мерген болғанымен, ақылы аз билеуші зұлымдыққа салынып, жазықсыз адамдарды өлтіре бастағаны жайында және осы себепті қалаш халқы кеңес құрып, Мерданды өлтіргені жазылған. Одан әрі Эвез есімді адам таққа отырып, билігі 12 жылға созылады. Ол қайтыс болған соң, билік басқаларға өтеді. Сонымен, Абу-л-ғази қалаштардың билігі небәрі 54 жылға созылған деп қорытады (Кононов, 1958:47).

Абу-л-ғази қарлық тайпасының шығуын Оғыздың Гур тауларында қалың жауған қардан жүруі қиындап, әскерге ілесе алмай кешігіп жеткен бірнеше адамға берген «қарлық» атауынан шықты деген аңызбен байланыстырады. Шежіреде үсті-бастарын қар басқан түрлеріне қарап қойғылған «қарлық» атауы барлық қарлық тайпасының аталары делінген. (Кононов, 1958:45). «Оғыз-наме» дастаны бойынша да Мұзтауға қашып кеткен сүйікті шұбар атты ерлік көрсетіп алып келген бір бекке үсті-басын ақ қырау сүңгі басқан сұсты түріне қарап, «Қаһарлық» деп ат берілген (Фазлаллах Рашид ад-Дин, 1887: 43). Аңыздардың берілуі әр түрлі болғанымен, Абу-л-ғазидің мәліметі мен дастандағы жазба қармен байланысты шығып тұр. Абу-л-ғази жоғарыда айтылған қаңлы, қыпшақ, қарлық, қалаш тайпаларына Оғыздың тегінен тарамайтынын, алайда Оғыздың оларға ат беріп, сансыз олжа мен байлықты қанжығасына байлаған жорықтарынан кейін жасаған ұлы тойда бұл тайпалар болғандықтан, олардың да атын атауды жөн көрдім дейді.

Шығармада тарихи аңыздар мен жырларда жиі кездесетін ауызбіршілік, сыйластық, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету сияқты ұстанымдары қамтылатын мәліметтер бар. Оғыз батысқа, шығысқа, күнгейге жасаған олжалы жорықтарынан кейін ұлы той жасайды. Алты ұлы мен бектеріне өсиет айтып, шаһарлар мен жерлерді жасаған ерліктері мен орындарына қарай үлестірді. Абу-л-ғази келтірген аңыз бойынша, осы тойдан біраз бұрын Оғыз нөкерлерінің біріне алтын садақты күн шығыс жаққа, үш алтын жебені күн батыс жаққа жасыртқызып, үш үлкен ұлын шығысқа, үш кіші ұлын батысқа барып, аңшылық құрып келіндер деп жұмсайды. Біраз күннен соң Оғыздың үш үлкен ұлы алтын садақ, үш кіші ұлы үш алтын жебемен бірге мол аңшылық олжаны хан әкелеріне тарту етеді. Оғыз садақ пен жебенің табылуын жақсыға жорып, ұлдарына береді. Үш үлкен ұлы садақты өзара бірдей етіп бөліп алады, ал кіші үш ұлы бір-бір жебеден алады. Оғыз садақты өзара теңдей етіп бөліскен үш үлкен ұлына «боз оқ», үш кіші ұлына «үш оқ» деп, екі қанатқа бөліп, әкімшілік басқарудың негізін салды. Ұлдарына өзара жастарына қарай бір-бірін сыйлауды, құрметтеуді міндеттеп, тапсырды. «Садақ қай жаққа тарса, жебе сонда ұшады», өзінен кейін хан тағына Күнхан отырсын, одан кейін бозоқ нәсілінен хан сайлансын, ақырет күні жеткенше солай болсын деп өсиет еткен. Жора бойынша, садақ әмірші, ал жебе атқарушы есептелініп, үш оқ тайпалары боз оқ тайпаларына жол беруі тиіс болған.

Рашид-ад-дин бұл аңыздың өзге нұсқасын ұсынған. Оғыздың балалары садақ пен жебені кездейсоқ тауып алып, әкелеріне өзара үлестіру үшін алып келеді. Оғыз садақты теңдей үшке бөліп, үш үлкен ұлына, жебені бір бірден кіші үш ұлына таратып береді. Бұл аңыздың түпкі мағынасы үлкеннің жолы, биліктегі бөлініс сынды мәселелерді қозғайды.

Түркі халықтарында кеңінен тараған салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бір мезетте пайда болған жоқ, ол ережелер ұрпақтан ұрпаққа өтіп, уақыт сынынан өткен дағдылар. Ұлттық салт пен дәстүр ұлт болып ұйысқаннан бастау алғанымен, өзегі тереңде. Бұған ел аузындағы аңыз-әңгімелер куә. Бүгінде қазақ халқының дастархан айналасындағы дәстүрлері, жолы мен жасына, атағы мен дәрежесіне қарай дастарханның оңы мен солына отыру ережесі, табақ тарту дәстүрі оғыз заманынан бастау алған. Әкесінің өсиетімен хан тағына отырып, салып кеткен ізін жалғастырған Күн хан осы ережелердің негізін салып кеткен.

Қазақта төрге негізінен қолына билік ұстаған ел басы, ел ағасы, төрелік айтушы ақсақалдар, жасы үлкендер отырған. Абу-л-ғазидің келтірген аңыз бойынша, Күн хан өзінің және інілерінің балаларына шатырдағы тиесілі орындарын үлестіргенде Алтын шатырдың төріне өзі отырып, уәзірі Еркіл қожаны қасына алған. Қазақтың табақ тарту дәстүріндегі құрметті, сыйлы кісілерге тартылатын «Бас табақ» кәделі табағына бас, жамбас, ортан-жілік, белдеме, сүбе қабырға, қойдың ұлтабары салынады. Аңыз дерегіне сәйкес, Күн хан отырған алтын шатырға ұсынылған «Бас табаққа» да қойдың басын, арқасын, жамбасы мен қабырғасын салып ұсынған. (Кононов, 1958:51).

Күн хан інілерін, өзінің және інілерінің балаларын да нөкерлерімен тиесілі орындарына жайғастырып, кәделі жіліктерін үйлестірген. Бұл шатырларға Оғыздан тарамайтын, алайда олармен біте-қайнасып өмір сүрген ру-тайпаға шатырлардан тиесілі орын берілді. Қанша қой сойылса да, осы кәделі мүше тарту жоралғысы сақталынсын, балалары мен нөкерлерімен бірге өздеріне тиесіліні алып жесін деп өсиет айтты.

Күн хан мен інілері, балалары, бектер мен ақсақалдар, оғыз елінің игі жақсылары өздерінің атын жазып, келешекке өсиет қалдырған. Күн ханның қазынасында сақтаған бұл өсиеттің үшінші бөлімінде: «Хан тағына тек Оғыздың боз оқ балаларынан отырсын, бір билікке екі хан сайланбасын. Бір хан болса – ел өркендейді, екі хан болса – құлдырайды», - деп өздеріне дейінгі даналардың «Бір қынапқа екі қылыш сыймайды, екі күйеу бір әйелді ала алмайды, бір ордада екі басшыға орын жоқ» деген өсиет сөздерін келтіреді. Түркі халқы бір билікке екі ханның келуін жаман ырымға санаған. Бұл сөздермен мағыналас келетін қазақ халқында кеңінен қолданылатын «Екі қылыш бір қынапқа сыймайды», «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас», «Би екеу болса, дау төртеу», өзбектің «Екі бас бір қазанда қайнамайды», түріктің «Екі арыстан бір торға сыймас» деген сияқты мақал-мәтелдері түбі бір түркі халықтарының ортақ тарихының куәсі іспеттес.

Оғыздың хандық таққа боз оқ өкілінен сайлансын деген өсиеті алғашқыда орындалып отырды. Абу-л-ғазидің шежіресіне Қайы ұрпағынан хан болған Кузы-Йавыға дейін апарып, алшақтығы мыңжылдықтарға созылған уақыттан кейін Қорқыт заманында билік еткен Инал-Йавы ханның боз оқтан тарайтын қайы тайпасының өкілі екенін жазады, одан кейінгі билікке келушілер тақты әкеден мұралап отырды. Шежіре дерегіне сәйкес, оғыздар шығысында Ыстық көл мен Алмалыққа дейін, оңтүстігінде – Сайрам мен Қазығұрт тауына дейін, батысында Сыр бойындағы Янгикент пен Қара-құмға дейін созылды және осы мекенде олар мындаған жылдар бойы өмір сүрді. Абу-л-ғазидің: «Бечене ұрпағы өздерінен хан сайлап, салорлықтармен шайқасқа түсіп отырды. Олар үнемі бір біріне шабуыл жасап отырды. Бес-алты ұрпаққа дейін екі тайпа арасында араздық болды» деген жазбаларынан, Оғыздың өсиет жоралғысының келе-келе дәстүрлік жалғасытығын бұзады. Түркі заманындағы ежелден қалыптасқан үлкенді құрмет түту, сөзін екі етпеу, айтылған өсиеттен ақтық деміне жеткенше аттамау сияқты жоралғылар күші бар заңнан артық орындалатын болған. Дегенмен де, билікке талас, шапқыншылық соғыстар сияқты себептерден билікке үш оқ өкілдері де араласып отырды.

Абу-л-ғазидің жазбаларындағы халықтың ауыз әдебиетінде ғасырлар бойы айтылып келген аңыздар мен жырлар негізінде қалыптасқан Қорқыт ата мен оның заманындағы тарихи оқиғалар туралы мәліметтер үлкен қызығушылық тудырады. В. Жирмунский Абу-л-ғазидің еңбегінде Қорқыттың бейнесі ғажайып элементтен айырылып, нақтылы тарихи тұлға ретінде берілгенін

атап өткен (Фазлаллах Рашид ад-Дин, 1887: 540). Дегенмен, Абу-л-ғазидің Қорқыттың 295 жыл өмір сүргендігі туралы мәліметі аңыздық сипатқа ұқсайды. Шығармадағы бүкіл халықтың Қорқыттан ақыл сұрауы, хандарға ақылшы болуы, үлкен тойларда шатырдағы төрде отыруы, бүкіл елдің оның сөзінен аспауы сияқты жазбалардан Қорқыттың бұл патшалықтағы басты тұлға болғанын аңғаруға болады (Кононов, 1958:59).

Шығармада Қорқыт дана-ақылшы ретінде, парасатты уәзір ретінде сипатталып, жеке қасиеті мен тіршілігіне қарап лақап ат қоюы, жаңа туған нәрестеге орын алған оқиғаға байланысты даналықпен ат қоюы тартымды баяндалады. Қорқыт уәзірі болған Дүйлі-Қайы хан қайтыс болғаннан кейін әйелдерінің бірі босанады. Мұрагердің туылу құрметіне ұлан-асыр той жасалып, жиылған жұрт Қорқыттан балаға ат қоюын сұрайды. Сонда, Қорқыт балаға «Тұман» деген ат береді. Оның мағынасын сұрағанда, ол: «Бұдан асқан лайықты есім жоқ, Дүйлі-Қайы өмірден өткенде даланы тұман тұтып, қараңғылық орнап еді. Бұл бала тұманда туды, сол себепті есімі тұман болсын. Екіншіден, сәбиге бақытты ғұмыр болсын деген ниетпен есімін Тұман қойдым, себебі тұман ұзақ тұрақтамайды, аз уақыттан соң сейіледі. Тұманнан кейін жарық күннің шықпауы мүмкін емес. Ұзақ тұрақтамайтын тұман бұл баланың балалық шағы болса, есейген кезі шуақты күнге ұқсасын, әкесінің тағына отырсын», – деп сөзін түйіндейді (Кононов, 1958:58)

Дүйлі-Қайының Еркін есімді жақын туысы бар еді, сол Дүйлі-Қайы қайтыс болғанда жерлеу рәсімін ұйымдастырып, кейін оның мұрагері туылғанда ұлан-асыр той жасап еді. Сонда Қорқыт ата бастаған халық Еркінге: Сен бір ай бойы той тойлаттың, алайда тағамың таусылмады. Хауыздағы қымызың мен айраның көлдегі судан көп болды. Енді, бүгіннен бастап сені «Көл-Еркін» деп атаймыз» (Кононов, 1958:58),- дейді. Осы кезден бастап оны жұрт Көл-Еркін атап кеткен. Көл-Еркін Дүйлі-қайының баласы Тұман өте жас болғандықтан, бала өскенге хан тағына отырып, билік етті. Тұман жігіт болып, хан тағына отыруға жараған шақта, Көл-Еркін халықты жиып, хан тағын Тұманға беруді шешеді. Жиылған халық Қорқытқа: «Хан мен бүкіл оғыз елінің тағдыры сенің қолыңда, қалай дұрыс деп тапсаң, солай шеш», - деп ақыл сұрайды. Сонда Қорқыт Тұманға таққа отыруға ерте екенін айтып, тағы біраз күту керектігін айтады. Кейінірек Қорқыт Көл-Еркін мен Тұманмен ақылдасып, Тұманды Көл-Еркіннің қызына үйлендіреді. Ұл туылып, есімін Йавлы қойды. Йавлы батыл әрі айбынды жігіт болып өседі. Бір күні өзі қатарлас жігітпен төбелесіп, желкесінен қызғанмен ұрып өлтіріп қояды. Осы кезден бастап оны «Қанлы-Йавлы» атайды.

Қанлы-Йавлы нағашы атасы Көл-Еркінге: «Сен отырған тақ менің атам Дүйлі-Қайыға тиесілі. Осыған дейін әкемді жас деп, тақта өзің отырып келдің. Енді неге тақты қайтармайсың?», - дейді. Көл-Еркін тақты қайтармақ болып, халықты жиып, той жасайды. Қорқыт таққа Тұман емес, Қанлы-Йавлы отырсын деген шешімге келген. Көл-Еркін жиен немересіне қарап: «Балам, «қыздан туғандардан достық күтпе» деген бурынғылар айтып кеткен сөзді жоққа шығармадың», - дейді. Бұл сөз халық арасында кең тараған «Жиен ел болмас», «Жиен назары күшті», «Жиен келді дегенше, жеті бөрі келді де» деген сияқты мақалдардың өзегі болуы мүмкін.

Қазақтың ауыз әдебиетінде қаһармандық жырлардың алатын орны ерекше. Халық арасында кең тараған Алпамыс жыры тек қазақта емес, түркі тілдес елдердің көпшілігінде бар. Абу-л-ғазидің Оғыз елінен бек болған қыздар туралы жазғанда, Алпамыстың қалыңдығы Гүлбаршын туралы: «Қармыш байдың қызы және Мамыш бектің әйелі Баршын-Салор, оның кесенесі Сырдың бойында және халық арасында кеңінен танымал. Өзбектер оны Көк кесене деп атап кеткен», - деп жазды. Абу-л-ғазидің өзі атап өткендей, бұл деректі халықтың жады арқылы жалғасқан көнекөз қариялардан жазып алған. Бұл мәлімет қазақ арасында кең тараған «Алпамыс батыр» жырының нұсқаларында кездеспейтін дерек. «Алпамыс батыр» жырында Гүлбаршын образы жырдың басты кейіпкерінің сүйеніші, тірегі, тілекшісі болған нәзік әйел ретінде берілген. Алпамыс батыр жырының нұсқаларында Гүлбаршын ақылдылығымен, сұлулығымен аты шыққан қыз ретінде баяндалады. «Алпамыс батыр» жырының К. Серғазыұлы жазған нұсқасында: «Алпамыс он бірден он екіге шыққан соң әкесі оған қыз іздейді. Үйсін деген елден Күлбаршын деген бір қыздың атағы шықты. Байбөрі сол қызды қалай да болса Алпамысқа алып бермек ойы болады», – дейді (Фазлаллах Рашид ад-Дин, 1887: 303). Түркі халықтарының фольклоры мен эпостарын зерттеуші В.Жирмунский Абу-л-ғазидің еңбегіндегі Алпамыс батыр мен оның қалыңдығы Баршын

(Гүлбаршын) туралы мәліметтерінің маңыздылығын атап көрсетті (Жирмунский, 1951:95). Сондай-ақ, қазақ жырларындағы басты кейіпкерді қаһармандық істерге апаратын қорғансыз қыздың образына мүлдем кереғар сипаттауларды келтіреді: «Өзбек эпосында (Фазил Юлдашевтің нұсқасы) Баршын - «әр иығы 15 қарым» болатын батыр қыз. Қалмақтың батыры Кукамон оны күшпен алмақ болғанда, Баршын оны алқымынан алып, ауаға лақтырды. Оны жерге құлатып, кеудесін тізесімен басқанда қалмақтың мұрны мен аузынан қан шашырады», - деп Гүлбаршынның батырлық тұлғасын сипаттайды (Жирмунский, 1974: 40).

Қорытындылай келе, халық жадында сақталған деректерді хатқа түсіріп, жазып кеткен ортағасырлық авторлардың еңбегі түркілік төл жазба мәдениетінің айғағы екендігіндігіне тағы баса назар аударғымыз келеді. Еуразия кеңістігінде өмір сүрген халықтардың тарихынан, таралуынан және тыныс-тіршілігі мен әдет-ғұрпын жаңаша көзқараста жазуда Абу-л-ғазидің «Шежіре-и-таракиме» шығармасының маңызы жоғары. Оның еңбегіндегі аңыздық деректері Тұран даласында кең тараған түркі тайпаларының негізгі этно-саяси тарихы, мәдениеті, шаруашылығы, әдет-ғұрпы, өмір дағдыларынан мол мағлұмат береді.

Information about the authors:

B. Kumekov – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University named after. Kazakhstan, Nur-Sultan; E-mail: bkumek@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2832-6072>;

A. Tashkarayeva – Candidate of Historical Sciences. M.Kh. Dulati Taraz Regional University. Kazakhstan, Taraz. E-mail: assel_muxtarovna@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1349-1502>.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Дмитриева Л.В. Каталог тюркских рукописей Института востоковедения Российской академии наук. – М.: Вост. лит., 2002. – 616 с.

Абуль-гази-Бохадур-хан. Родословная туркмен/ пер. А. Туманского, – Асхабад: паровая тип. К.М. Федорова, 1897. – 74 с.

Кононов А.Н. Родословная туркмен: сочинение Абу-л-Гази хана хивинского. – М.; Л.: Издательство АН СССР, 1958. – 285 с.

Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы: Алатау, 2012. – Т. 12. – 576 б.

Жиренчин А.М. История казахской книги. – Алма-ата: Қазақстан, 1987. – 144 с.

«Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме» / ред.Ә. Дербісәлі, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев. – Алматы: Ғылым, 1986. – 208 б.

Юдин В.П. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. – Алма-Ата: Ғылым, 1992. – 296 с.

